Ұсақ жазудағы сақтың үш тайпасы аты шыққаннан соң ірі жазудағы бұрын оқылған *Біз* тайпа атауы неге жалғыз аталады, оның жанында туыс екі тайпа атауы болуы міндетті деген оймен алғашқы үш таңба О.В. Медведев пен З. Үйсінбаевтың (З. Жекейұлы) фототүсірілімдерін салыстыра отырыш зерттелді. О.В. Медведев фототүсірілімінде екінші нөмірдегі z 3 таңбасынан кейінгі бұрынғы суретте (Курган Иссык) L осылай түсірілген, біз ел<sup>1</sup> деп

окыған таңбандың  $\Psi$  екі үшінда да жаңадан байқалған таңбалық элементтер бары анық байқалды. Бірақ мұнда біз кейін жуан ерін буын таңбасы деп оқыған ҮҮЛ<sup>4</sup> таңбасының беліндегі сзықта көрінбей қалған. Дегенмен ол жарықтың түсірілу әсерінен екені белгілі болғандықтан, ол сзықты бар деп есептейміз. Бұл таңба біз бұрын Чың, кейін Ч<sup>4</sup>ЧУН<sup>4</sup> деп оқыған 5- ші таңбамен ұқсас екені анық көрініп түрді. Жоғарыдағы үш ашаның оргаңы сзығының үшінда У ОҚ<sup>4</sup> таңбасының бұрыш белгісі анық көрініп түр. Олай болса, бұл ІІЗТ<sup>4</sup>ЧУФ<sup>4</sup> тайпа есімінен кейін жазылған ОЧ<sup>4</sup>ОҚ<sup>4</sup> тайпа есімі екені айқын. Мүмкін бұл сөз де ОЧ<sup>4</sup>ОҚ<sup>4</sup>Т<sup>4</sup>ЧУФ<sup>4</sup> болыш жазылған болар. Оны кейінгі зерттеулер анықтайды. Бұл таңба төменгі бір қиғаш сзық арқылы  $\Psi$  Ч болыш та оқылады және сол қиғаш сзық жіздікке 1 Л<sup>2</sup> таңбасын да құрайды. Таңбадағы жоғарғы үш ашаның екі қанаты иіле адамның қасына ұқсатыла жайылған. Сол жақтағысының үші ) Қ таңбасының үшін билдіре кейін созылған. Қастың астында <> көз белгісі түр. Бұл НК болыш оқылады. Көздің жоғарғы жиегі анық сзылып, үшінан төмен қарай қиғаш сзылған. Бұл ½ АР<sup>3</sup> болыш оқылатын Ашықтас жазуында [17] қолданылған таңба. Бұндағы Қ таңбасы ҚАР<sup>3</sup>А және ҚаНК сөзіне қатар қолданылады. Екінші оң жақ қанатта тек <> НК болыш оқылатын көз таңба салынған. Бұл ата бейнесіне лайықталған ҚАР<sup>3</sup>А ҚаНҚыНК Қара Қанқтың болыш оқылатын таңбалар. НК көз таңбасы ашылған соң, бұрын бір ғана L ҮҮЛ<sup>4</sup>ЧУ болыш оқылған таңба енді ОЛ<sup>4</sup>ОНК болыш оқылады деп тұжырымдадық. Сөз ҮҮЛ<sup>4</sup>ЧУНК болыш та оқыла алады. Бұл ұлу-айдаһар сөзінің ең ежелгі нұсқасы. Бұл туралы, сөздің түркі халықтарында кездесетін нұсқатүрлері мен мағыналары жайында арнайы зерттеу келепектің енпісіне қалдырылды.

Келесі бір ұлы жаңалық Қ болыш оқылған таңба оргаңы өзек сзыққа қосылады да жуан С<sup>1</sup> таңбасының сол жақ болігін белгілейді. Ал оның оң жақ болігі і ҮҚЧ таңбасының оң жақ болігімен сәйкес келеді. Бұл үшінші күрделі графемадағы С<sup>1</sup>АҚ сөзінің оқылатының айқындастының гажайыш таңбалық элементтердің бірі. Осылайша негізінен парсы, грек тілдес жазба ескерткіштерден мәлім САҚ этонимі тұнғыш рет түркі тілдес жазба ескерткіш – Есік жазуынан табылды. Бұл сақтардың түркі тілдес екенінің анық та айқын дәлелі болады. Сақ сөзіндегі Қ таңбасы қара, қанқ сөздеріндегі Қ таңбасы қайталанып оқылады.

Бұдан кейінгі таңба (4) ӨР<sup>4</sup>Ч болыш оқылғаны белгілі. Олай болса, шебіретт сөзі алғашқы таңбада жазылған болуы тиіс. Шындығында О.В. Медведевтің фотобейнесінде тек I ІI, I таңбасы ғана емес, 16 таңбаның бөлшектерінен құрастырылған күрделі графема айқын көрініп түр. Мұнда тек

таңбаның жоғарғы үшіндағы  $U \text{ҮҮК}^4$  әріп белгісі ғана қараңғы жақта қалыш көріпбей тұр. Алайда оның бар екені бізге «Курган Иссық» кітабындағы фотосуреттен мәлім. Онда I жоғарғы үшінша бір жағындағы қигаш сзық бейнеленген. Екінші жағындағы қигаш сзықтың бар екені күмәнсіз. Өйткені L  $\text{ҮҮЛ}^4$  таңбасының оң жақ беліндегі көлденең сзықшасы анық сзылған. Таңбаның оң жақ төменгі жағында V  $\text{ДЧ}$  таңбасы да анық көрініп тұр. Бұл а $\text{ДЧ}$  [17] болып оқылатын таңба, сөздің мағынасы бұрынғы еңбектерімізде айқын апылған. Таңбада ең маңызды сөз Шебірепті анықтайдын таңбалар айқын белгіленген. Осы таңбага *Шебіреп, Очок, Ылтууг* тайпаларын дәріптейтін, мадақтайдын, сипаттайдын эпитеттер қосыла жазылған. Бұл мадақ сөздердің ішіндегі сонысы – *арығ ұурууқ* ‘таза, шынайы, ару, асыл ұрық (ұрық, тұқым, тек, ұрпақ, ру-тайпа)’ тіркесі. Мұндай тұқым-текі арнайы көтеру, дәріштеу КТЖЕ-де өлі кездеспеген. Бұл Чуд қағаниң тұлғалық бейнесін аша түсетін тың сөз қолданысы.

Есік обасын қазғап, әйтілі «Алтын адамның» сактарға тән қымбат дүниелерін ташқан К. Ақышевтың аты тарихта қалай қалса, күміс кеседегі жазулардың иұқсаларын толықтырган О.В. Медведевтің де аты солай қалары анық. Құлтөбе жазуларының мағынасы апылғаннан кейін Есік жазуындағы 3- ші және 4- ші  $L \text{ҮҮЛ}^4$ ,  $\Theta\text{Р}^4$  таңбаларының мағынасы да солармен салыстырыла отырып апылды. К. Ақышевтың өз еңбегінде [13, 57-58] айтқанындағы Есік жазуындағы ерекше таңбалар Шу-2, Құлтөбе жазуларындағы ерекше таңбалармен салыстырыла отырып, өз мәнімен оқылды. Құлтөбе-V жазуындағы  $L \text{ҮҮЛ}^4$  таңбасындағы көлденең сзықшаның апылуына Есік жазуы мен Шу-2 жазуындағы  $L \text{ҮҮЛ}^4$  таңбасының жазылуы өсер етті. Өйткені таңбадағы көлденең сзықшаның бар екендігі жай қараганда білінбейтін сзық болатын. Жуан  $L \text{L}^1$  таңбасы бар, анық көрінеді, одан кейінгі  $U \text{ҮҮК}^4$  таңбасы да байқалды, белгілі болды, бірақ көлденең сзықшап анық емес. Ал Есік жазуы мен Шу-2 жазуларында жуан  $L^1$  таңбасының көлденең сзықты  $L$  толық кейіп анық жазылған. Дегенмен олардың дыбыстық мағынасы толық апылмаған еді. Құлтөбе-V жазуындағы жуан  $L \text{L}^1$  таңбасын осы таңбада көлденең сзық болуга тиіс деп арнайы жіті қараганымызда ғана көлденең сзықтың барлығы анықталды және таңба еріндік буын таңбасы ретінде  $L \text{ҮҮЛ}^4$  болып оқылды. Осыдан соң Есік жазуындағы келесі ерекше белгілері бар  $\Theta\text{Р}^4$ ,  $\text{Ч}^4\text{Ү}$  таңбалары да еріндік буын таңбалары ретінде өз мағыналарымен оқылды.

Келесі міндет осы таңбалар О.В. Медведевтің фотокүрастырмасында қалай екен деп арнайы зерттегенімізде қазір айтылып жатқан құпиялар, яғни, Есік жазуының екінші тынысы, апылыш жүре берді. Солардың бірі – 5- ші, Чуд қағаниң есімінің басқы таңбасы. Бұл таңба да тек  $\text{Ч}^4\text{Ү}$  еріндік буын

мағынасын білдіретін таңба емес екен, яғни, басқа таңбалар элементтері біріктірілген күрделі графема болыш шықты. Себебі мұнда негізгі  $\text{Ч}^4\text{ҮУ}$  таңбасымен қоса  $\text{Чүүң}$  қағанның ұлы қасиеттері, жас шамасына қатысты атауы және лаузымдық атақ-дәрежесі де қамтылып жазылған. Бұл 34 таңбаның элементтері біріктірілген  $\text{Чүүң}$  қағанның атына лайық шын мәніндегі ұлы графема больш отыр. Мұның алдында көптігімен таң қалдырган 16 графемалық белгілері бар 1- ші күрделі графема бұдан екі есе кіші екені мәлім болды. Таңба былай оқылады:  $\text{ҰУЛ}^4\text{ҮҮК}^4 \text{eP}^2 \underline{\text{aНЧа}} \underline{\text{aНЧа}}$   $\underline{\text{aНЧа}} \underline{\text{aНЧа}}$   $\text{ҰУМЛ}^4\text{ҮҮК}^4$ ,  $\text{ҰУМЛ}^4\text{ҮҮК}^4$ ,  $\text{ҰУМЛ}^4\text{ҮҮК}^4$ ,  $\text{ҰУМ}^4\text{Л}^4\text{ҮҮК}^4$   $\text{T}^4\text{ОЙНҮУК}^4\text{ҮҮК}^4$  АБ'ЫЗ АД<sup>1</sup>А Б'ОЙ<sup>1</sup>Л<sup>1</sup>А Б<sup>1</sup>АФА ҚАҚАНҚ Ч<sup>4</sup>(ҰН<sup>4</sup> АЛ<sup>1</sup>П ЕЛ<sup>2</sup> ІД<sup>2</sup>ІС<sup>2</sup>)

Аудармасы: Ұлық, ер, соншама- соншама- соншама ұмлұқ (ақылды, ойлы, саналы) ұмлұқ- ұмлұқ- ұмлұқ Тойнұққұқ (аса жоғары білімді, ұстаз, ғұлама, дана, данышпан), Абыз (аса жоғары білімді дін басшысы) ата Бойла Баға (мемлекеттік лаузымдық атақ-даңқ атаулары) Қақанқ (хандардың ханы, император) [19] Ч(үң алып ел иесі). Бұл тіркесте 10 сез қамтылған, оның ішінде КТЖЕ- де ұшырасаған **ұм ақыл-ес, абыз** сөздері қолданылған. Абыз сөзі осымен Есік жазуында екінші рет қолданылып отыр. Ал **ұм** сөзі Күлтөбе-IV жазуында [1] кездесті. Ол ескерткіште буын таңбасымен бір рет жазылса, Есік жазуындағы күрделі графемада жай таңбалармен ұш рет, буын таңбасымен бір рет қолданылған. Бұл – сөздерді қосарластыра қолдану – тіл құралда (тілдің қызметтері) сөз мағынасын күштейтуде қолданылатын ежелгі тәсілдердің бірі. **Ұм** сөзі Күлтөбе-IV ескерткішінде тәуелдік жалғау кейінде (формасында) **өмүң** (ақыл-ес, ой-танымың), Күлтегін ескерткішінде **өммезсен** (ойламайсың) сөзкейштерінде жұмсалса, Есік жазуында Тойнұққұқ сөзінің анықтауышы, қасиеті ретінде **ұмлұқ** (ақылды, есті, ойлы, саналы) тәрізді сын есім формасында қолданылған деп пайымдадық. Яғни, -лұқ қосымшасы  $\text{ҰУЛ}^4\text{ҮҮК}^4$  сезінде қолданылған таңбалар арқылы оқылады. Күрделі графемадағы таңбалар, сөздер жай таңбалармен жазылған сөздер сияқты өз ретімен тізіліп тұрмайтыны белгілі, дегенмен онда да сәйкестілік бар. Алайда тұбір сөздер қосарланып қолданылғанда қосымшалардың да қосарластырыла белгіленуі шарт бола қоймас деген тұжырыммен торт **ұм** сезінің тұбіріне -лұқ қосымшасы қайталана қосылып оқылады деген шешімге келдік. Бұл тұста **ҰУМ**, **ҰУМ**, **ҰУМ**, **ҰУМ**<sup>4</sup>  $\text{T}^4\text{ОЙНҮУК}^4\text{ҮҮК}^4$  түрінде қосымшасыз да сын есім мәнінде қолданылу мүмкіндігін жоққа пығармаймыз. Бірақ күрделі графемада  $\text{Л}^4\text{ҮҮК}^4$  қосымшасы оқылатындықтан және ежелгі түркі жазба ескерткіштерінде де біршама қосымшалардың қолданылғанын ескергендіктен сын есім ретінде жалаң **ұм** сөзі емес, -лұқ қосымшалы түрі қолданылған деген тұжырымға көніл ауаны көбірек басымдық беретіндей. Тіркестегі  $\text{T}^4\text{ОЙНҮУК}^4\text{ҮҮК}^4$  кісі есімі – бұрын **Тойнұққұқ** болыш және басқа н

таңбасының әр түрлі ренктерімен оқылыш жүрген, *Тоныкөк* болыш қате атальш кеткен орқун жазба ескерткіштеріндегі түркі қағанатының бас қолбасшысы, дана кеңесшісі, бас уәзірі, данышшан қарияның әрі лауазымы, әрі есімі. Бұл қазір Есік жазуынан белгілі болыш отырғаныңдай кісілік қасиет, лауазымдық атақ, дәреже атауы екені мәлім болыш отыр. Осы сөздегі және басқа сөздердегі ЙН бірігінкі дауыссыздар таңбасының мағынасы туралы зерттеу енбек [20] жазылды. Білге қағанының қайын атасы, кеңесшісі Тойнұққытың шын есімі басқа болыш, кейін осы атақ-дәрежелік атау есіміне айналыш кетуі де гажап емес. Өйткені оның Тойнұққы Бойла Баға сияқты лауазымдық атаулары да Чұң қақантың лауазымдық, қасиеттік атақ-даңқына сай келіп түр. Бойла Баға сөздерін С.Е. Малов титул (лауазым) [18, 367, 372] деп түсіндіреді. Тіркестегі қақан<sup>к</sup> (ұлы хан, хандардың ханы, император) сөзі енесей ескерткішінде қолданылған, соғы НҚ бірігінкі дауыссыздарының мағынасы біздің зерттеулеріміз арқылы ашылып, көптеген сөздердегі қолданысы анықталған. Бірігінкі дауыссыздар түгелімен КТКЖЕ-де қолданылған. Солардың ішінде мағыналары біздің зерттеулеріміз арқылы ашылған V ЛЧ, РТ, Н НҚ, # ЙН бірігінкі дауыссыздарының төртеуі де Есік жазуында қолданылған. КТКЖЕ-н зерттеп келе жатқан 16 жыл ішінде 61 даңбаның мағыналары анықталып, ашылды. Сол зерттеулер нәтижесі қазіргі Есік жазуындағы жаңадан мәлім болған жазу және күрделі графемалардың оқылуына үлкен көмегін тигізген аян. Яғни, сол жылдардағы зерттеулер арқылы ашылған жаңалықтар нәтижесі Есік жазуын толық оқып, мағыналарын айқындаپ, бүкіл дүниежүзілік ғылыми қауымға, бүкіл әлемдік қауымдастыққа папі етіп, әйгілеуге жеткізгенін нақты айтқанымыз жөн.

Чұң – Шу қаған кім болған, ол туралы қандай тарихи деректер бар деген сұрауга ең әуелі профессор Н. Келімбетовтің [10] еңбегінен мәлімет табамыз. Ол еңбегінде Н. Келімбетов түркі ғалымы Н.С. Банарлының «Түрк әдебиетінің тарихы» атты зерттеу еңбегінде келтірілген «Шу батыр» атты дастан туралы, оның Қытайдың көне жазбаларында сақталғаны және онда тек дастанның жалшы сюжеттік желісі мен жеке үзінділері ғана сақталғанын айтады. Дастан туралы Н. Келімбетов былай дейді: « Шу батыр дастаны – қазіргі түркі текес халықтардың арғы тегі саналатын, көне тарихқа біздің заманымыздан бұрынғы ежелгі дәуірлерден мәлім сақ және ғұн тайпаларының шекіресін анызға айналған тарихи деректер бойынша жыр еткен ерлік эпосы». Бұған қоса ол Н.С. Банарлының: «Қытай жазбалары арқылы жеткен мәліметтер бойынша, сақтар өз мемлекетінің ұлан-ғайыр бір аймағын *Шу өлкесі* деп атаған екен» деген шікірін келтіреді. Соңдай-ақ дастанда Шу батыр өмір сүрген Шу өлкесінің суреттері де көрініс ташқан: «Сонымен «Шу батыр» дастанында алдымен оқиға болыш отырған осы өңірдің көз тартатын ғажайып табиғат көріністері, бау-бақшалы егістік алқаптар, жыландай бұраландап ағатын өзендер мен айдынында ақку құстар

кику салған көлдер, өзен бойында қалып болыш өскен құрақ-қамыстар суреттеледі.

Байырғы Баласағұн шаһарының маңайынан жас әмірші Шу батыр жана даңдап салдырган Шу қала-қамалының сөүлеті жайында айтылады». Дастандағы бұл деректер қазіргі Жетісу өңірін, өсіресе, Шу өзені аймағын көз алдымызға келтіреді. Қаганиң өз аты мен ол әмір сүрген өлкес және Шу өзенің аттарының сәйкес келуі көп сырдан хабар бермей ме? Біздіңше, байырғы Шу өлкесі мен қазіргі Шу өзенің аты сабактас, сол ежелгі заманнан келе жатқан бір ғана атау. Бұл атау қаганиң ежелгі замандағы Чун атынан бастау алған. Халық өзінің қаһарман да даңқты, даништан да абыз еренің атын сол өзі әмір сүрген өлкеге атау етіп таңған. Чун қаған салдырган қала-қамал қазіргі Шу өзені аймағында жатқан ежелгі Сүйб қаласы болуы ықтимал. Сүйб атауының фонетикалық өзгерісін бағамдасақ Сүнд // Чун+(и)аб атауынан туғаны сезіледі. Түркі тілдерінде ұнді Ң дауыссызының дауыстыға жақын ұнді дауыссыз Й-ға айналуы белгілі құбылыс. Сонда Сүнд+йаб атауы Сүйаб болыш өгеріске түскені аңғарылады. Тілімізде мұндай өзен атаулары кездеседі, мысалы, Фар+аб, Сайрам< Сар+йаб // м, Бад+ам // б. Аб сөзі ежелгі заманда су мағынасында *ас*, *ақ* т.б. сөздердің нұсқатыры [21] ретінде көнінен қолданылған. Бұл тұрғыда Чун қаганиң есімі алдымен өзенге берілген деп тұжырымдаймыз, яғни, Чун ғайы ‘Чун суы’ (өзені) болыш, өзен аталған. Бұны жоғарыда айттылған қытай жазбасындағы: «Сақтар өз мемлекетінің ұлан-ғайыр бір аймағын Шу өлкесі деп атаған екен» деген дерек толық айғақташ тұр. Бұл сөз сол өлкедегі өзен-көл де, орман-тогай да, тау мен жазық та Чун қаганиң атымен аталған деген ұғымды білдіреді. Шу өзені содан қалған бір үзік белгі. Ал өлкес атауы ше, ол сақталмаған ба? Жоқ, сақталған! «Шу батыр» дастанында айттылған «көз тартатын ғажайып табиғаты» бар Шу өлкесі ол қазіргі Қазақстаның оңтүстігіндегі бұрынғы аймағы Шыршық өзені бойы мен Бостандық ауданынан Шығыс Қазақстан өңіріндегі Алтай тауына дейінгі ұлан-ғайыр өлкес. Оның ең көлемді бөлгі – қазіргі Жетісу өлкесі. Жетісу топонимінің этимологиясын Б. Серікбайұлы [22] жазған еді. Онда ол Жетісүді Жиделі Байсын атауындағы Жиделімен байланыстырылған болатын. Яғни, Жетісу жер атауындағы *жеті* сөзі *жете* // *чете*< *тат* деген тайпа, ел атауынан өзгерген, ол қазіргі сан атауы ретіндеғі сөзді білдірмеген дейді. Біз де Б. Серікбайұлының Жетісу атауындағы *жеті* сөзі сан есімі емес, ежелгі заманда да солай аталмаса да мағынасы басқа сөз болған деген шікірімен келісеміз. Алайда ол сөздің қандай сөз болғаны, оның мағынасы қалай болғаны турасында өз шікіріміз бар. Б. Қошым-Ногайдың *жете* сөзін парсы тілдес ТАТ этнонимінен пығаруы өрекел жаңылыс дегендаймыз.

Шындығында біздің пайыммызыша да Б. Серікбайұлының шікіріне сәйкес Жиделі атауы мен Жетісу сөздеріндегі *жиде* мен *жеті* сөздері бір түбірден тараған сөздер. *Жиде* сөзі қазіргі жеміс ағашының атауымен сәйкес болмаған. Ол Нұқ (а. с.) пайғамбар бабамыздың ең кіші, үшінші баласының

Йапет есімінің екінші белгіндегі *ет-<йет* сөзімен сәйкес сөз болған. Ал *Жиделі* сөзіндегі -лі буыны сын есім жүрнағы емес, *ел+і* сөзінен қалыштасқан морфема болыш табылады. Яғни, *Жиделі* сөзі – *Йет* елі тіркесінен туған елжер атауы. *Йап+йет* есімі – екі түбірден құралған сөз. *Йет* сөзі *Йет//Йұт* нұсқатұрлерімен де айтыла берген. Одан *Йұт>Үт* сөзі қалыштасса, қазақ тілінде оның мағынасы от, сөүле екені «Үт кірді, сарттың көтіне құрт кірді» деген мәтеден белгілі. Үт деп ерте көктемдегі күн сөулесінің киіз үйдің туырлығындағы тесіктен енген сөүле жолағын айтады. Үт (*Йұт*) бабамыздың ұршақтарын *Үт+ұрқы // Үт+ұрқі* деп атаган, одан *Тұрқі* атты бабалар есімі тудады. Ал егер *Йіт* нұсқатұрімен айтылса, *Йіт* сөзіне ауысып, *Йіт+ұрқы // Йіт ұрқі* болыш, барлық итшен байланысты шежірлік ақыздардың тууына негіз болады. Бұрынғы Сенек жазуына қатысты еңбегімізде [21] *Тұрік* сөзінің сәуле мағынасын білдіретіні туралы шікіріміз жария болған еді. Бірақ ол кезде *тұрік* сөзінің түбірі *тұр* сөзі, *ұқ//ок ұл* (ұрпақ) мағынасындағы сөз деп пайымдағанбыз. Қазіргі тұжырымға зер салсақ, тұрұқ сөзінің түбірі ТҰ болады да, Р дауыссызы *ұрық // ұруқ* сөзіне қатысты екені анықталады. Осы тұста *Йұт//Йот* сәйкестігіне орай *Тұрқу* атауының (*Й*)от+ұрқұ тіркесінен туу мүмкіндігін де ескерсек, *тұрқу* сөзінің сөүле мағынасын тағы да аңгаруға болады. «Қазақ атауы қалай шыққан» [23] атты мақаламызда *тұрқі* этнонимі жалпы түркілік ру-тайшалардың жинақтық атауы емес, тек бір тайпа-руға тиісті атау деген шікір білдірген едік. Қазір біз ол шікірдің қате екенін, *Тұркінің* *Йапет* бабамыздың есімінен бастау алатыны жайында тағы да қайталай тұжырымдаймыз. Осы жерде *Тұрқұ* атауы дұрыс па, жоқ *Тұрқу* айтылымы жөн бе деген сұраптың басы аптылады. Эрине, ең дұрысы – *Тұрқу* атауы. Өйткені *Тұ+ұрук+мен* деген тіркестің ең алғаш айтылуынан кейін-ақ -*ұ*, -*ყ*, -*ы*, -*і* тәуелдік жалғауы өздігінен, тілдік үдерістің әсерінен *Тұ+ұрук+ұ+мен* болыш айтылады. Сонымен *Жиделі* атауы – ежелгі заманда қалыштасқан, *Йет+елі* (>*Жет+елі* >*Жед+елі* >*Жид+елі*) тіркесінен дамыған еліміздің ең әуелгі атауы. *Йапет* есіміндегі алдыңғы *Йап* түбірінің мағынасы туралы ой-толғамдарды келер уақытқа шегере тұрамыз.

Жетісу жер атауының екінші су буынын Б. Серікбайұлы «джук», «чук», «сук» ‘ру, тайпа, ел’ мағынасындағы морфемадан туындаған деп түсінеді. «Шу батыр» дастаңындағы *Шу өлжесі* жер атауы Чүң қағанның өмір сүрген дәуірімен есептесек, б. д. д. IV ғасырдан басталады екен. Алайда С. Әбушеріп [24] қытай деректемелерінде жазылыш қалған «са, се, су, шу» этнонимдерін көлтіреді: «Шу көне тұрік ақызы» бойынша, алғашқы арийліктердің басқыншылық жорықтарының нәтижесінде шығысқа шегінген тұрік тайшаларының билеушісі Шу Шу алқабына қайтыш келіп өзінің мемлекеттік мекемесін қайтадан қалыпта көлтіреді. Б. з. б. VIII ғасырда орталығы Тянь-Шаньда болған Ұлы сақтардың мемлекеті бар еді. Саяси жағынан құрылым ретінде танылған «Шу» өзінің мекендереген жерлерін бірсүйірғы уақыт «Сакаға» қалдырыған көрінеді. Бұлар өз заманында аймақта ұstemдігін жүргізген ұлы халықтың екі бөлігінің этнонимдері болыш

табылады. Мұны көне түркі аңыздары да растай түседі». Сондай-ақ ол: «Авестада «Түр», «Үнді деректерінде түрік қауымдарын бейнелеу үшін «Сака», «Турушка» (Түрік) және «Хуна» (Хун) атаулары қолданылған» [24, 66-71] дейді. Бұл деректегі Шулар б. д. д. VIII ғасырларда Жетісу өнірінде өмір сүрген мемлекет саналады. Олай болса Қытай деректерінде келтірілген *са*, *се*, шу этномимдерін түрліше *сақ*, *сек*, *шак*, *шек*, *шук*, *чак*, *чек*, *чуқ* түрінде түркілік түпкі нұсқаларына жақыннатуға болады. Құлтебе–V жазуындағы Үш Ата – Қанқ, *Сак//Cap*, *Күз* [2] тайпалары бір Оғұз (Құз) қағаннан тараған туысқан елдер болыш, бір-бірімен көршілесе орналасып, іштерінен біреуі күшті ел болыш, кезек-кезек бір-біріне бағышын, бірақ біргұтас бір атадан тараған бір ұлт болыш өмір сүрген. Сондай кезеңдерде Қанқ//Күнк //Санк//Сунк//Шанк//Шунқ секілді нұсқатұрлік атаулармен танылған тұстары да болғандығы айқын. *Шунқ* атауы *Шунқ>Шун* (Чунқ> Чунк> Чун) болыш, өзгере дамып түрленуге түскені де аян. Чун//Шун атауы қазақ тілінде Шоң *улкен*, ұлы мағынасымен қазір де қолданылады.

Жоғарыда аталған еңбекінде Б. Серікбайұлы *Жетіасар* (топоним), *Жетісу*, *Жеті жарғы*, *Жиделі Байсын* тәрізді құрделі сөздердің бөліктегінің мағыналарының түпкі мағынасына, сөздің шығу және өзгеріп-даму сатыларына талдау жасауға талаптанған. Көптеген тарихи дереккөздердің қарастырыш талдау жасаған. Кейбір тұжырымдарының қияс кеткеніне қарамастан оның шешуді қажет ететін түйінді мәселені оргаға тастағанының өзі үлкен жетістік, ардақ тұтар абырайлы бастама екенін атап айтуды керек. Дегенмен оның жасаған тұжырымдарын зердеге салын сарапалау да, қойылған мәселені дұрыс шешу де аса зәру, жауапты іс. Оның пайымдаған *Жете//Чете* хандығы өзінің дәлелдеуі бойынша XIV-XV ғасырларда ғұмыр кешкен, ятни, Моголстан хандығына дейінгі Жетісу аймағындағы мемлекет тәрізді. Осыған сәйкес Жетісу атауы осы ғасырлардан арғы дәуірлердегі жазбаларда кездеспейді, сондықтан жер атауы да сол заманнан бері қарай ғана жарияға шыққан деген ой түйеді. Сөйтеп тұра *Жиделі* сөзін де *Жете елі* деп түсіндіреді де, ол атаудың қай заманда дүниеге келгеніне ой жүгіртпейді. Алшамыс батыр жырындағы *Жиделі Байсын* жер атауының (жырда тек жер атауы ретінде түйініледі) пайда болған кезі, егер ғалымдардың жырдың Одиссей жырымен сәйкес келуі туралы тұжырымын қашерге алсақ, б. д. д. VII ғасыр немесе одан да арғы дәуірлер деп шамалауға әбден болады. Бұған қосымша Жетіасар атауын да *Жеті қала* емес, *Жете қаласы* деп түсіндіреді. Алайда ол өзі келтірген жетіден әлдекайда көш асарлардың көшшілгіншің XIV ғасырдан арғы дәуірлерде салынғанына (тіпті, олардың арасында Афрасияб – Альш Ер Тоңа бабамыздың заманында салынған қалалар да бар, одан да арғы дәуірдегісін айтпағанда) мән бермейді. Жеті жарғы сөзін М. Әуезовтің «Жете жарғы деп атау керек» деген шікірін келтіріш, Мұхаңдың жете сөзін қандай мағынамен айтқанына да зер салмайды. Мұхаң қандай мағынадағы жете сөзін айтты екен, жетесіз деген сөздегі *ой-саны* ма, жетелеу сөзіндегі *жетектеуші*, *бағдар берууші* мағыналары ма, ол белгісіз. Бірақ

## О.Бекжан. Есік жазуына 2009 жылғы түзетие...

Б.Серікбайұлы оған қарамастан *жете жарғы* деп ертедегі *жете елінің жарғысы* деген шілдің ғана ұсташ, тек сол пайым деп түйіндейді. Мүмкін оның бұл шілдің үсынған Йашшеген келе жатқан жарғы деген мағынада дұрыс та шығар. Өйткені халқымыздың рухани мәдениеті, салт-санасы ғасырлар бойы тек ауыздан-ауызға беріліп жалғасып келе жатқаны ақиқат. Б. Серікбайұлы еңбегінде *жете сөзінің өзгеріп даму кестесін үсынған*. Онда *жете атауының дүниеге келген кезі* деп XIV-XV ғасырларды мәңゼйді де, аргы жағын түсініксіз шатастырып, ежелгі дәуірін шарсы тілді *татқа* тіреиді. Оның аралығында сарт пен Шап-Тапкентті біріктіріп, Өзбекстанға жатқызады, татжік – тәжік – йат – шата деп Тәжікстанды бір бүйірден таратады. Б. Серікбайұлы Жетісу топонимінің және оны құраған түбірлердің қазіргі тілімізде қолданылатып, мағынасы айқын *жеті* және *су* сөздерінен құралмағаны туралы дұрыс шілдің қозғаган. *Жете сөзінің мағынасын толық ашпаса да, оның осы бастамасының өзі иғілікті, мәргебелі іс.*

*Жетісу* жер атауының екінші буыны б. д. д. IV ғасырларға дейінгі дәуірлерде *қунқ* //*сүнқ* //*шунқ* (хун) ‘құн’ (Оғыз қағанының ұлкен ұлының аты) нұсқатұрлерімен түрліше аталған ұлы жүз тайпасының және осындай есімдермен аталған ұлы хандарының аттарынан пайда болған жер және ұлыс есімі болып табылады. Олардың даңқы б. д. д. IV ғасырда өмір сүрген үш сақ тайласы *Шебіреш*, *Ызтут*, *Очоктардың* алыш батырынан данышшан көсемі, абыз қариясы, ұлы қағаны дәрежесіне дейін көтерілген *Чунның* даңқына ұласып, ел аумағы *Чүң* //*Сүң* өлкесі болып атала бастаған. Бұл атау бұрыннан атальп келе жатқан баба есіміне қосылып, *Йет-Сүң* өлкесі болыш жалшы атауға айналып, біздің дәуіріміздегі *Жетісуға* айналған деуге болады.

Ұлы Йап Йеттің (I Оғыз қаған) *Қанқ*, *Сақ*, *Құз* (Күн, Ай, Жұлдыз) есімді ұлдарынан ұйысқан тайшалық мемлекеттері Сары өзенен (Хуанхэ) Танаиске (Дон) дейінгі ұлан-ғайыр аймақты жеке өздері иемденіп жатқан. Осы ұлан-ғайыр өлкесі *Йет елі* > *Жиделі* аталған. Геродоттың жазбасындағы скифтердің бабасы Тарғытай, оның үш ұлы Арпаксай, Липоксай, Колаксайларға көктен түскен төрт алтын затқа тек кіші ұл Колаксайдың ғана қолы жетуі секілді ақыздарға сәйкес Нұқ (а. с.) пайғамбар бабамыздың кіші ұлы Йап Йетке де *йеде* //*йада* > *жады* тасы мұраға қалған. Ол туралы С. Әбушөріп былай дейді: «Түрік ақыздарының «Иран –Хазар варианты бойынша, дүниеге билік жүргізуі қамтамасыз ететін тылсымды «йеденін» нағыз иесі «Түрік» еді. Оның «йеде тасын» үрлаш әкетіш, мемлекет төбесіне «Оғуздың» көтерілуін, яғни жеңіп шығуын қамтамасыз ету мақсатымен Қытай жағындағы түрік қауымдары шаралар (көйдің сүйегімен бал ашу және дуалау) көріп, 10 ғалым (дана) «ұстаз» қамды жіберген. Мұның нәтижесінде ұстемдік, билік және егемендік тағы да Түрік елінде сақталып қалынды. Бұл төрт тайпа Түріктің жанындағы Он оқтың (яғни он тайшаның) ата-тегі еді.

Бұл ақыздар бойынша, Яфет ұлдарының ішінен ақылды әрі білімдісі тек «Түрік» пен «Хазар» ғана еді» [24, 38]. Бұдан сиқыршылық өнері *Йет*

//Йед //Йад > Жады тасының Йет бабадан қалған мирас екенін, атауының да содан алғынғанын білуге блады. Жадылау деген сөздің *сикырлау*, дуалау деген мағынасы да бар. Жады сөзінің жай деген нұсқатүрі де тілде сақталыш қалған. Мысалы, жер-көктө тұрмай, алас ұрыш, жүгіріп жүрген балаға: - Жай тасың қайнап бара ма? – немесе – Ішінде жай тасың бар ма? – деп айтылатыны белгілі. Бұдан да жад //жай тасының өмірде болған бір құдіретті құбылыс екенін аңғаруға болады. *Найзагай*, жай сөздерінің осы жад //жай тасының атауымен байланысы болуы ықтимал. Түркі халықтарындағы бақсы, көріпкелдердің жадылау арқылы ауа райына әсер етіп, қарлы боран соқтыруы соғыс кезінде жиі қолданған әдіс-тәсілдердің бірі екені аян. Бұл Төуке хан заманына дейін келгені тарихи деректерден [25] мәлім.

Н. Келімбетов «Шу батыр» дастанындағы табиғат көріністері туралы жырлаған өлец шумагын да келтіреді. Оnda биік-биік тау шатқалдары мен кең жазық далада ойнақ салып жүрген сансыз көп арқар, бөкен, елік, таутеке, марал, барыс, аю, бері, арыстан сияқты аңдарды суреттейді. Шу батырдың жауы «табғаш» аталатыны айтылып, соңғы жолында:

Көктен тілеш күш-куат,  
Тәңірі бізді қоллады,

Тізе бүкпей тік тұрды  
Кек бөрінің ұлдары

деген күшті рухты батырдың ерлік кейшін береді. Бұл түрік ғалымы Ф. Көшүрүлузаденің 1928- жылы шыққан «Түрік әдебиетінің тарихы» атты еңбегінен алғынғанын көрсетеді. Ары қарай еңбектен үзінді келтірейік: «Міне, осы суреттерден кейін ғана дастаның бас қаһарманы – Шу батыр туралы хикая басталады. Шу батыр – еңсегей бойлы, қақпақ жауырынды, өткір көзді, түсі суық, шашы ұзын, білектерінде бұлшық еттері ойнаған, сақал-мұрты енді ғана тебіндей шығыш келе жатқан бала жігіт ретінде бейнеленген.

Ел билеушісі Шу батыр әрдайым, қысы-жазы көктем күніндей жайқалып тұратын өзінің ғажайып бау-бақшасы ішінен айналасы ат шаптырым, аса ұлкен, күміс хауыз (әуіз, бассейн) салдырады. Ол хауызда көптеген үйректер, қаздар, ақкулар лек-легімен қысы-жазы жүзіп жүреді екен. Ал Шу батыр сарайдағы ел басқару істерінен, қиян-кескі соғыстардан, аңшылықтан қолы босаған сәттерде осы хауызға келіп, ондағы құстарға қарап, терец ойларға шоматын болған.

Дастанда Шу батыр осы киелі құстардың қымыл-әрекетіне қарап отырыш өз елінің болашағын болжап біледі. Мәселең, дастанда Шу батыр сақтар еліне қалың қолды бастап Ескендір (Александр Македонский) келе жатқанын хауыздагы суга қарап отырыш күні бұрын біледі. Алайда жүртты дүрліктірмеу үшін өзінің болжамын епкімге айтпайды. Ескендірдің алдынан көп әскер емес, тек қырық нөкерін ғана жібереді». Түрік ғалымдары әр түрлі деректен алыш «Шу батыр» дастаның құрастырган тәрізді. Оnda өлеңмен

## О.Бекжан. Есік жазуына 2009 жылғы түзетие...

жазылған, Шу батыр сөз етілген, шумақ та бар:

Ашууланды Кек Тәңірі,  
Бетін бұлтпен бұркеді.  
Қаһарлы даусы гүрілдеп,  
Жарқ-жүрк етіш от шашты.  
Көлде жүзген қаз-ұйрек  
Пана таштай шуласты.  
Бекен, арқар, киіктер,

Жалтақ-жалтақ қарайды.  
Жолбарыс пен арыстан  
Сұнгіді қалың қамысты.  
Шайқасқа шықты Шу батыр,  
Бермеу үшін намысты.  
Лек-лек жасақ тоғысты,  
Аспан мен жер қағысты.

Өз заманында аса алыш Шу қағанның ерлік істерін дәріптеп шыгарған ақындардың көлемді жыры болғаны анық. Дастанда Шу батырды жас жігіт деп суреттейді. М. Қашқари да Зұлқарнайынга қарсы қосын шыгарған түркінің хақаны жас еді дейді [26]. Есік жазуында Чүң қақанқ қарттық шаққа жеткен ата болыш бейнеленгені жоғарыдағы мәліметтен белгілі. Бұған қараганда «Шу батыр» жырында Чүң қақантың жас шағынан қарттайған, ұлұқтанған кезіне дейінгі бүкіл ғұмыры хикаялланғаны байқалады. Н. Келімбетов: ««Шу батыр» дастанында тау бектеріндегі кең жазықта қым-қигап қанды майдан, шайқас басталып кетеді. Шайқас алдында жекпележекке шыққан Ескендірдің бір сарбазын Шу батырдың бір нөкері қас-қағымда қақ белінен қылышпен шауыш тастайды. Сонда әлгі өлтін батырдың кесіліш кеткен былғары белбеуінен бір уыс алтын жерге төгіліп қалады да, оған әлгі нөкердің қаны шашырап кетеді. Сонда Шудың нөкерлері: «Алтыны – қан болды!» - деп қайта-қайта айғай салады. Содан сол соғыс болған жер «Алтын қан» деп аталаш кетішті» [10, 29] – дейді. Ал бұл оқиғаны М. Қашқари нақты да дәл суреттейді: «Зұлқарнайын Самарқандтан өтіш, түркі шаһарларына жол тартқанда түркілердің Шу есімді жас хақаны бар еді. Ол көп қосынға ие болатын. Баласагұнға жақын Шу қорғанын салдырыш, өзі басқаратын. Осы қорғанның алдында күн сайын бектердің құрметіне үш жұз алышы мәрте барабан соғылатын» [26, 23]. М. Қашқаридың әр түста келтірген деректерін бір жерге тоptасақ, Чүң қақанқ Зұлқарнайынның Самарқандан шығып өздеріне, түркі шаһарларына, беттегенін біліш, қырық тарханды Хожент өзеніне жібереді. Оларға «Зұлқарнайын өзеннен өткенде бізге хабар беріндер» деген тапсырма береді. Хабар келісімен Шу қаған елін ертіп, тұн ішінде Шын – Қытайға қарай көшеді. Үйғырға жақындаған кезде тоқтап, Зұлқарнайынды тосып, оған қарсы қырық жас батырды жібереді. Сонда уәзірі бұлардың арасына соғыс жағдайын жақсы білетін егде кісіні қосу керек дейді. Сонда қақанқ: «Өтгөні мү?» деп сұрайды. Уәзір «Иә» деп жауап береді. Қақанқ оны күп көріш, сондай адамды батырларға қосып жібереді. Ол батырлар Зұлқарнайынның алдыңғы шолғыншыларын жеңеді. Сондағы шайқастағы қанды оқиға былай суреттеледі: «Түркілердің бір әскері Зұлқарнайынның әскерін қылышпен шауыш, қақ жарыш тастайды. Өлтін

әскер ділдә салынған әмиянын ышқырына байлаң алған екен. Сол әмияны да екіге бөлініп, қанға малынған ділдәлар жерге шашылады. Ертесінде түрк әскерлері қан-қан ділдәні көріш, Бұл не?, деп таңданысқандарында «Алтын қан» деп жауап қайтарған. Соңдықтан сол жердегі биік тау да солай аталаш кетеді. Ұйғыр еліне жақын орналасқан осы таудың (Алтын емел. Тәрж.) айналасында көшшенді түркі тайшалары жасайды. Зұлқарнайын сол тұнгі тойтарысты шабуылдан кейін түркі хақанымен келісім-шарт жасасып, мойынсынған» [26, 27].

Н. Келімбетовтің айтуышта «Сарбазды белінен қақ бөледі» дейді. М. Қашқаридың түшүсқасын аударушылар «(Төбеден төмен қарай) Қақ жарады» дейді. Бұл жерде «қақ жару» мен «белден қақ бөлу» деген іс-әрекеттің маңыздылығы екі түрлі. Әрине, «қақ жарудың» маңызы анағұрлым зор екені даусыз. Кім қателескен, Н. Келімбетов пе, жоқ Ф. Көпүрүлұзаде ме, зертең анықтаған жән. Жоғарыдағы мәтінді аударушылар Алтынқан тауын Жетісудағы Алтынемел деп жаңылысқан. Мәтінде «Ұйғырларға жақындаған жерде» деп көрсетеді. М. Қашқар заманындағы ұйғырлар жері қазіргі Қытайдың Ганьсу аймағы маңайы болуы керек. Олай болса Алтынқан тауы қазір де Алтан аталатын Монголияның шетіндегі тау екені шубә тудырmas деп білеміз. Чүң қақанқ Баласағұн маңындағы Шу (Чүң) қаласынан шегінде көшкенде Ескендірдің әскерінің құшпін титықтатуды көзделгені аян. Бұл Дарий әскерін шөл далаға алып кеткен Ширақтың айласын еске түсіреді. Жалпы құнқ-сақтардың зеректігіне, әскери әдіс-тәсіліне тән іс-әрекет екені айдан анық. Н. Келімбетов «Шу батыр» дастанындағы Шу қақанқтың шайқасқа мініп шықкан атын суреттеу сәті Күлтегіннің де атқа мініп шабуына сәйкес келетінін салыстырады:

Шу ақ айғырға мініп шапты  
Жаулары ажал қанты

Ханзада мінген қара торы ат  
Аргы тегі құс еді

Сақтардың жаратқан мәдени байлықтары ғалымдар тараашынан молынан зергтелді. Құнқ (хун) пен сақ мәдени мұраларының да сәйкес келіп, бір тұтас өркениетке ұласатыны туралы да ғалымдар шікірінің көшпілігі бір түйінге ұштасады. Археологиялық қазбалардан табылған сақтар дәуіріндегі хаюанат стилі, т. б. мәдени мұралар түгелдей бір қолдан шыққандай, егіздің сыңарындағы жақындықты аңдатады. Есік жазуындағы Чүң қақанқтың есімі мәлім болғаннан-ақ оның жоғарыда айтылған Шу қағанмен сәйкесстіні, екеуінің бір адам екені аңғарылды. Өйткені Есік обасынан табылған жәдігерлерді басқа археологиялық жәдігерлермен салыстырып зергтеген ғалымдар ол ескерткіп мұралардын б. д. д. V-IV ғасырларға тән екені туралы қорытынды жасаған. Бұл жайында Есік обасын қазып, зертең, тиянақты қорытынды жасаған археолог ғалыммызы К. Ақышев өзінің «Курган Иссық» атты еңбегінде толық тұжырымды шікір білдірді: «По сравнительным

## **О.Бекжан. Есік жазуына 2009 жылғы түзетие...**

формально-типологическим данным курган Иссык может быть датирован V-IV вв. до н. э. ...» [27]. Яғни, К. Ақышевтың жан-жақты салыстырып анықтаған мерзімі күміс кеседегі жазудың мағынасымен, ондағы есінет сөздің, «мәңгі бітіктің» иесі Чүң қағанның алыш-ер бейнесі туралы мәліметтерімен толық дәлелденді. Яғни, тарихи жазба деректегі Ескендер Зұлқарнайынмен соғысыш, оның бетін қайтарған Шу қағанның (М. Қашқаридың хақан деуі біздің оқыған қағанң сезімен сәйкеседі) нақты дәүірі К. Ақышевтың Есік обасынан табылған қазба мұраларының уақытын б. д. д. IV ғасырга жатқызуымен толық сәйкес келеді. Соңдықтан қытай және М. Қашқаридың жазба деректеріндегі Шу қаған мен Есік жазуындағы Чүң қағанң бір адам деп толық қорытынды жасауға болады.

М. Қашқар Ескендер Зұлқарнайынмен бетпе-бет келгенде «Тұркітің хақаны жас еді» дейді. Ондай жағдайда Чүң қағанның жасы 20-30 жастың аралығында деп шамалауға болады. Ескендер Зұлқарнайын Орта Азияға аяқ басқанда б. д. д. 330- жыл еді десек, оның жасы 26 жаста болады. Егер б. д. д. 330- жылы Чүң қағанның жасы 25- те болса, ол 70 жасқа б. д. д. 285- жылы толады. Күміс кеседегі мәліметке қарағанда «мәңгі бітікті» жазған кезде Чүң қаған «ата» жасында болған. Яғни, ол 60-70-ке келген қарт деп шамалауға болады. Бұдан Есік обасындағы мәйіттің, заттардың қойылған уақыты шамамен б. д. д. 280-290-жылдар деуге мүмкіндік бар. Есік обасында жерленген кісінің жасын галымдар 18-19 жаста деп тұжырым жасағаны белгілі. Ондай жағдайда мұрде Чүң қағандықі емес, оның немерещеберелерінің бірінікі деуге негіз бар. Өйткені оның мolasы обаның етегіне қарай орналасқаны мәлім. Чүң қағанның мolasы обаның оргасына орналасқан болуы керек. Өкінішке қарай ол тоналың, еш белгілік зат қалмаған. Жас тегіндердің жерлеу рәсімінің сән-салтанаты осындағы болғанда, Ұлы қағанның жерлену рәсімі салтанатының қандай болғанын шамалауға болады, бірақ дәп қандай екенін айта алмаймыз, өйткені өкінішке қарай оңдай сән-салтанатты жерлеу рәсімінің заттары бізге жеткен жоқ.

Александр Македонский б. д. д. 336- жылы 20 жасында әкесі Филипптің орнына патша болды [28]. Б. д. д. 330 жылы парсы патшасы Дарийді Орта Азияға қашып келген жерінде күш келип өлтірді. Содан б. д. д. 327- жылғы көктемеге дейін Чүң қағанның мемлекетінде өмір сүрді.

Чүң қағанң қырық тарқанды Ходжент өзеніне бақылауға жасырын аттандырған. Оларға берген тапсырмасы Ескендердің Ходжент өзенінен өткен кезінде өзіне хабарлауы туралы болған. Халқы бұдан хабарсыз болып, тынышсыздандып: «Зұлқарнайынмен соғысамыз ба? дегендеге сол көлшігін көрсетіп, «Қараңдаршы қаз, үйректер қандай әсем сұңғиді ә?!!» деп қана жауап қайтарады». Барлаушылары Зұлқарнайынның Хожент өзенінен өтісімен-ақ Чүң қағанқа хабар берілті. Сол уақытта Чүң қағанң халқын бірден көтеріп, шығысты бетке алыш шегініп кеткен. Жоғарыда айтылғандай Чүң қағанң Алтунқан тауында Ескендерді қарсы алыш, қырық батырыменғана соғыс ашып, оны жеңіп, өзіне мойынсұндырады. «Сол жерде

Зұлқарнайын хақан Шумен бітім жасасыш, сонан соң Үйғыр шаһарларын салдырыған» [26, 24]. Сейтіш Чүң қақанқ халқын бос қырғыннан аман сақташ қалған. Грек тарихшылары Ескендері Зұлқарнайынның сақ патшалығынан жеңіліс тауыш, олардың артықшылығын мойындағаны туралы бір де бір мәлімет білдірмейді. Қайта олар Ескендері Зұлқарнайынға қарсы тұра алмай, жерін бос тастаң, жан-жаққа безіп кеткен деген мәліметті таратқан: «Во-первых, указывается, что победа над европейскими скифами привела к усмирению значительной части Азии. [Её жители] верили в непобедимость скифов; их поражения заставило признать, что никакое племя не сможет противостоять оружию македонцев. В связи с этим саки направили послов с обещанием, что их племя будет наблюдать покорность [Александру] ... Таким образом, саки, в отличие от скифов, локализуются в Азии, то есть к югу от Сырдарьи, но также вблизи от границ Согдианы. Саки слабее скифов и, возможно, находятся в сфере их влияния, и только после битвы на Танаисе они переходят на сторону Александра.

... Весной 327 г. перед уходом в Индию Александр совершает последнюю военную акцию в Средней Азии: выступив из области Сисимитра (в бассейне Вахша), после шестидневного перехода по пустынной местности он вторгается в страну саков и полностью опустошает её, очевидно, не встречая сопротивления: «царь отблагодарив за услугу Сисимитром, приказал солдатам взять провизии на шесть дней, собираясь напасть на саков. Опустошив всю эту страну, он дает в дар Сисимитру 30 тысяч голов скота». Саки здесь также отличаются от скифов, локализуются где-то к югу от Сырдарьи и проявляет себя как достаточно слабого противника» [29].

Ескендердің Чүң қақанқтан жеңіліш, оны мойындаш, келісім-шарт жасасыш, үйғыр шаһарларын салуға рұқсат алғаны туралы жоғарыда баяндалды. Енді сақ жауынгерлерінің артықшылығын мойындағаны жөнінде М. Қашқарі былай дейді: «Зұлқарнайын Үйғыр еліне жақындаш келгенде тұркі хаканы оған төрт мың қол қарсы жіберген. Олардың қалшактарының етектері лашынның қанаттарына ұқсайды екен. Оқты алдарына қалай атса, арттарына дейін дәл солай ататын көрінеді. Соңда қайран қалған Зұлқарнайын «Инан хузхуранд» депті. Бұл сөз мыналар епкімге мұқтаж болмайды деген мағынаны білдіреді. Былайша айтқанда, өз азығын өздері тауыш жейді. Алдыларынан аң қашып құтыла алмайды. Қаша қалса, атыш алыш, ас азық қылады. Сонан бастап бұл ел Хузхур деп аталаш кетіпті» [26, 20]. Ескендері Зұлқарнайын Македония патшасы Филипптің баласы екені мәлім. Ал Македония және Фракиямен шектесіп қатар тіршілік кеппіш жатқан скиф-сақтардың оларға әсер-ықпалы болмады ма екен? Македонияның өзі Гомер заманында сақтар коныстанған ел болмады деп кім айта алады. Бұлай тұжырымдауға біздің Александр кісі есімінің түркілік тегі туралы дәлеліміз [21, 73] тұрткі болады. Онда Ескендері мен Александр есімдерінің шығу төркіні жағынан бір текстес екені, оның «өгіз темір мүйізі» деген мағынаны білдіретінін жазған болатынбыз.

## **О.Бекжан. Есік жазуына 2009 жылғы түзетие...**

---

Чуд қақанқ мәңгі бітігінде, өсиетінде жазылған *Шебіреш*, *Ызтуғ*, *Очоқ* үш сақ тайпасы қазіргі кездегі қазақ шежіресіндегі ұлы жүздің құрамында *Шапырапты*, *Ысты*, *Ошакты* рулары болыш әліге дейн бір түтеп тараған тайпалар ретінде өмір сүріп келе жатқаны жайында мәліметтер барлығы бәрімізге аян. Мұнда уақыт өсерінен *Ызтуғ* *Ыстыға* өзгерген, ал *Ысты* атауы *Шапырапш* (Шебіреш) пен *Ошакқа* (Очоқ) өсерін тигізіп, оларды *Шапырапты* және *Ошакты* сөзформаларына өзгерткен. Осы тұста бір беймәлім мәселеңің ұшы қылтияды. Чуд қаған ескерткішінде жазылған *Шебіреш*, *Ызтуғ*, *Очоқ* атты үш тайпаның сақтарға жататыны белгілі. Бірақ бұлар қазір үйсін, оның ішінде Бәйдібек бабадан [15, 23] таратылады. Дегенмен шежіренің 3. Сәдібеков нұсқасында Ойсылдан тараған *Шапырапты*, *Ысты*, *Ошактының* Үйсілден тараған Бәйдібек байдың қол астына кіргені, соған сіңгені туралы дерек [14, 42] келтірілген. Бұл дерек сақтарды ығыстырыған ұлы йозы, ұлы йозыны үйсіндер жаулағаны [30] туралы мәліметке сәйкес келеді. «Қазақтың көне тарихы» деген кітапта сақтардың шашыншылық өсерінен жан-жаққа шапырағаны туралы, соңдай-ақ кейір тайпаларының сол ата-баба жерінде қалып, алғаш ұлы йозыларға, кейін үйсіндерге сіңгені айттылады. Бұдан *Шапырапты*, *Ысты*, *Ошакты* руларының ежелгі сақ тайпасына жатқаны турасындағы тұжырым айқындалады.

Есік жазуын ең алғаш 1993- жылы оқығанда көне түркі күл жазба ескерткіштері туралы біліміздің деңгейі ескерткіштердің үш – Орқун, Енесей және Талас секілді түрлеріндегі жалшы әріп таңбаларының саны мен дыбыстардың ерекшеліктері дәрежесінде ғана болды. Бірақ соның өзінде жазудың негізгі оқылар жағы дұрыс таңдалды. *Ызтуғ* > *Ысты* тайша аты *Ыз* болыш қысқа түрде оқылса да (бұл біздің кінәмізден емес, сол кездегі түшнұсқа таңбалары солай көрсетілгендей болды), ұлы жүздің *Ысты* руы екені туралы оқи болжакам жасалды. Чуд қақанқтың есімі *Чың* болыш оқылса да, кісі есімі ретінде және *Ыз-Сақ* елінің көсемі болыш дұрыс қорытынды [16] пайымдалды. Жалшы Есік жазуының алғашқы оқылымынан бастаң, қазіргі ежелгі сақ мемлекетінің басшысы Чуд қақанқтың есімі, қызметі мен атақ-дәрежесі, білім деңгейі тағы басқа да көптеген мәліметтер анықталған 2009-жылғы қосымша жаңа мағыналық оқылым мен жаңа ұсақ жазу мәтінінің табылып, оның мағынасының ашылуына дейнігі зертеулер Есік жазуының оқылудың даму сатылары болыш табылады. Эрбір сатының өзінің қосқан жаңаңыздары, толықтырулары болғаны ақиқат. Қазір Есік жазуының мағынасы толық ашылды. Оның таңбалық-дыбыстық мағыналары жаңадан табылған жазба ескерткіштер таңбалары мен оның дыбыстық мағыналарының сәйкес оқытуымен де дәлелденді. Қолданылған таңбаларының саны ең алғашқы ғалымдардың тұжырымдаған 26 санынан 143 -ке дейн молайды. Олардың барлығы да көне түркі күл жазба ескерткіштерінің таңба-дыбыстарымен толық сәйкесті, оларды толықтырып, басқа да таңба-дыбыстық мағыналармен жетілдірді. Сақтардың б. д. д. IV

ғасырда түркі тілінде сөйлегені, олардың түркі, оның ішінде қазақ халқының құрамдас тайпасы екені тілдік және тарихи-шежірелік тұрғыдан тайпа аттарының қазақ халқының ұлы жүз құрамындағы Шашырапты, Ысты, Ошақты тайпаларымен сәйкес келіп, толық және түшкілікті дәлелденді. Бұл да Есік жазуының зерттелуіндегі жеткен жетістіктердің тағы бір жоғарғы сатысы. Алда күміс кесені арнаілы, қажетті құралдармен толық жарақташынан зертханалық зерттеу өлде де көптеген күнды мәліметтерді жарыққа шығаратынына сенім мол.

#### **ӘДЕБІЕТТЕР**

1. Бекжанұбірі О. Құл әліпбі – қазақтың төл әліпбі «Қазақстан-Заман», 2008, № 49-52 (желтоқсан); Қанқ елінің жазуы. I. Құлтөбе – IV жазу // «Түркология», 2008, № 1-2, 3-31-66.
2. Бекжан О. Арыс өзенінің бойынан табылған Құлтөбе – V жазуының құпиясы // «Қазақстан-Заман», 2009, № 49 (10- желтоқсан).
3. Бекжан О. Қене түркі жазба ескерткіші Шу-2 бітігінің мағынасы // «Қазақстанның ғылыми әлемі», 2005, № 2, 97-103-66.
4. Бекжан О.Д. Белгісіз жаңа мағыналы таңбасы бар екі руникалық жазба ескерткіштің мәні // «Еуразияшылдық идеясы контекстіндегі Қазақстан түркологиясы: мәселелері мен болашагы» атты Л. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті үйімдастырылған халықаралық түркологиялық ғылыми конференциясының мақалалары жинағы. Астана, 2009, 266-271-66..
5. Исқақов М.Ә. Қазақ календары. Алматы, 1980, 253- 6.
6. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. М.-Л., «Изд. АН СССР», 1959, С. 76.
7. Радлов В.В. Атлас древностей Монголии. Санкт- Петербург, 1892 // Қайта басылуы. Анкара, 1995, 60, 63- 66.
8. Қаржакубай С. Орхон мұралары. 1- кітап. Астана, 2003, 126- 6.
9. Қазақша-орысша сөздік. Алматы, «Дайк-пресс», 2001, 659- 6.
10. Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. Алматы, «Ана тілі», 1998, 25-33- 66.
11. Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. Алматы, «Мектеп», 2003, С. 160 (9).
12. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 3- т. Ф-Ж. Алматы, 1978, 327-6.
13. Ақипшев К.А. Курган Иссық. М., 1978.
14. Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент, «Узбекистон», 1994, 42- 6.
15. Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі. Алматы, 1994, 20, 111- 66.
16. Бекжанұбірі О. Құміс тостағандарға көне жазудың сыры // «Ана тілі», 1993, № 47-49.
17. Бекжан О.Д. Есік жазуының мағынасына қосымша жаңа дәлелдер мен түзетпелер // «Хабаршы» Әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық Университеті, филология сериясы. Алматы, 2006, № 1, 157-6.
18. Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., «Изд. АН СССР», 1951, С. 438-439.
19. Бекжан О. Енесей ескерткіштеріндегі белгісіз алтыншы бірігінкі дауыссыздардың мағынасы мен таңбасы // «Түркология», «Қ. А. Ясауи ат. ХҚТУ», Түркістан, 2002, № 1, 39-46-66.
20. Бекжан О. Қене түркі жазба ескерткіштеріндегі белгісіз жетінші бірігінкі дауыссыздардың мағынасы мен таңбасы // Қазіргі заманғы түркология: теориясы, практикасы және алдағы міндеттері. II Халықаралық Түркология Конгресі. I бөлім. Түркістан, «Тұран», 2006, 218-233-66.

## **О.Бекжан. Есік жазуына 2009 жылғы түзетие...**

---

21. Бекжан О. Маңғыстау – Хун – Қаңлы жазуы // «Ақиқат», 2004, № 12, 69-6.
22. Қошым-Ногай Б. С. Тіл ұшындағы тарих. Алматы, «Жазушы», 2003, 167-203- 66.
23. Бекжанұбірі О. Қазак атауы қалай шыққан // «Ана тілі», 1994, 21 – сөйір.
24. Әбушәріп С. Туркістан тарихы. Алматы, «Білім», 2001, 66-76- 66.
25. Тынышпаев М. История казахского народа. Алматы, «Санат», 2002, 217- 6.
26. Қашқари М. Тұбі бір түркі тілі. Алматы, «Ана тілі», 1993, 23- 6.
27. Ақипшев К.А. Курган Иссык. М., 1978; Евразийский народ Саки. Алматы, 2006, С. 198.
28. Сергеев В.С. История древней Греции. М-Л, 1934, С. 283-285.
29. Щеглов Д.А. «Европейские скифы», противники Александра Великого: проблема этнической принадлежности // Евразийский народ Саки. Алматы, 2006, С. 239.
30. Қазақтың көне тарихы. Алматы, «Жалын», 1993, 58- 6.

### **REZUME**

**BEKZHAN O. (Turkistan)**

#### **EXECUTED IN 2009, AND THE IMPORTANCE OF THESE NEWLY UNKNOWN SMALL CHARACTERS WRITTEN ON A SILVER CUP**

The article deals with reading and valuation improvised unknown minor characters written on a silver cup found in Esiksks Maud, and the newness of additional elements to the early signs of certain major character.

Четин ЖУМАГУЛОВ

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ИНТЕРПРЕТАЦИИ ТАЛАССКИХ  
ПАМЯТНИКОВ ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ ПИСЬМЕННОСТИ

Мақалада Талас өзенінің бойынан табылған  
екі көне түркі руничалық ескерткіштерінің  
мәғынасы мен жалпы Талас ескерткіштерінің  
кеініңгі тағдыры туралы айтылады.

*Yazar Talas nehrî boyundan bulunan iki eski Türk  
runik abidelerin anlamı ve bütün talas abidelerinin son  
yillardaki durumunu söz etmektedir.*


Таласская долина является одним из центров сосредоточения рунических памятников древнетюркской письменности. На сегодняшний день в этом регионе было найдено 13 валунов с письменами, 7 наскальных коротких надписей и знаков. Известная деревянная палочка и каменная маска (условное название) тоже были обнаружены в этих местах. Хотя эти памятники в своё время были широко освещены в научной литературе, особенно в востоковедческой среде, все же хочется дать некоторые справки-сведения для молодых тюркологов. Потому что статьи, сообщения и отдельные работы, посвященные к этой проблеме, сегодня стали библиографической редкостью и трудно их достать.

Первый памятник, найденный в 1896 г. в урочище Айыр-Там-Ой уездным начальником, активным членом Туркестанского кружка любителей археологии В. А. Каллауром при помощи местного учителя Гастева, сегодня находится в Государственном Эрмитаже Санкт-Петербурга. Это явилось сенсационным открытием и было оценено достойным образом. Сообщение об открытии и копия надписи, направленные В. А. Каллауром в Ташкент сразу же было доложено заседании Туркестанского кружка любителей археологии 11 декабря 1896 г. [1]. По просьбе общего собрания кружка этот камень был перевезен в г. Аулие-Ата (совр. Тараз), потом был отправлен в Ленинград.

| Алгыс из олонхо                                 | 246              | 18                                 | 174  | 72 %                                  |
| Алгыс ысыаха, записанный А.С. Порядиным. 1944 г | 251              | 28                                 | 157  | 63 %                                  |
| Современный алгыс духу-хозяину очага            | 124              | 14                                 | 80   | 63 %                                  |
| Алгыс на современной свадьбе                    | 160              | 34                                 | 72   | 45 %                                  |
| Запевы танца - осухай П.Ф. Тимофеева            | 296              | 53                                 | 133  | 45 %                                  |

В алгысе ысыах (ыһыах алгына), записанный А.С. Порядиным в 1944 г. процент определительных конструкций равняется 63 % [20]. В современном алгыс духу-хозяину очага этот процент также равен 63-м %. В Современном свадебном алгысе и хороводных песнях (осухай) процент определительных конструкций – 45 % [7].

Наибольшее количество определительных конструкций в алгысах из олонхо встречается в обращениях. Наделяя божества и духов различными

регалиями, пышными эпитетами, алгысчыт выражает свое почтение, трепетное отношение к ним. Поэтому, обращения в якутских алгысах часто выражают восторженно-почтительное отношение к кому- или чему-либо, чувство страха и преклонения и.т.п. Это модальное значение обращений алгыс было сформулировано Н.Е. Петровым следующим образом: “Повторение ритмико-сintаксических единиц, составляющее основу якутской фольклорной стихотворной речи, придало новое значение обращениям-предложениям, которое можно назвать **восторженно-почтительным отношением**, высказываемое на биоэнергетическом уровне” [11. 192].

Торжественно-высокий стиль обращений алгыса достигается определительными конструкциями, которые часто носят постоянный, формульный и формулообразный характер. Следовательно, в алгысе для каждого божества и *духа-иччи* свойственна своя особая система характерных определений (которую мы рассмотрели на примере определительных конструкций эпитета духа-хозяина огня). Ведь из определений можно узнать место обитания описываемого божества, духа, их внешнее и характеристологическое описание, получить информацию об их семье, окружении и.т.д.

Таким образом обращения, усложненные сложными распространенными определительными конструкциями (эпитетами), передают: 1) модальное значение восторженно-почтительного отношения говорящего (алгысчыта); 2) структурно-композиционную функцию зачина алгыса; 3) художественно-изобразительную функцию описания объекта обращения; 4) их лексика носит скрытый, сакральный смысл. Все это делает стиль алгыса возвышенным, торжественно-поэтическим.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Убрытова Е.И. Исследования по синтаксису якутского языка. II. Сложное предложение. Книга 2-я. Новосибирск: Наука. Сиб. отд., 1976. 379 с.
2. Эргис Г.У. Очерки по якутскому фольклору. Переиздание. Якутск: Бичик, 2008. 400с.
3. Васильев Г.М. Якутское стихосложение. Якутск: Якуткнигоиздат, 1965. 128 с.
4. Дьячковская М.Н. Аллитерация и рифма в якутской поэзии: проблемы эволюции и классификации. Новосибирск: Изд-во Сиб. отд., 1998. 153 с.
5. Васильев Г.М. Живой родник (об устной поэзии якутов). Якутск: Якуткнигоиздат, 1973. 303 с.
6. Слепцов П.А. Якутский литературный язык. Формирование и развитие общенациональных норм. Новосибирск: Наука, 1990. 273 с.
7. Обрядовая поэзия Саха (якутов) / Сост. Н.А. Алексеев, П.Е. Ефремов, В.В. Илларионов. Новосибирск: Наука, 2003. 512 с. илл.+компакт диск (Памятники фольклора народов Сибири и Дальнего Востока, Т. 24).
8. Петров Н.Е. Олонхо – шедевр устного и нематериального наследия человечества: Сборник статей. Якутск: Изд-во якутского госуниверситета, 2009. 158 с.
9. Грамматика современного якутского литературного языка. Т. 2. Синтаксис / Е.И. Убрытова, Н.Е. Петров, Н.Н. Неустроев и др. Новосибирск: Наука. Сибирска издат. фирма

## **ТУРКОЛОГИЯ, № 1-2, 2010**

---

- РАН, 1995. 336 с. 184
10. Ефимова Л.С. Поэтика алгыса якутов: эпитетация // Вестник Якутского государственного университета. Научный журнал. Том 5, № 3, июль–сентябрь, 2008. С. 81–87.
- Петров Н.Е. Синтаксические средства выражения модальности в якутском языке. – Новосибирск: Наука. Сиб. предприятие РАН, 1999. 288 с.
11. Якутско-русский словарь. 25300 слов. Под ред. П.А. Слепцова. М.: Советская энциклопедия, 1972. 608 с.
12. Федорова В.С. Формулы якутского речевого этикета: автореф. дисс. канд. филол. наук. Якутск, 2003. 24 с.
13. Оготоев П.В. Элэс Бootур: Якутский героический эпос-олонх. Якутск, 2002. 128 с.
14. Ядрихинской П.П. Девушка богатырь Джырыбына Джырылыятта: олонх. Якутской: Кинигэ изд-та, 1981. 200 с.
15. Бурнашев Н.П. Девушка-богатырь Кыыс Дэбилийэ. Новосибирск, 1993. 200 с.
16. Степанов-Ноорой Н.И. Кюн Эрили: олонх. Якутск, 120 с.
17. Новиков-Кюннюк Урастыырап. Богатырь Тойон Джагарым: олонх. Якутск, 1959. 280 с.
18. Петрова Т.И. Родной мой якутский язык (задушевная мысль). Научно-популярное издание. Якутск: Бичик, 2006. 104 с.
19. Саха фольклора. Хомууруньюк / Сост. Д.К. Сивцев. Изд. 2-е. Новосибирск: Наука. Сиб. издат. фирма РАН, 1996. 336 с.

### **REZUME MANCHURINA L.E. (Yakutsk)**

### **STYLISTICS CONSTRUCTIONS OF ORAL POETIC SYNTAX YAKUT ALRYS: REFERENCES**

References Yakut alrys as stylistics constructions of oral poetic syntax, ways of communication of its attributive constructions are characterized are considered, their statistical analysis is given.

## Я.Күмарұлы. «Қас» (қаш) түбірі және өзен-су аттары.

### **Ясиның ҚҮМАРҰЛЫ**

#### **«ҚАС» (ҚАШ) ТҮБІРІ ЖӘНЕ ӨЗЕН-СУ АТТАРЫ**

*В статье обсуждаются названия рек и озер, созданные корнем «қас» (каш) в Средней Азии. С помощью разбора (анализа) более 80-ти названий рек и озер из произведения Геродота «История» и современных 2500 наименований рек и озер, делается вывод, что корень «қас» (каш) является сакским словом «вода», «озеро», «река» встречающегося на древних сакских территориях.*

*Yazar orta Asyadaki ‘haş’ kelimesinden gelen nehir ve su adlarını değerlendirir. Gerodt’un ‘Tarih’ eserindeki 80’i aşan nehir, su adları ile dünyadaki 2500 civarındaki belorgin nehir adlarını analize ederek ‘has’ (haş) kelimesi aslında eski sak topraklarındaki nehir, gölleri adboruna ait olan Sok (baba Türk) kelimesi olduğunu savunmaktadır.*

Іле алқабы, Тарым төңірегі, Орта Азия өңірлері және онымен қанаттас аймақтардағы өзен, көл аттарында «қас» немесе «қаш» қосымшалары көбірек жолығады. Мысалы, Каспий теңізі, Балқаш көлі, Қас өзені, Орқашар өзені, Текес өзені, Қарақаш өзені, Герінқаш өзені, Қашқар өзені, Қорғас (бұл да өслі өзен аты болуға тиісті), Газ өзені («гас» болса керек), Қорқыс өзені, Қашқан (Алтайда Ертіс өзеніне құйтын осындағы өзен болған), Һаш өзені сияқты өзен, көл аттары жолығады. Үйғұрлар қоныстанған өңірдегі өзен аттарына «қаш», қазақтар қоныстанған өңірдегі өзен атына көбіне «қас» қосылған. Үйғұр тілі мен қазақ тіліндегі «ш» мен «с»-ның орын алмасуы заңды құбалыс. Мысалы, қаш/қас, баш/бас, таш/тас, иаш/жас, қопш/қос, т. б.

Біздің жоғарыдағы мысалға алғандарымыз - тек ірі өзен аттары. Бұлардан басқа осы өңірлерде «қас» немесе «қаш» түбіріне байланысты аталатын өзендерден қашшасы барлығын деректемедік.

Б.з.VII-VIII ғасырларындағы түркі бітік тастарында өзен «өкүс» немесе «өкүз» түрінде жолығады. Бұл арада өзен аттары тағы да сөз алдына «о-» қосымшасы жалғанған «ку» немесе «куз» түбіріне байланысты жасалған. Ол жоғарыда біз көлденең тартқан «қас» немесе «қаш» түбірімен төркіндес болса керек. Қазіргі қазақ тіліндегі «өзен» сөзінің осы байырғы түркі тіліндегі «өкүс», «өкүз» сөздерімен байланысы бар-жоқтығын зерттеуге тура келеді. Біздіңшепе бүндай байланыстың болу мүмкіндігі де жақын. Ендеше, «қас» немесе «қаш» сөзінің өзен-су, теңіз-көлдермен байланысы болғаны ма?

«Қас» түбірі туралы ішінара зерттеулер. Біз «қас» немесе «қаш» түбірі туралы барлық зерттеу деректеріне иеміз деп айта алмаймыз. Десек де қолымызыда бар кей деректерді көлденең тарту арқылы да кей құбылыстарды аңғаруымызға болатын тәрізді.

«Қаш» (қас) сөзі туралы оқымыстыларда бірлікке келген көзқарас жоқ. Махмұт Қашқаридың «Түркі тілдер сөздігінде»: «*yaratti yaxıl qax*» деген сөз жолығады [1]. Оқымыстылардың «*qax*» (қаш) сөзінің мағынасы туралы

көзқарасы әр алуан: Көбінде терістік иран тілінен келген кірме сөз, байырғы иран тілінде «*kas*» «*kək*» немесе «*жасыл*» деген мағынада. Түркі тілінде де «*cas*» сөзі бар, ол иран тіліндегі «*kas*» сөзінен келген [2]; Түркі тілінде қастасын «*kes*» дейді [3]; Кей оқымыстылар «*kes'*» сөзін түрк тілі деп біледі, әрі «*kash*» сөзін қастасына байланысты сөз деп түйеді [4]; «Байырғы ұйғұр тілі сөздігінде» «*каш*» кек яқыт деп түсіндірледі.

Шығыс әлемінде тағы бір аса киелі де баға жетпес асыл нәрсе қастасы болған. Фажабы қас тасы негізінен өзен аңғарларында болады, бәлкім ол сондыктан да «қас тасы» аталған болар. Көшпелілер кезінде қастасын күннің символы ретінде таныған. Оны түрлі тасаттық берулерге, діни мұрасымдарға қолданған. Байырғы тотемдерінің образын да осы қас тасынан ойыш немесе қастасына сызып, бойтұмар етіп таққан. Өлген қасиетті адамдарының бойына қастасын қосып жерлеген. Тасаттыққа арналған малды қастасы шышағымен сойған. Тасаттыққа арналған тағамды қастасы ыдысына салған. Патша немесе патша өүлетінің аты-заты қастасымен байланыстырылған. Осы киелі тас қытай жазуында 玉 иероглиф арқылы өрнектелген. Қытайда әсілі қастасы да алғапында патша дегенді білдіретін 玉 иероглифімен өрнектелген. Кейін қастасын білдіретін иероглифті патша дегендегі 玉 иероглифтен шарықтаңдыру үшін оған бір нүкте қосып 玉 көрініске әкелген. Қазақ оқымыстыларымен қазаққа қатысты «қас» сөзінің этимологиясын іздеу көбінде «Қазақ» атауының тегін ізденумен байланысты келеді. Бұнда мынадай бір неше түрлі қойылым бар: Қазақ этнимомінің алдыңғы бөлегі «қаз» көбінде «қас» түбірінен келген деп қаралады. Ал, «қас» екі түрлі: бірі, ер жүрек, батыл, шың, нағыз, ер, батыл, жігіт, кісі, адам деген сөз деп танылса; енді бірі, «қас» Каспий теңізінің атына теліген. Кашказ, Каспий дегендердің түбірі бір, «қазақ» - кас+сақ яғни Каспий сақтары дегеннен келген деп тұжырым айтады.

«Қазақ» этномінің төркінін осылай талдау дұрыс болуы екіталай. Ал, «қас» түбірінің тегі туралы жоғарыдағы талдаулардың барлығының да өзіндік қисыны бар. Алдымен, «қас» түбірін Каспий атышан келген деген тұжырым дұрыс. Ол тек «Каспий» дегенмен ғана байланысты емес, біздің талдауымызға сай, «қас» өзен-судың жалшы аталуы болуга тиісті. Екіншіден, «қас»-тың нағыз, ержүрек, батыл, шың сияқты мағыналарға телінуі оның өзен-су мағынасынан келген. Су тұнық, мөлдір, таза болатындықтан ол тазалықтың, шынайылықтың, мөлдірліктиң, тұнықтықтың символы болғандығында. Біздің жоғарыда көлденең тартқан «қас»-тың қастасымен байланысты атау екендігі де осы қастасының мөлдір, су тәрізді тұнықтығына, «көк», «жасыл» түстермен байланыстырылуының себебі де судың түсінің көкшен бараңдас, түссіз болғандығына байланысты. Тағы бір жағынан қастасы өзен аңғарларында болады.

## **Я.Күмарұлы. «Қас» (қаш) түбірі және өзен-су аттары.**

Оқымыстылардың «қаш» (қас) сөзінің этимологиясын талдауында оның көбіндегі өзен-су аттарымен байланыстырылуына назар аудармағандығы байқалады. «Қас» сөзі көк, жасыл, тұнық, мөлдір, т.б. болуы оның сумен байланысты болуынан. Қазақ тілінде: қас қарайды (көк, аспан қарайды, тұн болды), қас сұлу (нағыз, мұлтіксіз, мөлдір сұлу), қас батыр (нағыз, шынайы батыр) деген сөздер бар. Тағы қазақ тілінде «қас» жаға, жиек деген мағынасын береді. Бәлкім бұл да суға, су жағасына қатысты пайда болған түбір болса керек. Егер «қас» (қаш) ерте заманда өзен-су мағынасында қолданылған болса, онда оның тарихи жіп үштегарын жан-жақтылық қарастыруға тұра келеді.

Геродоттың «Тарих» атты ұлы еңбегіндегі «қас» түбіріне байланысты өзен-сулар. Байырғы Орта Азия және онымен шектескен аймақтардың жер аттары туралы ең аргы деректерді біз батыста тарихтың атасы іспетті танылатын Греция тарихшысы Геродоттың «Тарих» атты еңбегі мен Қыыр Шығыстағы Қытайдың Хан дәүіріндегі тарихшысы Сымачияның «Тарихи жазбалары» мен Бангудың «Ханнамасынан» бастап қарастыра аламыз.

Геродот - б.з.б.484 - б.з.б.420-жылдары аралығында жасаған адам. Ол Анатолияның (Түркияның) шығыс терістігіндегі Bodrum деген жерде туылған. Бұл жер сол кезде парсы империясының ұstemдігінде болған. Сондықтан Геродот өрі гректің, өрі парсының тарихшысы саналады. Тіпті еңбектегі кей сөз салтауларынан өзін бірде парсылардың тұғырына қойғандығы да байқалады. Геродоттың туылған, өскен, аралап тарихи-этнографиялық, географиялық зерттеу жүргізіш, «Тарих» атты осы алып еңбегін жазған жерінен және оның өмір сүрген осы оргасының сол кездегі парсы империясының ұstemдігіндегі өңір болғандығына негізделіп, біз оның ана тілі грек тілімен бірге, сол дәуірдегі парсы тіліне және осы аймақтарда белгілі мәдени-этностық құрам иелеген сактардың тіліне де жетік болғандығын білеміз. Сондықтан оның Греция, Анатолиядан (қазіргі Түркия) тартып Орта Азия өңірлеріне дейінгі жер-су аттарына қанықтығы мен оны дұрыс өз айтылымына сай естелікке алушынан еш күмәндандаймыз. Геродотты грек тарихшысы да, парсы тарихшысы да, тіпті сақ тарихшысы да деуге болады. Геродоттың өмірі мен өнегесі грек жерінде туылып, сақ жерінде еңбекі өнген тағы бір грек алышы, адамзаттың ең алғашқы дәрігерлік ғұламасы деуге болатын Хипогратеске (Hippocrates) ұқсайды деуге болады. Хипогратес б.з.б.460 - б.з.б.459-жылдары Кіші Азияның (Анатолия) Кіші кос аралында туылған деп қаралады. Хипогратес жеті жасынан бастап өкесіне ілесіп, Қара теңіздің терістігінде сақ тайпаларының арасында жасаған. Экешесі дүниe салғаннан кейін, ол Анатolia, Каспий жағалаулары, Скиф жері (Scythia), солтүстік Африка және Кос аралы теңірегіндегі шағын аралдарды кезген. Оның шығармаларынан Хипогратестің Азияның ішкі қойнауларында тұргандығын білуге болады. Ол «Ауа, Су және Мекен» атты еңбегінде дене

патологиясы туралы қорытынды жасайды. Осы аумақтың өндірі, ауа-райы, жер-сүй және скифтер (*Scythia*) туралы мұқият баяндайды.

Геродоттың «Тарих» атты еңбегі негізінен батыста Грециядан шығыста Памир, Тәңір тауларына дейінгі Еуразия аумақтарының тарихи, жағрапиялтық, қоғамдық, этникалық, мәдениет т.б. жақтарын жан-жақтылы баяндайды. Оның осы еңбегінде өзен-су, көл, теңіз аттарынан 80-нен артығы кездеседі. Бұның 30 пайыздан артығын «қас» немесе «қаш» туғірімен байланыстыруға болады. Мысалы:

Akes (Анатолияда), Axius (қазіргі Varda), Araxes (шығыста, күн шығатын жерде. Бұл жерде массегеттер тұрады, көптеген адамдар оларды скифтер дейді. Фалымдар бұл өзенде не қазіргі Каспийге құятын Арас өзені, не Арал теңізіне құятын екі өзеннің бірі деп таниды. Caicus (Анатолиада), Caspian (Каспий), Castalia, Cayster (Анатолиада), Cephissus, Oxus (Амударияның сол дәуірдегі аты), Choaspes (Бактрияда), Cius (Дунайдың тармағы), Coast (бір теңіз бойы), Copais (бір көл), Cos (бір арал), Gaeoson (Анатолиада), Halys (Анатолиада), Nuracutis (Скифтер жерінде), Nypanis (Скифтер жерінде), Lakes (бір өзеннің көзі, Скифтер жерінде), Lycus (Скифтер жерінде), Panticapes (Скифтер жерінде), Scius (Дунайдың тармағы), Tigris [5].

Геродот жазбаларында (6.3.6.484 - 6.3.6.420) Грециядан шығыска қарайғы Анатолияны басып Памир-Тяньшань тауларына (Тәңіртауы) дейінгі өзен аттарында kес, gites, grus, xes, cus, Cas, Cays, Cephis, Cephis, xus, Cius, Coas, Copais, Corys, Cos, Gaeos, Glis, Gyndes, kes, capes, cius, gris сияқты «қас»-қа (қаш) жуық құрамдар молынан жолығады. Бұлардың ішінде «cus» құрамы ең мол. Ал, одан шығыска қарайғы өзен-су аттарында «қас», «кес», «қаш», «ғұр» т. б. құрамдардың мол болғандығы жоғарыда алға тартылғандай қазіргі өзен аттарынан белгілі.

Кавказды қазақ тілінде «Қаптың тауы», «Қап тауы» деп атайды. Осыған қарағанда Кашқаз «Кашқас» болуы да мүмкін.

«Қап» - түркі тілдерінің барлығына бірдей ортақ, сөз тыннадатқыш ең байыргы көне көз түбір сөз. «Түрік тілдері сөздігінде», «қаш» - қаш, ыдыс-аяқ, қалыш, ұқсас т.б. түрлерде жолығады. «Қап» бүтінде қазақ, өзбек, ұйғыр, қырғыз т.б. тілдерде «қаш» аталса, түрікше «қаш», сары үйғұрша «гаш», саларша «хаш» түрінде жолығады. «Қаш» сөзі түркі тілдерінде ұқсастық танытыш ғана қалмастан, басқа тілдерде де өзара жақындық танытады. Араб тілінде «қаш»: табақ, тәленке, құты, сандықша, рамка; «ғиф» (хыф) - бір нәрсені қоршау деген мағынада. Парсы тілінде «гаш» - тостаган, лонқа, ыдыс; «қф» (гаф) - қоршаған тау; ағылшын тілінде «cabin» (кабин) - кішкене үй, күркө; «cab» (каб) - поездің жүргізушісі отыратын бөлмесі; «gab» (гап) - тау шатқалы, қысан; «sar» (кап) - бір түрлі бас күім. Міне, бұлардан біз «кашқаз» атының «теңізді» (Каспий) ораң түрған тау, яғни «кашқас» (кап: қоршаған тау; кас: су, теңіз, көл, Каспий) екендігін білеміз. Осы тәрізді Египеттің шығыс шекарасындағы Каспийді ораң түрған Кашқаз тауы сияқты Қызыл

## **Я.Күмарұлы. «Қас» (қаш) тұбірі және өзен-су аттары.**

---

төңізді орап тұрған тау сілемі бар, оның сол замандағы байырғы аты «Casius» болған. Бұл таудың аты да төңізге (кас) байланысты болса керек.

Hashimoto (Хашимато) қатарлылардың «хы» (河) мен «жиян» (江) туралы көзқарастары. Hashimoto (жапониялық), Norman-Mei, Norman Jerry сияқты ғалымдар қыры шығыстағы өзен-су аттарындағы Хуаңхы өзенінің (Сарызен) терістігіндегі өзендердің қытай тіліндегі жер аттарында «хы» (河: аргы ерте заманғы айтылымы - гал), Чанжияң өзенінің оңтүстүгіндегі өзендердің қытай тіліндегі жер аттарында «жияң» (江: аргы ерте заманғы айтылымы -- күң) деп айтылуына қарай отырып, қытайша «гал» монғул тіліндегі өзенді білдіретін «гол»-дан (түркі тілдерінде көлемді жиналған су - көл), «күң» тибет тілдеріндегі өзенді білдіретін «клүң»-нан келген деп дәлелдейді (қытайша «гал» монғул тіліндегі өзенді білдіретін «гол»-дан, «күң» тибет тілдеріндегі өзенді білдіретін «клүң»-нан келген). Осы негізде тым аргы замандарда Хуаңхы өзені (Сарызен) алабын алтай тілді халықтар, Чанжияң өзені алабын тибет-бирма тілділер мекендеген болса керек деп тұжырымдайды [6]. Осыларға сүйене отырыш алтай тілдерін де қытай тілін жасаушы басты қайнарлардың бірі деп қарайтын ғалымдар да бар.

Біз жоғарыдағы талдау арқылы, қазіргі Тарым алабы мен Орта Азия өріндегі «қас» немесе «қаш» тұбірі арқылы жасалған өзен-су аттары, байырғы Греция тарихшысы Геродоттың «Тарих» атты еңбегіндегі Анатолиядан Тәңіртау, Памир тауларына дейінгі «қас» немесе «қаш» тұбіріне байланысты өзен-су аттары, сондай-ақ осы өзен атындағы «қас» немесе «қаш» тұбірінің Хуаңхы (Сарызен) алабы мен оның терістігінде өзендердің 河 (гал) аталуы және монғул тілінде өзеннің «гол» делінуімен байланыстылығы туралы тоқталдық.

Біз өзен аттарындағы Еуразияны шарпыған осындағы «қас» (қаш) тұбіріне байланысты жақындықтың кездейсок құбылыс болу-болмауына көз жеткізу үшін дүниедегі 2500 айналасындағы елеулі өзеннің атын сараштағанда, «қас» немесе «қаш» атына белгілі жықтығы бар деуге болатын (қас, қаш, кас, көс, кес, гас, гаш, каз, гуз, гус, күш, кис, гаш, кез, хус, киз, газ сияқтылармен жасалған өзен-су аттары) өзен-судың аты 50 шамасындаған болды. Осының, ішінде шынайы «қас» немесе «қаш», «кас» түрінде жолығатыны тым санаулы. Әрі олар Орта Азияны негіз етеп тараптады. Мысалы, Орта Азияда біз білетін Қас (Іле), Кас-ший, Те-кес (Іле), Бал-қаш, Қара-қаш (Қотан), Иорын-қаш (Қотан), Қаш-қар, Газ (Қотан), һаш (Қотан), Кез (Иран), Әли-күш (Иран), Қаш-руд (Ауған), Уа-қыш (Қыргызстан), Қаш-ан (ауған), «Қор-ғас» әсілі өзеннің аты болуы мүмкін, т. б. Бұлардың саны 14-тен асады. Ал, Орта Азияны орап тұрған Үндінің терістігі, Орта Азиямен қанаттас кей елдер мен Анатолия жерінде осыған жуық деп қарауға болатын 20-ға жуық өзен-су аты жолықты. Сонымен «қас» немесе «қаш»-қа қатысты өзен-су аты

32-ден асыш, жоғарыдағы біз жолықтыра алған 50 шақты өзен-су атының 65 пайызы шамасын құрады.

Қытайша өзеннің «хы» (河) аталуына сай, біз жоғарыда сараңтаған 2500 өзен атында соңы қан, кан, кен, гин, ғұн, ка, қа, ға, га, ку сияқты қосымшалар жалғанған өзен аттары да, негізінен, Орта Азиямен қанаттас кей елдер, Монғұл даласы, Үндінің терістігі сияқты өңірлерден көбірек жолығады. Бұлардан біз суды, өзенді, көлді, теңізді білдіретін «қас» (қаш) сезін Орта Азияны орталық еткен Сақтардың аргы аталарының осыдан 2-3 мың жылдың аргы жағында шығысы Жапон теңізінен батыста Дунай өзеніне дейінгі, Оңтүстікте Күнілүн тауларымен Үндінің терістігінен терістікте Сібір далаларына дейінгі ені 2000, ұзындығы 10 мың шақырымдақ белдеу алқапқа таратқандығы байқалады. Бұндай өзен атын тарату ғылымда көп ауызга алынатын Анау мәдениетінің таралу жолы мен аумағына сай келеді.

«Қас» (қаш) қайдан, қалай тараған? Жоғарыда айтылған Хашимато сияқты ғалымдардың көзқарасына салыстырмалы түрде, бір бөлім оқымыстылар қытай тіліндегі өзенді білдіретін 河 (хы) иероглифінің Қытайдың ең байырғы жазба мәтіндерінен жолығатындығын көлденең тарту арқылы, ол терістіктері алтай тілді халықтарға Қытайдың байырғы орта жазығындағы қытай тілі арқылы барған болса керек дегенді алға тартады [7]. «Хы» (河) орта жазықта алғашқы тарихи жазбалар пайда болудан бұрын пайда болғаны рас. Алайда бұл атап сақ көшпелілері арқылы осы жазба деректер пайда болудан бұрын орта жазықта қалыштасқан. Оның үстінен жоғарыда баяндалғандай, «қас» (қаш) сезін біз б.з.б. V ғасырдағы тарихтың атасы Геродоттың (б.з.б.484 - б.з.б.420) «Тарих» атты еңбегіндегі өзен, көл аттарынан тым жиі кездестіре аламыз.

Ендеше, ерте кезде өзенді, көлді, суды «қас» (қаш) дегендер кімдер? Олар өзен, суды қай кезде «қас» (қаш) деп атаған. Олар - Баба Сақтар және олардың Орта Азияда қалған, батысқа, шығысқа ауған тармақтары, сондай-ақ Сақтармен байланысты шығыстағы Фұндар, Үйсіндер, Наштелер және олардан ілгері орта жазыққа (ішкери Қытайға) сіңген байырғы терістік этностары. Олар бері болғанда б.з.б. мыңыншы жылдықтың соңдарында, ары болғанда осыдан 4 мың жылдардың аргы жағында өзенді, көлді, теңізді «қас» (қаш) деп атаған. Кейін бұл Хуаңхы (Сарыөзен) алабында «ға» немесе «га» (河-ның аргы ерте заманғы оқылуы) болыш, монғұлдарда «ғол», түркі тілдерінде жиналған су «көл» болыш өзгерген. Басқа түркі тілдеріндегі буын соңындағы -с/-ш дыбыстарының чуаш тілінде «-л» дыбысына алмасу заңдылығы барлығы белгілі. Осы заңдылық қазақ тілі мен басқа түркі тілдерінде де жолығады. Мысалы, қосын (қопшұн)/қол, жас/жыл (яш), бақсы (бақшы) /балшы, қостау/қолдау, тошту/толу, қасық (қопшук)/қалақ, жос/жол, т.б. Міне, бұл монғұл тіліндегі өзенді білдіретін «ғол»-дың байырғы

## **Я.Күмарұлы. «Қас» (қаш) түбірі және өзен-су аттары.**

сақтардың тіліндегі өзенді білдіретін «қас», «қаш» сөздерімен байланыстырылығын байқатады.

Қазірге дейін шығыста Хуаңхыдан тартыш батыста Дунайға, Египетке дейін, терістікте Мұзды мұхиттан онтүстікке Үндінің терістігіне дейін ең кең жайлған, ең кең мәдениет таратқан этнос Сақтар деп танылады.

1907 жылы Түркіменстанның онтүстігінде Анаудан бір байырғы мәдениет жұрты байқалды. Бұл алғашында б.з.б. 9000-жылдардың мәдениеті деп тұжырымдалды. Кейбір галымдар бұл туралы бәлкім 4000 жыл артық есептелген болар деп қарады. Бұл жүргіттан қыш бүйымдар табылды. Үлгісіне қарағанда, тамаша әсемнөрлік ұлғіге және дәстүрге ие екендігі байқалады [8]. 4000 жыл артық есептелген болса да б.з.б. 5000-жылдар айналасы болады.

«Жоруымызша, белгісіз бір жерден, сузызыққа тап болған бір топ, амалсыздан өздерінің әсемнөрі мен мәдениетін алыш осы оргалықтан үш бағытқа ауған. Егер бұл ұлғ емес әсемнөр болған болса, онда шығысқа беттеп Қытайға, Манжурияға және солтүстік Америкаға; онтүстікте Үндінің терістігіне; батыста Еламға (Elam), Шумерге, Египетке беттеп, тіпті Италия мен Испанияға дейін жеткен» [9]. Бұл аса көреген болжам екені белгілі. Осы болжамға сай бұл мәдениеттің иелерінің қыыр шығысқа беттеген бір бөлегі Еуразия даласы арқылы кем дегенде осыдан 7 мың жыл ілгері қыыр шығыстағы Хуаңхының (Сарыөзен) бойына жеткен. Мәдениеттің таралу жүлгесінен қарағанда, Хуаңхы алабына ұлу тотемі, қастасы мәдениеті, т.б. лар 7-8 мың жыл ілгері терістіктері далалық өңірлерден көшшелілер арқылы келген. Бұл Хуаңхы (Сарыөзен) алабына оргалық Азиядан батыс терістік арқылы мәдениет әкелген алғашқы топ болуы мүмкін. Егер ұлу тотемі мен қастасы мәдениетінің Америка үндістерінде де ұқсас мазмұнда таралуын ескерсек, бұл топ қыыр шығыс жеріне тіпті он мың жылдан бұрын жеткен болуы да ықтимал.

Әрине, жоғарыдағы жорамал тектен-тек шығарылған емес. Ол түсті керамика, қыш ыдыстар сияқты ең байырғы мәдениет ұлғілерінің таралу заңдылығы негізінде шығарылғаны мәлім.

**Өзен, көл аттарында байырғы «қас» (қаш) атауы неліктен мыңдаған жылдар бойы сақталған.**

Ұсақ жер аттары негізінен қазіргі немесе таяу заманғы түсінікті жер аттарымен қойылған. Ал, Балқаш, Каспий, Қанаң, Құнес, Текес, Қашқар, Қарақаш, т.б. өзен-су аттары салыстырмалы түрде өзінің ең байырғы қалшын сақтап қалған. Дей тұрғанмен, көптеген аса ірі өзен-су аттары өзгерген. Мысалы, Дунайдың байырғы аты «Ister», Донның байырғы аты «Tanais», Днепрдің байырғы аты «Borysthenes», Оралдың бұрынғы қазақша аты «Жайық», Волганың бұрынғы қазақша аты «Еділ», Амудың байырғы аты «Oxus», Сырдарияның байырғы аты «Jaxartes: Жәксөртес». Сол сияқты

Қара теңіздің де аты бұрын басқаша болған, т. б. Дүниеде қай жерлердің аттары ең арғы аттарын сақтай алған болса, сол жерлердегі тұрғындардың салыстырмалы түрде тұрақты болған болуы мүмкін.

Ал, біз талқыға тартыш отырган өзендердің «қас» немесе «қаш»-қа байланысты аттары Геродоттың дәуірінде (б.з.б.484 - б.з.б.420) Анатolia жерінде мол болғанымен, алайда қазір олардың көбінің аты мұлде өзгеріп, өзен, көл аттарында «қас», «қаш» түбірлері жоғалған.

Орта Азия мен Тарым алабында өзен, көл аттарында «қас», «қаш» түбірлерінің салыстырмалы түрде сақталып қалуы осы өңірде ілгерінді-кейінді қоныстанған арғы замандардағы Сак (塞种), Наште (月氏) Үйсін (烏孙) ұлыстарының және осы өңірлердің кейінгі тұрғындарының мәдениет және этникалық жақтардан жақындығы мен жалғастырын ұғындырса керек.

Археолог Уаң Бинхуа, Уаң Минжылар жазғанындей, осы өңірлерде ілгерінді-кейінді жасаған ұлыстардың «Кейі туыстас, енді біреулері түрліше елдерде өткен бағы заман тарихшылары түрліше атаған үқсас тайшалар болуы мүмкін. Мысалы, қытай тілінде жазылған кітаптар мен парсы құлыптастарында жазылған сақтардың оннан сегіз-тоғызы ежелгі грек авторларының деректеріндегі Скиф, ал Иүзлер мен Массагеттердің, Үйсіндер мен Исседондардың түрліше деректелген үқсас бір тайшалары болуы мүмкін. Бұндай көшшелі немесе жартылай көшшелі ұлттар белгілі бір мезгіл ішінде аралас жасаған, іргелес қоныстанған. Кейде бір біріне сіңіп те кетіп отырган» [10]. Байырғы бір тарихи еңбекте: «Сақтар бұрын Хыши аңгарын мекендеген, кейін батысқа қоныс аударған» деп «Ханнамада» жазылған делінген [11]. Алайда бұл дерек «Ханнаманың» кейінгі нұсқаларында жолықпайды. Қалай дегенмен, түрлі тарихи деректерден Үйсіндер Іле алқабына көшші барғаннан кейін ол жердегі Сак, Наште этностарымен араласқандығы, ал одан да бұрын сақтардың да үйсіндер мекендеген Хыши жерінде тұрғандығы байқалады. Осы заманғы мәдениет тарихын зерттеуші ғалымдар да сонау бағы заманда батыс және Орта Азия мен Қытайдың орта жазығы аралығында мәдениет алмастыруға дәнекер болғандарды сақтар деп таниды. Міне, бұлардың барлығы сонау Баба сақ заманынан осындей аралас жасаған халықтар өзен-су аттарын салыстырмалы түрде өзгеріссіз сақтай алғандығын аңғартады.

Фылымда Үйсін мәдениеті - Сақ мәдениетінің жалғасы, мұрагері деп танылады. «Қазірге дейінгі зерттелу тұрғысынан алғанда, археологияларға сай және қабір үсті құрылсынына, ақым құрылсынына, еліктің қойылуына, қабірден шыққан бұйымдарға қараш айырады. Былайша айтқанда, археологиялар күні бүгінге дейін мынау үйсін қабірі деп дәп басарлық нақтылы айғақ та, әсіресе бұлтартшай танырлық құлыптаст мәтериалын да таба алғаны жоқ. Сан мындаған молалар мен қала-қорған жүргітари бар. Сақтардың, үйсіндердің және наштегердің Іле, Ыстықкөл, Шу өзені өңірлерінде қалдырған

## **Я.Күмарұлы. «Қас» (қаш) түбірі және өзен-су аттары.**

қабірлерінің жасалу формасы мен қабір ішінен табылған бұйымдарда көптеген ұқсастықтар бар. Олардың қабір шекарасын айыру аса қын. Осы қабірлердің қайсының саққа, қайсының үйсінге, қайсының наштелерге тәуелді екендігін дөп басып айыру мүмкіндігі аз. Олардың арасында сақ, сармат, скиф, массагет, наште, үйсін, т.б. барлығы бар. Үйсін сақ қабірлерінің шарқы туралы тағы бір тұжырым - үйсін қабірлерінен соңшалықты аз және бірыңғай бұйымдар, ал, сақ қабірлерінен біршама мол әрі алуан түрлі бұйымдар шыққан. Бұл құбылысты түсіндірген адам да жоқ» [12].

Таяу жылдардан бері біздің оқымыстыларымыз қазақ даласындағы жер аттарының төркіні туралы көбірек мақала жазумен айналысып келе жатқаны, сондай-ақ жер аттарының төркінін мүмкіндігінше қазақ тілінен сабакташ шығаруды көздейтіндігі байқалады. Біздің жоғарыдағы талдауларымызға негізделгенде, жер аттарына сандаган ғасырлар мен тарихтардың таңбасы басылғандығын, кей жер аттарының арғы сорабының неше мың жылдың арғы жағынан бастау алатындығын аңғарамыз. Сондықтан жер аттарының төркінін қарастыруда барынша ғылыми да байсалды позиция ұстанғанымыз абзал.

Еуразия ұлы даласында тарихта ұлттар ме ұлыстар сан сапырылысқан. Жер аттары әр дәүірлерде барынша өзгеріске жолығып отырган. Жалпы өзен-су, тау және елді мекен аттарын салыстыру, жер аттарындағы өзгерістерге зерттеу жасау аса қажетті. Әсірсөз грек, араб, парсы авторларының еңбектеріндегі, қытай деректеріндегі, көне түркі ескерткіштеріндегі, байырғы қазақ ауыз әдебиетіндегі, сондай-ақ соңғы кездердегі бар жер-су аттарын салыстыру сияқтылардың барлығы әрі тарих зерттеуге, әрі тарихи жазбаларының сенімділігі мен ондағы көрсетілген жер аттарын айқындауға пайдалы.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Махмұт Қашқары: «Түркі тілдер сөздігі», 1-том.
2. Harold Walter Bailey: The Culture of the Sakas in Ancient Iranian Khotan, New York, 1982, pp. 14-15.
3. 岑中勉: «汉书西域传地理校释»
4. 不拉音·穆提义: «塔里木绿地若干古城地名溯源», «西域研究», 1997年第二期.
5. [古希腊]希罗多德著; 徐松岩译注: «历史», 上海三联书店, 2008年, 第518-620页.
6. 桥本万太郎 (Хашимато): «Gengo ruikei chiru ron». 1978ж, Токио. Қытайша басылымы 1985-жыл, Бейжин, 72-76-бет.
7. 洪明: «汉语《河》词源考», 浙江大学学报(人文社会科学版), 2004年第1期, 第63-69页.
8. [美] Will Durent: The story of civilization our oriental heritage, 青海人民出版社, 1998年, 130页.
9. Keith, I. c; II, 507, CAN, I, 362, Coomaraswamy, History, 3.

## **ТҮРКОЛОГИЯ, № 1-2, 2010**

---

10. Уаң минжы, Уаң минхуа: «Үйсін зерттеу», Хинжикаң халық баспасы», 1989 ж. 455-459-б.
11. 收有萧梁荀济的《清废佛法表广弘明集》.
12. Уаң минжы, Уаң минхуа: «Үйсін зерттеу», Хинжикаң халақ баспасы», 1989-жылды, 455-459-бет.

### **REZUME KUMARULU Y. (Urimchi)**

#### **THE ROOT OF ‘KAS’ (KASH) AND NAMES OF RIVERS AND LAKES**

This article discusses the names of rivers and lakes created by the roots ‘kas’ (kash) in Central Asia. With the help of analysis (analysis) more than rivers and lakes of the works of Herodotus ‘History’ and modern than 2500 names of rivers and lakes, it is concluded that the root of the ;Kas’ (kash) is the Saka word ‘water’, ‘lake’, ‘river’ occurring on ancient Saka territories.

Аябек БАЙНИЯЗОВ

ТҮРКІ ТІЛДЕРІ СӨЗДІКТЕРІНДЕ ЕТІСТІКТЕРДІҢ АТАУ СӨЗ РЕТИНДЕ  
БЕРЛІУ ЖАЙЫ

*В данной статье рассматривается проблема передачи глаголов в реестрах в нулевой форме, а также при помощи суффиксов -у, -мак, -ар в тюркоязычных словарях. Кроме того автор обращается к вопросу передачи некоторых форм глаголов в казахской лексикографии и высказывает личную точку зрения по данному вопросу.*

*Makalede Türk dilleri sözlüklerinde filler madde başı olarak alındığında bazen mastar eki olmadan, bazen -u, -mak, -ar eklenecek verildiği hakkında bahsedilmektedir. Yazar bunula birlikte Kazak sözlükçiliğinde fillerin nasıl bir şekilde kullanılmakta olduğunu ve bununla ilgili görüşlerini ortaya koymaktadır.*

Лексикографияғыныңда сөздікке лексикалық бірліктерді атау сөз (негізгі сөздік тұлға) ретінде қандай грамматикалық тұлғада беру туралы мәселе сөздік құрастырудың әрдайым негізгі, өзекті мәселелерінің бірі болыш қала береді. Әр тілдің өзіндік жүмсалу ерекшелігіне орай, негізгі сөздік тұлғаны таңдауда ескерілуі қажет шарттар бар. Басты шарттардың бірі – сөздікті пайдаланушыға сөздің түбір тұлғасы айқын көрінуі. Мәселен, етістіктер бүйрық рай тұлғасында: көңсі-, күлгенсі-, қажы-, қой-, той- жұмсалғанда, олардың толық грамматикалық құрылымы сақталатындығын көреміз. Егер сөздік тұлғада етістіктерді –у жүрнақты: көңсу, күлгенсу, қажу, қою, тою тұлғасында жұмсасақ, оның түбір тұлғасын тану қындыққа соғуы мүмкін. Мақаламызда қазақ және түркі тілдерінің сөздіктерінде етістіктердің қандай тұлғада берілші жүргендігі жайлы айта келіп, осы мәселеге байланысты айтылған шікірлер мен өз оймызды ортаға салдық.

Сөздік мақаланың құрылымы атау сөздің тұлғасына, оның грамматикалық қасиетіне тікелей байланысты болады. Сөздіктеге атау сөз түрінде көлтірілетін бірліктең негізгі сөздік тұлғасы болады. Бұл туралы М.Малбақов былайша жазады: «Негізгі сөздік тұлға (основная словарная форма, main entry word/ form of head-word) терминінің тезаурус бойынша анықтамасы: *сөздік бірімі, вокабула түрінде, сөздіктің сол жағында орналасқан сөздік тұлға*. Бұл термин сөздік бірімдердің категориялық белгісін білдіретін негізгі тұлғаны көрсетеді. Сол себепті тезаурустағы анықтама сәтті шыққан дең айта алмаймыз. А.Е.Карпович негізгі сөздік тұлғага: «сөздік мақаладағы белгілі бір сөз табына жататын бірліктер үшін дәстүрлі түрде таңдалып алынатын грамматикалық тұлға» түрінде анықтама береді [1]. Біз осы шікірді негізінен қолдай отырыш, негізгі сөздік тұлғаның сөз табына жататын бірліктермен қатар «түрлі сөз категориялары мен тоштарына жататын бірліктер үшін» де таңдалып алынатын тұлға болуын жөн санаімыз. Соңықтан қазақ лексикографиясында осы екі мағынада қолдануды ұсынамыз. Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігінің кіріспесінде: «...Осындай екі-үш түрде айтылатын сөздің әдеби тілде көбірек кездесетін вариантын негізгі реестр сөз етіш алдық» деген жолдар кездеседі. Бұл жерде негізгі сөздік тұлға туралы сөз болыш отырғаны анық. Көп томдық

түсіндірме сөздіктің бірінші томындағы кіріспеде: «...қазақ тілінде сөз тудырудың амал-тәсілдері де, олардың қалыштасқан түр-түрлері де аса мол болуына байланысты олардың қандай түрлерін лұғаттық мақалаға тірек сөз я тірек форма ету жайындағы мәселе - қазақ лексикографиясының тәжірибесінде түбегейлі анықталмаған мәселе» деген сейлем кездеседі [2.15]. Осындағы лұғаттық мақалаға тірек сөз, лұғаттық мақалаға тірек форма тіркестерінде де негізгі сөздік тұлға туралы сөз болып отырғаны белгілі. Негізгі сөздік тұлға боларлық форма таңдауда қандай өлшемдердің негізге алынуы қажет деген мәселең тілдің грамматикалық құрылышындағы ерекшеліктерді ескере отырыш шешу қажет. Оndай тұлғаның тілдегі дәстүр бойынша белгіленетін кездері де болады. Мәселең, түркі тілдеріндегі етістіктердің негізгі сөздік тұлғасына назар салар болсақ, қыргыз, алтай, чуваш тілдерінде бүйрық райлы түбір етістіктер (жаз-, ал-, бар-), ал түрік, өзбек, үйғыр, азербайжан тілдерінде - мақ тұлғалы етістіктер, хақас тілінде етістіктің барыс жалғаулы түрі қолданылады.

Түркі тілдеріндегі етістіктердің табиғатын арнайы зерттеген түркітанушы-ғалым М.Оразовтың еңбегінен түркі тілдерінде қымыл атауларының бірнеше нұсқалары қосарлана жүретінін аңғарамыз. Мәселең, қарақалпақ тілінде – у, – мақ; ноғай тілінде – мақ, – мек, – ыс, – ис, – ув, – уъв, – гы, – ги; құмық тілінде – мақь, – мек, – ыв, – ив, – ув, – үв; қарачай-малқар тілінде – ръя, – ргъе, – мазғъя, – мезге; татар тілінде – у, – рға, – ргә, – маска, – мәскә; башқұрт тілінде – у, – ү, – мақ, – мәк; алтай тілінде – у, – ү, – ыщ, – иш; қыргыз тілінде: – oo, – ыщ, – мақ, – гы; өзбек тілінде: – ыщ, – иш, – ув, – мок; үйғыр тілінде: – у, – мақ, – мәк; түркмен тілінде: – ыщ, – иш, – ас, – ес, – мақ, – мек; азербайжан тілінде: – мақ, – мек; гагауз тілінде: – дық; қарайым тілінде: – ма, – мах; тоғалар тілінде: – р, – бос т.б. Салыстыра қарайтын болсақ, қымыл атауы қосымшасы ретінде, негізінен – гу, – гү, – ув, – у; – мақ, – мек; – ыщ, – иш, – ыс, – с және – рға, – ргे қосымшалары қолданылады [3.220]. Сөздік жасау кезінде осылардың біреуіне басымдылық беріледі. Э. Умаров сөздікке байланысты мақаласында Н.Юсуфхужаеваның өзбек тілінің түсіндірме сөздігін жасауда – ыщ, – иш, – ув, – мок жүрнәктарының ішінен – мок аффиксінің басқы сөзде алғанын құттатаған [4.11].

Екітілді азербайжан және 1945 жылдан бері тогыз рег жаңартылып, түзетулер енгізіліп басылған түрік тілінің түсіндірме сөздіктерінде – мақ тұлғасының төмендегідей көрініс ташқанын көреміз. ВАРМАГ. Доходить, достигать, достичь [5.78], *Varmag* f. 1- *Gitmek, ulaşmak, gelmek, gelip ulaşmak, varmak...* [6.1195]. *buruşmak* (*usz*) 1. *Düzungülübü bozulmak, üzerinde kırışık ve katlamalar olmak....* [7.362].

Қазақ лексикографиясының тарихына көз жүгіртер болсақ, Ю.Клаэрот [8], Е.Букин [9], И.Лаштев [10] сөздіктерінен -мақ тұлғасын, Н.И.Ильминский сөздігі [11] мен «Қазақша - орысша сөздікте» [12] бүйрық райлы тұлғаны, Т.Бокин сөздігінде [13] етістіктің I және III жақ тұлғаларын көреміз. Сөздіктердің біразында түйік етістік тұлғасын байқауға болады. Жекелеген хрестоматиялар мен орысша - қазақша сөздіктерде -ар/-ер, -уга/-уге тұлғалары кездеседі. Бұл

## А.Байниязов. Түркі тілдері сөздіктерінде етістіктердің ...

кездейсоқ құбылыс емес. Қазақ тілінде, шынында да, осы аталған тұлғалардың барлығы да бір кездері қолданыста болған, тіпті қазіргі кезде де ұшырасатындары бар екендігі анық. Ұлы Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінде - мақ (Жаздым ұлғі жастарға бермек үшін) [14; 15] және -ар, (-ер, -р) тұлғаларының бұл қызметте қолданылуы ақынның халық тілін сарқа пайдаланғанын көрсетеді [16.15]. Махамбет өлеңдерінде де -ар/-ер, -арға/-ерге, -уга тұлғалы етістіктердің қолданысы жиі байқалады [17]. Солай бола тұра, сөздіктерде етістік атаулының бір негізгі сөздік тұлғамен берілуі міндет екендігі анық.

Он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» атты еңбекте сөздіктे түбір, туынды түбір, етістіктер сөздік мақаланың тақырыбы ретінде алынып, мағыналары ашылып көрсетілетіндігі және етістіктердің қай етіске жататыны түсіндірmedе байқалыш тұруға тиістігі айтылып, етістерді де нөлдік тұлғада берген. АЙМАЛАС = ет. Сүйісу, құшақтасу, өбісу. [18.23]. Көшшілкітің қолдануына ыңғайлы етіп шығарылған 1-томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» де етістіктердің нөлдік тұлғада жұмысалғанын көреміз. ГУЛЕ 1. Гу-гу дыбыс, үн шығару; үілдеу... [19.180]. 50 мың сөзден тұратын, жалпы редакциясын Р.Ф.Сыздықова мен К.Ш.Хұсайын басқарған «Қазақша-орысша сөздік» атты қомақты еңбекте бүйрек рай тұлғасында берілгенін көреміз. БАҒАЛА – 1) определять стоимость; назначать цену, оценивать *что-либо* ... [20.109]. 32 мың сөз бен сөз тіркесінен тұратын «Қазақша-түрікше сөздікте» де нөлдік тұлғада берілген. ГУЛЕ – (guvle-) ет. Ses çıkmak, uğuldamak: Жел гулеп түр Rüzgar uğulduyor. [21.90]. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде етістіктер бүйрек рай тұлғасында берілген. Осы шешімді дұрыс деп ойлаймыз. Себебі бұл контекске байлаусыз, нөлдік тұлға. Сонымен бірге, сөздікте етістіктің түйік райлы тұлғасы да міндетті түрде берілу керек екендігін айтуда керек. Себебі ол қымыл атауышың көрсеткіші, процестің атавы, етістік пен есім арасындағы көшір іспеттес тұлға» [22]. Дегенмен екітілдің кейбір сөздіктерімізде және тіл үйрету оқулықтарының соңындағы жиі қолданылатын сөздер сөздігінде – у тұлғасында беру үрдісі басым. Бұл авторлардың өзге ұлттың өкілдеріне тіл үйрету барысында қазақ тілінің етістіктерін түйік рай түрінде берілгені дұрыс деген көзқарастарынан туындауы да мүмкін (Б.А.). АДЫМДАУ шагать; адымдаш өлшеу мерит шагом [23.13], кеңейту – расширять [24. 574].

Жоғарыда айтылғандай, туыстас тілдерінің (қыргыз, алтай, чуваш) сөздіктерінде нөлдік тұлғаның пайдаланылып келгені мәлім. Бұл тұлғаны түркі лексикографиясында бірінші больш қолданған ғалым – В.В.Радлов [25]. XX ғасырда жасалған қазақ сөздіктерінің көбісінде, атап айтқанда, екі томдық түсіндірме сөздікте, он томдық түсіндірме сөздікте, Х.Махмудов пен F.Мұсабаевтың «Қазақша-орысша сөздігінде», екі томдық «Орысша-қазақша сөздікте» негізгі сөздік тұлға – у тұлғалы түйік етістік формасы болды. В.П.Берков негізгі сөздік тұлғаны таңдаудың үш түрлі жолын көрсетеді. Ғалымның айтудынша, біріншіден, мұндай тұлға ретінде ең контекске тәуелсіз,

сейлемнен тыс қолданылу мүмкіндігі мол тұлға алынуы керек. Екіншіден, морфологиялық тұрғыдан қарастырганда, мұндай тұлға дыбыстық құрамы жағынан да, графикалық жағынан да өзімен түбірлес сөздердің негіздерімен сәйкес келетіндей нөлдік тұлғада болу керек [26]. Алғашқы екі өлшем бойынша ең тиімді тұлға – бүйіркы райты түбір етістік.

Етістіктің негізгі сөздік тұлғасы ретінде латын лексикографиясында – осы шақтағы жекеше бірінші жақ көрсеткіші, арабтарда – өткен шақтағы жекеше үшінші жақ, ағылшын, француз тілдерінде – инфинитив, бірқатар түркі тілдерінде – мақ/мек, татар және башқұрт тілдерінде – тұйық етістіктің –у тұлғасы қолданылып келеді. Өткен гасырдағы қазақ сөздіктерінде де негізінен осы тұлға қабылданған еді. Біз бұл тұлғаның басташқы кезде инфинитивтің баламасы ретінде алынған болар деген ойдамыз. Қазақ тіліндегі қайпсылық: -у тұлғасының қымыл есімдері тұлғасымен сәйкес келуі. 1999 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің сөздігінде» етістік нөлдік тұлғада берілді. Біз өз тараҧымыздан осы пішімді жөн санаймыз.

#### **ӘДЕБІЕТТЕР**

1. Карпович А.Е. О лексикографической терминологии // Современная русская лексикография / Сб. ст. – Л., 1977. – 210 с.
2. Ысқақов А. Кіріспе сез // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-том. –Алматы: Фылым, 1974. – 3-22 66.
3. Оразов М. Етістік (грамматикалық формаларының қалыптасуы мен дамуы). Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2001. – 387 б.
4. Умаров Э. Луғат бўлими/Ўзбек тили ва адабиёти. Тошкент: Фан нашриёти, 2006 – 100.
5. Азербайджанско-русский словарь. Баку: Азербайджанское Государственное издательство, 1985. – 418 с.
6. Azerbaycan Türkçesi Sözlüğü. İstanbul, 1994. I,II - cilt. – 1292 s.
7. Türkçe Sözlük. Ankara: TDK-Türk Dil Kurumu, 1988. I,II - cilt. – 2523 s.
8. Томанов М., Малбақов М. Г.Ю.Клапрот қазақ тілі жайында // КР ҰFA Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1989. – №1. –3-9 66.
9. Букин И. Русско-киргизский и киргизско-русский словарь. – Ташкент, 1883. – 240 с.
10. Лаптев И. Материалы по казак-киргизскому языку. – М., 1900. – 120 с.
11. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. –Казань, 1861. –160 с.
12. Киргизско-русский словарь. – Оренбург, 1897. – 240 с.
13. Бокин Т. Русско-киргизский словарь. – Верный, 1913. – 50 с.
14. Абай. Қалың елім, қазағым. –Алматы: Атамұра, 2002. – 224 б.
15. Абай. Қарасөз, поэмалар. –Алматы: ЕЛ, 1993. – 272 б.
16. Сыздықова Р. Абай шығармаларында –ар (-ер,-р) жүрнақты тұлғаның қолданылуы// КССР FA Тіл мен әдебиет институтының енбектері. – Алматы, 1959. 1-том. – 67 б.
17. Махамбет. –Алматы: Арыс, 2001. – 160 б.
18. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық Құраст. Т.Жанұзақов, С.Омарбеков, Ә.Жұнісбек және т.б. – Алматы: Арыс, 2006. 1-том. – А – А. – 752 б.
19. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
20. Қазақша-орысша сөздік. Редакциясын басқарған Р.Ф. Сыздықова, К.Ш.Хұсайын. Алматы:

## **A.Байниязов. Түркі тілдері сөздіктерінде етістіктердің ...**

---

Дайк-Пресс,

2002. – 1008 б.

21. К.Коч, А.Байниязов, В.Башкапан. Қазақша-түрікше сөздік. Түркістан: Тұран, 2003. 637 б.
22. Малбақов М. Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің құрылымдық негіздері: филол. ғыл. докт. ...дисс.: 10.02.02 –Алматы, 2003. – 357 б.
23. Казахско-русский и русско-казахский словарь/Сост. П.В. – Костанай: ТОО Центрально-Азиатское кн. изд., 2008. – 820 с.
24. Бектурова А.Ш., Бектуров Ш.К. Казахский язык для всех. Алматы: Атамура, 2004. – 720 с.
25. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Т. - 1- 4. СПб, 1893-1911.
26. Берков В.П. Вопросы двуязычной лексикографии. – Л., 1973. – 190 с.

### **REZUME BAYNIYAZOV A. (Turkistan)**

### **THE USAGE OF VERB ITEMS IN DICTIONARIES OF TURKISH LANGUAGES**

The article deals with verbs which are used sometimes as vocabulary items – in zero forms, sometimes in: - y, - мақ, - ap forms in Turkish dictionaries. The author writes about the usage of the verbs and expresses his own viewpoint in Kazakh lexicography.

ЖЕТИ АТА ТІРКЕСІМЕН КЕЛЕТІН ТҮРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ  
АҒЫЛШЫН ТІЛНЕ АУДАРЫЛУ МӘСЕЛЕСІ

В данной статье рассматривается проблема перевода казахского реалия «жеті ата» (седьмое колено) и устойчивые фразеологические сочетания с словосочетанием «жеті ата» с казахского на английский язык. Для этого автор делает семантический, коммуникативно-функциональный анализ казахского фразеологизма. Результатом, полученным из проведенного анализа, позволяет сделать правильный перевод реалия «жеті ата» и других фразеологизмов с казахского на английский язык. Всего было переведено 7 фразеологизмов с несколькими соответствиями.

Makalede kazaklarda 'yedi at' (jeti ata) olgusunun inglez diline çeviri problemi ele alınmaktadır. Aynca deyimlerin anlamsel, işçevsel ve kötümükatıv tablili yapılmaktadır. Bu tablil görevinde de 'yedi at' olgusunun degrî çevirisini yapılmasına imkan sağlanacaktır.  
Bu makalede 7 deyim çevrilmiştir.

Аталмыш жұмыстың мақсаты - жеті ата тіркесімен қатар келетін түрақты тіркестерінің дұрыс эквивалентпен аударылуы, яғни екі тілдегі тілдік айырмашылықтарды нормативке сай жоқ ету (нейтролизовать). Бұл мақсатқа жету үшін ең алдымен эквивалентті түрде аудару дегеніміз не деген сұраққа жауап берейік. В.Н.Комиссаровтың еңбекінде «Важнейшая задача теории перевода заключается в выявлении языковых и экстралингвистических факторов, которые делают возможным отождествление содержание сообщений на разных языках. Общность содержания (смысловая близость) текстов оригинала и перевода называется эквивалентностью перевода (оригиналу). Полностью или частично эквивалентные единицы и потенциально равносильные высказывания объективно существуют в ИЯ и ПЯ, однако их правильная оценка, отбор и использование зависят от знаний, умений и творческих способностей переводчика, от его умения учитывать и сопоставлять всю совокупность языковых и экстралингвистических факторов» [1. 47]. Яғни тілдік және экстралингвистикалық ерекшеліктерді ескере отырып, мүмкіндігінше тілдік бірліктік коммуникативтік қызметтің сактай отырып аудару тіл бірлігінің эквивалентін беру болып табылады.

Эквивалентті аударма көп жағдайда сөз, сөз тіркесінен ауқымдырақ көлемді құрылыммен, яғни мәтінмен жұмыс жасайды. Ал осы мәтіндерді дұрыс эквиваленттілікпен аударуда ең жиі немесе үнемі қолданылып отыратын бірліктерді сәйкес бірліктері деп атайдыз. В.Н.Комиссаровтың сөзімен айтқанда: «Единица ПЯ, регулярно используемая для перевода данной единицы ИЯ, называется *переводческим соотвествием* этой последней» [1. 134].

Аудармашы ретінде біздің міндетіміз – аудармашылық сәйкестік жоқ болған жағдайларда ұтымды сәйкестік таба алу. Осы арада аталған мақсатқа

жету үшін қандай талаптарды орындауымыз қажет деген орынды сұрақ туындауды. Ол үшін біздің аудармамыз мынадай талаптарға сай болуы тиіс [2. 53]:

1. Коммуникативтік қызметі жағынан аударылуши тілге қатысты эквивалентті болу;
2. Семантикалық-құрылымдық жағынан мүмкіндігінше бастапқы тілдің аналогы болуы қажет;
3. Аудармашылық түрлендірудің шегінен шығатын ауытқушылықтардан таза болу;

Сонымен, бірінші талап бойынша жеті ата тіркесінің коммуникативтік қызметі қандай деген сұраққа жауап береміз. Аудару кезінде осы жеті ата тіркесінің коммуникативтік қызметінің ерекшелігін ескере отырып аудару қажет. Әдеби-көркем тіркестердің коммуникативтік қызметі – тілдік реңкті байыту, тілді көркем ету, қабылдаушыға жеткізетін ақпаратты нақышты, бейнелі және көркем етіп жеткізу. Сол себепті аудару барысында мүмкіндігінше аударма аналогтың да осындай реңкке ие болуын ескеру қажет. Жеті ата тіркесінің коннототивті мағынасын аша білуге тиіспіз.

Екінші талап бойынша семантикасы сақталуы керек.

Үшінші талап бойынша аударма нәтижесі қысынды түрде түрленуі керек. Ендеше, біз аудару кезінде үшінші негізге сүйене отырып, сөзбе-сөз аударманың орнына семантикасы сай келетін басқа бірлікпен аудара аламыз деген түйін жасай аламыз.

Енді балама табу процесін қалай жүргіземіз деген сұраққа тоқталайық. В.Н.Комиссаров өз еңбегінде: «Процесс перевода включает, по меньшей мере, два этапа: уяснение переводчиком содержания оригинала и выбор варианта перевода» [1. 158]. Яғни бірінші кезекте тіркестің семантикасын немесе мағынасын өзіміз үшін ашып аламыз. Мағына дегенде аудармашы ретінде біз аударылуши бірлікке қатысты барлық фондық ілімді қамтып отырып айтудамыз. Екінші - сол мағынаға сай сәйкестікті табу, қажетті нұсқаны таңдау.

Сонымен, қарастыратын тіркес - *жеті ата тіркесі*. Жеті ата тіркесі сөздікте [3] — to the seventh generation баламасымен берілген. Алайда, жеті ата тіркесі сөзбе-сөз аударылғанда ағылшын тілінде экстралингвистикалық контексті мұлдем жеткізе алмайды. Экстралингвистикалық контекст дегеніміз: «Ситуативный (экстралингвистический) контекст включает обстановку, время и место, к которому относится высказывание, а также любые факты реальной действительности, знание которых помогает Рецептору (и переводчику) правильно интерпретировать значения языковых единиц в высказывании» [1. 142]. Қазақ ұлтында жеті ата тіркесінің қамтитын ауқымы кең, салтымында, ұлттық ұғымымында алатын орны ерекше. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде жеті ата тіркесіне мынадай анықтама берілген: *Жеті ата* – Арғы ата, ата-баба [4. 202]. С. Кенжеахметұлының «Жеті қазына»

кітабында «Жеті атаны таратып айтқанда былай болады: бала, әке, ата, арғы ата, баба, тұп ата, тек ата және тағы бір түрі: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, жекжат» [5. 33], - деп берілген. Ал қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде: *Жеті ата*. Арғы ата, ата-баба. Қазақтың ескі рулық жігінде ата, аталастық негізгі орынға ие. Бір кісіден тараған аталас қауым жеті атага жеткенде ақ түйе, боз қасқа сойып, үлкен жиын жасап, бұдан былайғы жерде қыз алысып, қыз берісуге болған. Міне, осыдан «жеті атадан әрі ғана қыз алысу» заңы Тәуекелің тұсында шыққан. Бертін келе алыс-жақындық өлшемі де осы жетімен өлшеніп, ислам дініндегі елдер, ең болмаганда, әр рудың жеті атасынан бергі шежіресін білуге міндетті болған. Жеті ата: бала, әке, ата, арғы ата, баба, тұп ата, тек ата (Кенжеахмет Сейітұлы) және тағы бір түрі: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, жекжат т.с.с. Қырғыз халқында жеті атасының атын білмеген түпсіз құл бол саналған, алтайлықтарда жеті атадан кейінгі аталарының атын табу арқылы беріледі» [6. 202].

Ал ағылшындарда жеті атага дейін қыз алыспау, жеті атага дейінгі аталардың аттарын жатқа білу, жеті атаны білу жетелікті білдіру деген сияқты ұғымдардың бірі жоқ. Сол себепті ағылшын тілінде жеті ата тіркесіне сай ағылшын тілінде контекстуалдық ауыстырма аударма таба алмаймыз. Соңдықтан аударманың бұл нұсқасын осы тіркеске қолдана алмаймыз. Калька тәсілін де бұл жерде қолдана алмаймыз. Сөз орайында кальканың анықтамасын бере кетелік: «Соответствия-к а л ь к и, воспроизводящие морфемный состав слова или составные части устойчивого словосочетания в ИЯ: backbencher - заднескамеечник». Ендеше сәйкестікің үшінші түрі аналог-сәйкестік беріп көрелік. Соответствия-аналоги, создаваемые путем подыскания ближайшей по значению единицы ПЯ для безэквивалентной единицы ИЯ: drugstore «аптека, witchhunter » мракобес, afternoon =» вечер [1. 148]. Жеті ата тіркесі көп жағдайда накты санамаланған жеті ата мағынасында емес, ал жалпы ата-баба, арғы тек мағынасында қолданылатынына түсіндірме сөздіктері анықтама дәлел бола алады. Соңдықтан жеті ата тіркесіне ancestors, яғни ата-баба, арғы тек деген аналогтық сәйкестік бере аламыз. Бұл жеті ата тіркесінің бір контекстегі баламасы. Сонымен, жеті ата тіркесіне бір аналог аударма табылды.

Сонымен қатар, жеті ата тіркесі кей мәтіндерде өзінің деннотативті мағынасында да жүмсалуы мүмкін. Бұндай жағдайда жеті ата тіркесін біз эквивалентсіз тіркес, реалия қатарына қосамыз. Өйткені С.Влахов пен С.Флориннің анықтамасындағы «реалия белгілі бір халыққа тән түрмис-тіршілігі мен мәдениетінің, тарихтың объектілерін айтатын сез немесе сез тіркесі» [7. 15], - деген анықтамаға сай келеді. Бұндай жағдайларға «В случае невозможности создать соответствие указанными выше способами для перевода безэквивалентного слова используется описание, раскрывающее значение безэквивалентного слова при помощи развернутого словосочетания» [1.149], - деп шешім береді.

## Ж.А. Жұмашова. Жеті ата тіркесімен келетін тұрақты сөз...

---

Сол себепті жеті ата тіркесін аударудың тағы бір тәсілі сипаттай аудару тәсілі деп шештік:

*Kemi ama – chain of seven great-grandfathers.* Amongst Kazakhs marriages till seventh generation were not allowed. Therefore the significance of knowledge of all seven great-grandfathers chains was very important. Those who do not know them were recognized as kinless and rootless and were not respected amongst others. This custom is still actual and even nowadays Kazakhs ask the names of their seven great grandfathers as the way of examining each other while introducing with each other.

Осы жасалған талдау нәтижесінде жеті ата тіркесіне бір ғана сәйкестік (единичное соответствие) емес екенін, бірнеше сәйкестік (множественное соответствие) бар екеніне көз жеткіздік. Нәтижесінде, жеті ата тіркесіне сөздікте мынадай аударманы беруді ұсынар едік:

*Жеті ата – 1. Chain of seven great-grandfathers. Amongst Kazakhs marriages till seventh generation were not allowed. Therefore the significance of knowledge of all seven great-grandfathers chains were very important. Those who do not know them were recognized as kinless and rootless and were not respected amongst others. This custom is still actual and even nowadays Kazakhs ask the names of their even great grandfathers as the way of examining each other while introducing with each other; 2. ancestors 3. to the seventh generation;*

Яғни бірінші кезекте жеті ата тіркесінің доминативті түрдегі аудармасы, екінші коннотативті түрдегі аналог аудармасы, ал үшінші сөзбе-сөз аудармасы берілді. Алайда сөздіктерде тіркестің өзіне ғана аударма берілумен шектелмейді. Осы тіркестерге мысал келтіріліп, бұл тіркеспен қатар жүруі мүмкін басқа да тіркестер аударылады. Сондықтан біздің ендігі мақсатымыз осындай тіркестер тізімін аудару.

Ендеше, қазақ тіліндегі жеті ата тіркесімен келетін біз талдайтын бірінші тұрақты тіркес – жеті ата жау. Жеті ата жау тіркесінің семантикасында жеті ата тіркесі күштепелі шырайда қолданылып тұр. Яғни бұл стилистикалық қызметте жұмсалып тұр. Сол себепті біз жеті ата жау тұрақты тіркесін аударғанмызыда осы стилистикалық, коммуникативтік қызметін жеткізуі бірінші мақсат қыламыз. Эрине, жеті ата тіркесін сөзбе-сөз аударсақ, ол ситуативтік контекстіге байланысты ағылшын тілінде өз коммуникативтік қызметін бере алмайды. Сол себепті біз жеті ата деген тіркеске қазақ тілінде басқа женілірек синоним іздейміз. Бұл қас жау деген мағынаға сай келеді. Сондықтан қас жау тіркесінің ағылшынша сәйкес аудармасын қарастырамыз. Олар: arch-enemy, the worst/bitterest enemy, a most vicious enemy, implacable foe, fast foe dire foe, sworn foe, formidable foe. Lingvo электрондық сөздігінен қас жау тіркесіне сегіз түрлі балама берілген. Соңғы төрт тіркес - өлеңдерде қолданылатын экспрессивтік қызметі жоғары тіркестер. Бұл тіркестердің қай-қайсысының болсын экспрессивтік мағынасы жоғары болғандықтан ешбір тіркесті ескерусіз қалдырмаған дұрыс. Олар бір-

біріне синоним бола алады. Соңдықтан жеті ата жау тіркесінің сәйкес баламаларын бірнеше нұсқамен береміз:

Жеті ата жау – 1. arch-enemy; 2 the worst/bitterest enemy; 3. a most vicious enemy; 4. implacable foe; 5. fast foe dire foe; 6. sworn foe; 7. formidable foe

Келесі тіркес – жеті ата, жеті түптен бері қарай. Жеті ата, жеті түптен бері қарай деген тіркестің тұра мағынасы ертеден, бұрыннан, ежелден деген мағынаны береді. Яғни бұл жерде де жеті ата тіркесі ескілікті асырмалы шырай мағынасында жұмсалып тұр. Сонымен бұл тұрақты тіркесті семантикасы ескіден, бұрыннан дегенді, ал коммуникативтік мақсаты ескілікті күшайтпелі шырай ретінде асырмалы түрде айту болып табылады. Соңдықтан сөздіктен ежелден деген сөзге балама іздейміз. Сөздіктен мынадай баламаларды таба аламыз: seven years ago; from way back, from time immemorial, since Adam was a boy, since ancient times, of yore, from of old, since olden times, from the earlies times, at all times; from of old; long since. Енді осы баламаларды қарастырып көреміз. Seven years ago баламасы қазақ тіркесіне ұтымды балама бола алады. Бұл баламалардың арасындағы of yore, from of old, since olden days, from the earliest times, from time immemorial деген баламалар архаизм сөздер болып табылады. Ал from time immemorial, since olden times поэзия тілінде қолданылады. Мына баламалар ауызекі сөйлеу стилінде қолданылады: from way back, for ages. Және жоғарыдағы баламаларды ішіндегі стилистикалық жағынан ең ұтымды болып саналатын тұрақты тіркесті балама - since Adam was a boy аудармасы. Бұл тіркестің коммуникативтік қызметі қазақ тіліндегі жеті ата, жеті түптен бері қарай тіркесінің қызметімен бірдей. Соңдықтан осы баламаны аналог ретінде алсақ, жаңылыспаймыз. Осы жерде айта кететін бір жәйт қазақ тілінен тікелей аудару арқылы мынадай балама алуға болады - since earliset times. Алайда бұл балама дұрыс болмайды. Өйткені ағылшынша бұл тіркес мәңгілік, ылғи, әрқашан деген мағынада жұмсалады. Енді аталған баламаларды өз ерекшеліктеріне қарай мынадай ретпен бергенде дұрыс санадық: Жеті ата, жеті түптен бері қарай – 1. ◊ since Adam was a boy 2. since ancient times, at all times; from of old; 3. поэз. from time immemorial, since olden times; 4. *архай.* of yore, from of old, since olden days, from the earliest times, from time immemorial 5. *ауызекі* from way back, for ages;

Ендігі тұрақты тіркестеріміз - жеті атасына бітпеген және жеті атасынан түк көрмеген. Бұл екі тіркесті қатар алған себебіміз екеуінің мағынасы бірдей. Мағынасы негативті, сінірі шыққан кедей дегенді білдіреді. Сөздіктен кедей, жарлы деген сөзді іздейміз. Нәтижесінде адамға материалдық кедейлігін білдіретін мынадай б 6 баламалар табылды: poor; destitute, indigent; beggar, mendicant, pauper. Бірақ стилистикалық тұргысынан ұтымды болуы үшін мына тұрақты тіркесті балама ретінде алғанымыз дұрыс болады: poor as a church mouse – шіркеудің тышқаны сияқты кедей. Бұл тіркес те қазақ тіліндегі тіркес сияқты күшайтпелі мағынада қолданылып,

## Ж.А. Жұмашова. Жеті ата тіркесімен келетін тұрақты сөз...

өзінің коммуникативтік мақсатын жақсы орындай алады. Сонымен бізде мынадай қатар шықты: Жеті атасына бітпеген, жеті атасынан түк көрмеген – 1. ♦ poor as a church mouse 2. poor; destitute, indigent; beggar, mendicant, pauper

Келесі тіркес – жеті атасынан қара көк тіркесі. Бұл тіркес алдыңғы тіркестерге қарама-қарсы мағынада өте бай, шіріген бай деген мағынаны береді. Оған ағылшынша мынадай балама беріледі: rich. Асырмалы шырай мағынасында болуы үшін very rich деп аударуымызға болар еді. Алайда, бұл жеті атасынан қара көк тіркесіне тым қарапайым балама болар еді. Сондықтан өте бай деген сөздердің баламаларын қарастырайық: passing rich, well-to-do, well-off, wealthy, affluent, well-to-do. Сонымен, осы тіркесті жоғарыдағы баламалармен береміз: жеті атасынан қара көк - passing rich, well-to-do, well-off, wealthy, affluent, well-to-do.

Мына тіркестің мағынасы алдыңғы тіркеске жақын: жеті атасын мал өлтірген. Бұл да - жағымсыз мағынада қолданылатын тіркес. Эбден ақшаға құнығып алған деген мағынаны білдіреді. Ол тіркеске мынадай баламалар табылды: жеті атасын мал өлтірген – 1. greedy for money 2. money-bags

Соңғы жеті ата тіркесімен қатар келетін тіркес – жеті атасын білмеген мұрт. Бұл тіркес нағыз қазаки тіркес деп айта аламыз. Өйткені жоғарыда атап еткеніміздей жеті атанды білу құндылығы тек қазақ ұлтына ғана тән ұлттық ұғым болып табылады. Бұл экстралингвистикалық контекстен хабарсыз өзге ұлт өкілдері осы тіркестің мағынасын түсінуі қыннга соғар сөзсіз. Қазақ халқы жеті атасын білмеген адамды қадірлемей, жетесіз деп атаған. Мұрт сөзі құл мағынасында жұмсалып, қорлау мақсатын одан сайын ұдете түседі. Бір сөзбен бұл тіркесті жетесіз, жетім деген мағынада қарасақ болады. Зерделеу нәтижесінде мына баламалар осы тіркесті ауыстыра алады деген шешімге келдік: жеті атасын білмеген мұрт – rootless, kinless. Алайда қазақ халқында шежірені білудің маңыздылығы ағылшын мәдениетінен жоғарырақ болғандықтан, қазақ мәдениетінің өкілі бұл тіркеске қатты ренжіп, көңіліне алады. Шынымен-ақ оны корлайды. Ал ағылшында жетесіз деген сөз ренжітуі шамалы. Сондықтан тіркестің коммуникативтік мақсатын жеткізу үшін worthless, contemptible, despicable деген сөздермен аударғанымыз дұрыс болады. Алайда, сөздіктे біз бұл аударманы ұсына алмаймыз. Бұл аудармалар аудармашының жеке шыгармашылық, тапқырлығына байланысты қолданылуы мүмкін. Немесе одан басқа да адамды қорлау мақсатында жұмсалатын ағылшын тіліндегі ауыр сөздермен беруге болады. Бұл – тек әр аудармашының жеке талғамына байланысты шешілетін мәселе. Ал біз сөздікке баламаны былай беруді ұсынамыз: жеті атасын білмеген мұрт – 1. rootless, kinless

Сонымен, жеті атамен келетін тіркестер аударылды:

1. Жеті ата – 1. Chain of seven great-grandfathers. Amongst Kazakhs marriages till seventh generation were not allowed. Therefore the significance of knowledge of all seven great-grandfathers chains were very important. Those who do not know them were recognized as kinless and rootless and were not respected

amongst others. This custom is still actual and even nowadays Kazakhs ask the names of their seven great grandfathers as the way of examining each other while introducing with each other; 2) ancestors 3. to the seventh generation;

2. Жеті ата жау – 1. arch-enemy; 2 the worst/bitterest enemy; 3. a most vicious enemy; 4. implacable foe; 5. fast foe dire foe; 6. sworn foe; 7. formidable foe

3. Жеті ата, жеті түптен бері қарай – 1. Seven years ago; 2 since Adam was a boy 3. since ancient times, at all times; from of old; 4. *noz*. from time immemorial, since olden times; 5. *apxau*. of yore, from of old, since olden days, from the earliest times, from time immemorial 6. *ауызекі* from way back, for ages; 4, 5. Жеті атасына бітпеген, Жеті атасынан түк көрмеген – 1. ◇ poor as a church mouse 2. poor; destitute, indigent; beggar, mendicant, pauper

6. Жеті атасынан қара көк - passing rich, well-to-do, well-off, wealthy, affluent, well-to-do. жеті атасын мал өлтірген – 1. greedy for money 2. money-bag

7. Жеті атасын білмеген мұрт – 1. rootless, kinless

Осы баламалардың ішінде ешқайсысы сәйкестіктің бірінші түріне сай келмейді. Өйткені бірінші түр бойынша аударылуны бірліктің барлық қырынан өз қалпын сақтай алуды керек. Бірінші кезекте тұрақты сез тіркестерін аудару барысында тіркестің тұра мағынасын емес, ауыспалы немесе көркем образды мағынасын аударуымыз керек. Сол себепті егер жеті атанды аудару кезінде тұра мағынасымен аударсақ, ағылшын тілділер мұлдем тұрақты тіркестерді түсіне алмайды. Бірақ екінші түрге сәйкес келетін аудармалар жасалынды. Олар: Жеті атасынан қара көк - money-bag; Жеті атасына бітпеген, Жеті атасынан түк көрмеген - poor as a church mouse; Жеті ата, жеті түптен бері қарай - since Adam was a boy. Қалған жағдайларда сәйкестік берудің үшінші түрі қолданылды. Алайда бұл аудармалар тіркестердің ұлттық-этникалық бөлшегін жеткізе алмайды. Өздерінің коммуникативтік қызыметін жеткізуі осы кемшілікті толықтыра түседі. Бұл баламалар сөздік жасауда өз үлесін қоса алады деп үміттенеміз.

#### **ӘДЕБІЕТТЕР**

1. Комиссаров В.Н. Теория перевода (лингвистические аспекты): Учеб. для ин-тов и фак. иностр.яз. - М.: Высп. шк., 1990. - 253 с.
2. Латышев Л.К., Семенов А.Л. Перевод: Теория, практика и методика преподавания. - М.: ACADEMA, 2003. - 192 с.
3. ABYY Lingvo 9.0 Многоязычный электронный словарь. Выпуск 9.0.2.76. Артикул 3564. 2003 ABYY Software
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/Қаз ССР Фылым акад. Тіл білімі ин-ты; [Ред. коллегия: И. Кенесбаев, А. Ысқақов (жауапты ред) ж.б.]. – Алматы: Фылым, 1978. – 672б.
5. Кенжеахметұлы, С. Жеті қазына. 1-кітап. – Алматы: Ана тілі, 2002. – 136б.
6. Кенесбаев, И. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Т. 1-2./Ред.: Ысқақов А., Әмірәлиев, Қ. – Алматы: Фылым, 1997. –712б.
7. Влахов С.С., Флорин С. Непереводимое в переводе М.: Международные отношения, 1980. – 215с.

REZUME  
ZHUMASHOVA Zh.A. (Almaty)

PROBLEM OF TRANSLATION OF STABLE PHRASES INTO ENGLISH WITH A  
COMBINATION OF 'ZHETI ATA'

The article analyzes the problem of translation of realy 'zheti ata' and idioms with word-combination zheti ata from Kazakh into English. In order to give the right equivalent in English the author had made semantic and communicative-functional analysis of each idiom individually. The results of the analysis let to make the right translation of word-combination жеті ата and the other idioms from Kazakh into English. Altogether were translated 7 idioms with several accords.

---

---

## ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

---

Роза ЖАЗДЫҚБАЕВА

### Б.КЕНЖЕБАЕВ – ТҮРКІШІЛДІК ИДЕЯСЫН ЖАҢҒЫРГУШЫ

*В статье рассматриваются ценные работы ученного-турколога Бейсембая Кенжебаева, которые доказывают, что казахская литература советского периода берет начало из древних времен.*

*Bu makalede Türkolog B.Kenjebayev'ın Sovyet dönemiindeki Kazak edebiyatının başlangıç tarihini eski devirlere ait olduğunu ispatlayan değerli eserler ifade edilmektedir.*

Бұғынгі таңда түркішілдік идеясын қолдаушылар мол. Жер шарының біршама болігін мекен еткен түркі халықтарының бір-бірімен араласуына да, бауырластықтарын түсінуіне де Кеңестік кеңістік шенбері ыдыраған кезден кейінгі еркіндік себеп болуда. Бұл түп-тамырызды жете зерттеу үшін де, тарих үшін де, өзімізді тани тусу үшін таптырмайтын мүмкіндік болды. Сондықтан да, түркілер турасында мақала жазу тұрмақ қарыс-қарыс көлемді еңбектер туындаш, тарих сахнасына көптеген түркітанушылар шықты. Археологиялық, тарихи тарараптар да жете зерттелуде.

Өткен ғасырдың орта шенінде «түркілер» деп сөз бастаудың өзі қорқынышты болатын десе бұғынгі күні ешкім сенбейтіндей. Мұндай ойлы адамды сол кездегі қаһарлы билік тұрмақ, қарашайым адамның өзі жау тұтатын еді. Қазақ тарихында уақыттың осындағы қатал сынына қарсы тұра білген бір-ақ адам бар. Біз «бір-ақ адам» деп сөз сантауымызға ешкімнің қарсы шықпасына да сенімдіміз, осы кезде жарық көрген барша материалдар дүйім қазақ жұртының ішінен түркішілдік идеясын жаңғыртушы ретінде Б.Кенжебаевты ғана көрсетеді.

Бейсембай Кенжебаев шығармашылығын сөз еткенімізде түркі халықтарына ортақ байланыстар мен әдебиетіміздің содан тартар тамыры туралы үлкен ерлік деуге саятын зерттеулерінен бастағанымыз орынды. Фалым бұл жолда көптеген кедергілерге де ұшырады, әйткенмен де, тыңғышты зерттеудің, дәлелдеудің нәтижесінде қазақ әдебиетінің тарихын бірнеше ғасырға ұзартып, түркі халықтарына ортақ байланыстарымыз турасындағы өз мақсатына жетті де.

Жалпы, Б.Кенжебаевтың 1950-1960 жылдардағы еңбектерін екі тараашен қарастыруға болады. Олардың біріншісі – түркі халықтарына ортақ әдебиет турасында болса, екіншісі – Сұлтандық мұт туралы зерттеулері мен «зар заман» өкілдері турасындағы туындылары. Түркілік тегімізге қатысты айтқанда ғалымның Ақмолла ақын шығармашылығын зерттеуі түркішілдік мақсаттарының алғашқы белестері еді. Ақмолла ақын туралы зерттеуі – түркі халықтар әдебиетін зерттеуге қосылған үлкен үлес дейміз. Фалым осы арқылы жәдидизмнің белсенді өкілі Ш. Маржанидың да есімін танытты.

Фалымға мерзімді баспасөз беттерінде сын садағының төпелеген кезі осы

## **Р.Жаздықбаева. Б.Кенжебайұлы – түркішілдік идеясын...**

уақыт. Өйткені, осы уақытта Маржани аты татар-башқұрт руханиятындағы пәлсапашы, тарихшы, қаламгер ретінде жоғары бағаланса, сол кездегі билік аясында атын атаудың өзі ғалымдар үшін қорқынышты еді. Ғалым бұл турасында: «Ақмолла татарлар арасында алғаш шыққан ұсулу жәдит ағымын, оның көрнекті өкілі Шаһабутдин Маржаниді дәріптейді, өзін жәдитпіл, Маржанидыш шәкірті деп жариялайды, Маржаниға арнаш өлең жазады, қарастырады» [1.43].

Ғалымның түркі халықтар әдебиетін бір жүйемен қарастыруында Ақмолла ақынның шығармашылығын зерттеуі көп мүмкіндіктерге жеткізген едbeck болды.

Шындығына үнділсек, түркілік идеясы - мақсатын зергтеуде сол кездегі қампсысының ұпсынан қан тампылап тұрган билік емес, ғалымға ең бірінші қарсы шыққандар қазақ әдебиеттанушылары еді. Ұлт әдебиетінің бастауында жалшы түркі жұрттына оргақ әдеби дүниелер түр деп тұжыруы – көптеген ғалымдарымыз тараپынан теріс бағаға ие болды. Біз бұл тұстағы зиялыштарымызды кінәламаймыз, өйткені Кеңестік кеңестікте түркілік тек турасында сөз ету түрмак, ұлт турасында әнгімеледің өзі аса қауішті болыш еді.

Қазак руханиятында Б.Кенжебаевқа дейін түрік халықтарына оргақ тамырластықты зерттеу аз болды. Бұл тұста зерттеулерді сөз еткенде И. Гаспрыларының түрік халықтарына оргақ өліш-би жасауы, Маржани жырларының жалшыхалықтық мәнгеге ие болуы мен Б. Кенжебаевтың «Орхон жазуы туралы» деп аталағын мақаласын ғана көрсете аламыз.

Сталиннің қанды зұлматында көз жұмған алаш азаматтарымен бірге түркілік тек турасында сөз қозғау де келмеске кетіш еді. Ал, бұл кездегі әдебиетте түркішілдік мақсат сарыны тек М. Жұмабаев жырларында ғана көрініс тапты. Одан кейінгі уақытта мұндай қауішті тақырышты сөз етіп, «плантуркис» деген жала жабылыщ, басын қатерге тігуді ешкім қаламады. Сондықтан да қазақ әдебиетінен бұл кезеңде тек Б. Кенжебаев еңбектерін ғана кездестіре аламыз.

Біз бұл тұста ғалымды түркі халықтар әдебиетін жете зергтеуші, толық жүйелеуші деп айта алмаймыз. Ғалым атын осынау оргақ идеяны сақташ қалғаны үшін күрметтеуіміз қажет. Бүгінгі осы салада жазылған еңбектер Б.Кенжебаев шәкірттеріне тиесілі болғандығын, ұстаз идеясын шәкірттерінің жалғастырғандығын көрсетеді. Өйткені, дүйім түркі халықтарының әдебиетін бір адамның зерттеп, зерделеуі ақылға сыймайтын тірлік. Сондықтан да біз Б. Кенжебаевты құрделі идеяның бастауында тұрган құрделі болмыс иесі ретінде танимыз, осы ойда жалғасуы – тек қазақ әдебиеті үшін ғана емес, жер шарының ауқымды бөлшегін иеленген халық үшін бұл үлкен жөніс еді.

Ғалымның жанкешті еңбегі турасында Д.Сарғбаева өзінің «Бейсенбай Кенжебаев – қазақ әдебиеті тарихын зергтеуші» деген еңбегінде: «Қазақ әдебиетінің түрік халықтарына оргақ ежелгі кезеңін қазақ әдебиеттану

ғылымында тұнғыш мәселе етіп көтерген, оны айтыс-тартыста негізденген көрнекті ғалым», - деп жазды.

Қазақ әдебиетінің тарихын бір ізге түсіру осы күнге дейін жалғасын тауыш келеді. Мұны әр ғалым өзінше тошылады. Бұлардың бастаудың академик Қ.Жұмалиевтің жүйелеуі түр. Қ. Жұмалиев «Қазақ әдебиеті» дейтін еңбегінде қазақ эпостары мен тарихы турасында шікірлерін жинақтай келе «...тарихта бірінші рет аты мәлім, шығармалары да бірінші рет өзінің атымен сақталған ақын - Бұқар жырау. Біз қазақ жазба әдебиетінің, әдебиет тарихының басы Бұқар жырау дейміз» деп жазып еді.

Б.Кенжебаевтың ауыз әдебиетіміздің бастаудың түркілерге ортақ әдеби ескерткіштерден бастап қарастыруы осы шікірден соң туындағандай. Қ.Жұмалиевтың шікіріне қарсы дүние - «Қазақ әдебиеті» газетінде «Қазақ халқының жазба әдебиетінің тарихы қайдаң, кімнен басталады?» деген тақырышпен жазылған Б.Кенжебаевтың мақаласы болды. Полемикалық дүниеде ғалым өз қарсылығын түрлі дәлелдермен көрсетіп:

«... қазақ халқы жазба әдебиетінің тарихын, профессор Қ.Жұмалиев айтқандай, XVIII ғасырдың екінші жартысынан, Бұқар жыраудан емес, онан көп әріден, шамамен айтқанда, VIII-IX ғасырлардан бері қазақ жерінде, сонымен шектес жерлерде, кейбірін қазақ жерін жайланаған басқа рулар мен халықтар өкілдері жасаған, қай-қайсысы болсын, бүгінгі қазаққа не түсінікті, не түсініксіз, бірақ бір кезде жашпай түсінікті болған, қазақ рулары қолданған тілдерде жасалған жазу-сызулады, жазба әдебиет нұсқаларын қазақтің деп айтуымызға, қазақ жазба әдебиетінің тарихына енгізуімізге әбден болады» [2], - деп тұжырымдады.

Бұқар жырауды жұртыймыз жазба әдебиет емес, ауыз әдебиетінің өкілі ретінде қарастыратындықтан бұл ақиқатқа негізделген шікір еді.

Бұған қарсы жазылған сынни мақаланың авторы академик Қ.Жұмалиев болды. «Қате шікір қағидаға айналмасын» [3] деген мақаласында Б.Кенжебаев шікірлерін мүлдем негізсіз деп таныш, мақаласын

- Б.Кенжебаев шікірі дәйексіз;
- Б.Кенжебаев шікірі не ел тарихына, не әдебиет тарихына үйлеспейді;
- Жазу тарихы мен әдебиет тарихын шатастырады;
- Б.Кенжебаев ұсыныш отырған шығармалардың тілі түсініксіз;
- Әдебиет тарихына енү үшін үзілмес желі болуы керек. Б.Кенжебаев айтқан жазу-сызуар Абайға дейінгі әдебиетті желілеп өкеле алмайды;
- Халық қуралмай, оның әдебиеті болмақ емес;
- Б.Кенжебаев ұсыныш отырған “поэзия” ұлғілері исламшылдықты уағыздайды;

- Мектепте, жоғары оку орындарында оқытуға келмейді», - дейтін шікірлермен тұздықтайды. Сонымен қатар, Б. Кенжебаев еңбегін мүлдем басқа арнамен түсіндіретін тұстары да мол. Атальының мақаласында: «Қазақ халқының жазба әдебиетінің тарихы қайдаң, кімнен

## **Р.Жаздықбаева. Б.Кенжебайұлы – түркішілдік идеясын...**

басталады?» деген мақаласы не ел тарихына, не әдебиет тарихына, не ғылыми тоғышлауларға маңайласпайтын сөуегейлік долбар» десе, енді бір тұста «VIII ғасырдағы тасқа жазылған әлдекімнің өмірбаяны мен хан-сұлтандардың араларында болған жарлық, жазу-сызуладардың жиынтығы әдебиеттің тарихын жасай алмайды» дейтін жолдарды да кездестіреміз. Сол замандағы биліктің әсері-дағы, сол әсер талай зиялдырымыздың көзін байлац, өз тегіне өзі қарсы сөйлеуге мәжбүрледі. Қ. Жұмалиев мақаласынан да осы мінезді байқаймыз: «Хисса сұл әнбие» - Адам атадан бастап, «Мұхаммед-мұстафа саллюлаһи алиуссәләмға» дейінгі пайғамбарлардың тарихын бағынтайтын болған. Бұл кітап өуелі Стамбулда, кейін Қазанда шығарылды, ислам дінін халыққа кең тарату мақсатымен әдейі жазылған діншілдердің бірден-бір мықты құралы. Қожа Ахмет Ясауи - XI-XII ғасырдағы Орта Азияға аты мәлім- аскет, аты шулы панисламист, жарық дүниеден безіп, жер астын мекен етіп, құдайды, пайғамбарды, дінді дәріптеген поэзияның авторы. Ол - барлық шығармасында өмірді емес, елімді, бұл дүние емес, о дүниені жыр еткен мистик. Шығыстағы мистицизмнің оймасы мен қоймасы» - деп қатқыл сөйлеуін бүгінгі күні авторды кінәлі санағ емес, биліктің жойқын кесапатының салдары деп түсінуіміз қажетті. Бұдан кейін осы басылым бетінде қос мақалаға жауап берушілер де болған. Полемикаға араласқан авторлардың бірі Қ.Жұмабалиев шікірін қолдаса, бірі Б.Кенжебаев идеясына дем берді. Бұл қатарда тілші-ғалым М.Ақынжановтың «Халықтың құралуы – жазба әдебиеттің түш қазығы» [4] дейтін мақаласын, Ә.Құрышжановтың «Кодекус қуманикус» - ескі мұрамыз» [5] дейтін мақаласын атай аламыз. Бірақ, көшілік тарашынан ғалым айтқан жүйелі сөзге назар салынбады және де, жалшылама сөйлегені болмаса Б.Кенжебаевтың ол кезде шікірін нақты дәлелдійтін аргументтері де болған жоқ. Соңдықтан да Қазақ ССР Ғылым академиясы жасаған «Қазақ әдебиетінің тарихында»: «Бұқарға дейінгі әдебиет нұсқаларында Асан қайғы, Сызыра жыраулардың да аттары айтылғанмен, олар тарихи адамнан гөрі де, ақызға айналып кеткен, тарихта қай кезде болғаны мәлім емес және олар айтышты-мыс деген толғау сөздер әр жерде әр түрлі айтылуын еске алсақ, олар әдебиет тарихының басы бола алмайды», - деп жазылды.

Ғалымның түркілік идеясын дамыту тұрасындағы еңбектерінің екінші сипаты – тарихқа қатысты. Өз ойын әдебиетте негіздеу мақсатында тарихқа жүгінеді. «Лениншіл жас» газетінде жарияланған еңбегінде қазақ тарихы туралы айта келе: «Қазақ тілі мен әдебиетінің тарихы туралы» дейтін мақаласында «Ерте заманда Шығыс Түркістанда, Шығыс-онтүстік Сібірде, Орта Азияда, қазіргі Қазақстан жерінде, тәменгі Еділ, Каспий бойында көлтеген түрік текті рулар, тайпалар жасаған. Олар бір заманда түрік қағандары деп, бір заманда ұйғыр, қарлук, қыпшақ, «Алтын Орда» мемлекеті деп аталған» [6].

Ғалымға ұлт әдебиетінің баға жетпес мұраларын ашу жолында тарихшылармен де шолемикалық мақалалар тартысына баруға тұра

келгендей. Осы ретте ғалым өзбек тарихшысы М.Эрматовтың жазбаларындағы шікірлер қайпышылығы, жаңсақтығын сөз етеді.

Ғалымның орасан зор еңбегі турасында Бейсембайтанушы Қ.Ергебек «Қайырымсыз уақыттың қайсар ұланды» дәйтін зерттеу-еңбегінде: «Түркі халықтарына ортақ кезеңдерден бастау алатын қазақ әдебиеті тарихының Бейсембай Кенжебайұлы жасаған дәүірлеу жүйесі қазір мейлінде мойындалған, мектеп окупшыларынан бастап жоғары оку орындарына дейін оқытылады. Сонымен қатар, бас-басына атап айттар болсақ, профессор Бейсембай Кенжебайұлы әдебиетіміздің түркі халықтарына ортақ ежелгі дәүірі, қазақ хандығы тұсындағы әдебиеті, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті кезеңдерін тың проблема ретінде алғаш көтеріп көшке жеткізген, концепцияға айналдырыш әдебиетте орнықтырған табанды, көреген ғалым» [7,113], - деп бағалағаны Б.Кенжебаевтың ұлты алдындағы, тарихы алдындағы жоғары бағасын бергеніндей боп танылады.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы: 1999 ж. 3146.
2. Кенжебайұлы Б. Қазақ халқының жазба әдебиетінің тарихы қайдан, кімнен басталады. // Қазақ әдебиеті. 1960. №30.
3. Жұмалиев Қ. Қате шікір қағидага айналмасын // Қазақ әдебиеті. 1960 №31. 29 июль.
4. Ақынжанов М. Халықтың құралуы — жазба әдебиеттің түп қазығы // Қазақ әдебиеті, 1960, 5 август.
5. Құрышжанов Ә. «Кодекс Куманикус» – ескі мұрамыз // Қазақ әдебиеті. 1960. №3. 12 август.
6. Кенжебайұлы Б. Қазақ тілі мен әдебиетінің тарихы туралы // Лениншіл жас, 1962, 20 декабрь.
7. Қ.Ергебек. Арыстар мен Ағыстар. 4-кітап, - Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2003ж.-3366.

**REZUME**  
ZHAZDYKBAEVA R. (Turkistan)

**B.KENZHEBAYEV – REPLICATOR IDEA TURKISM**

This article deals with the valued works of scientist Beisembai Kenzhebayev where given obtained evidence, that Kazakh Literature during the Soviet period begins from early centuries.

Жанат АЙМУХАМБЕТОВА

«ДАЙЫН» ДІНИ-МИФОЛОГИЯЛЫҚ СЮЖЕТ ЖӘНЕ ОНЫ  
КӨРКЕМДІК ҚОРЫТУ

В статье рассматриваются приемы использования готовых мифологических сюжетов в художественных произведениях. Анализируется готовый мифологический сюжет баллады «Неинтересное событие» поэта Е. Раушанова.

Makalede poetik eserlerde hazır mitolojik kompozisiyonları kullanma örtükleri incelenir. Aytılı olarak Y.Rauşanov'un 'İlgisiz olmayan olaylar' eserindeki hazır mitolojik kompozisiyonlar analize edilir.

«Дайын сюжетті» пайдалану – теоретиктердің көрсетуінше «синкрезизм дәүіріне» тән. «Бұл дәүірде екі оқиғалық архетип – көркемдік дамудың кезекті дәрежесі ретінде дайын сюжетті тілдің берілуінің кумулятивті және циклды түрі көрінді» [1, 169]. Эйдетикалық (дәстүрлі) поэтикада «сюжет шығармашылығы тоқташ, енді оны пайдалану басталды» дейді О. М. Фрейденберг [2, 322]. Бұл зерттеушінің кумулятивті және циклды схеманы біріктіріп, «мифологиялық сюжет» үғымында қарастырғаны белгілі.

Сонымен, «дайын сюжеттің» мағынасын төмөндейдегідей белгілер анықтайды: а) оның архетипі «мифологиялық сюжетте» беріліп қойған; ә) кумулятивті және циклды сюжет дайын. Сюжеттік типтің жаңа құрылымы туындармайты; б) сюжет тек берілген архетиптік негізде ғана емес, дайын блоктар мен мотивтер негізінде құрылады; в) сюжет авторға тән емес. Оның жеке туындысы болыш саналмайды, өйткені оған дәстүрден келген [1, 170].

Көрсетілген сипаттарға назар аудара отырып, Е. Раушановтың «Қызық емес оқиғасын» дайын сюжет негізінде туындаған баллада шеңберінде қарастырамыз. «Дайын сюжетті» пайдаланғанда автор өз вариациясын ұсынуы немесе өндөуі мүмкін екенін ескерсек, ақынның кең таралған мифологиялық сюжетті пайдалануындағы көркемдік мақсат пен авторлық ұстанымын басты нысан етеміз.

Балладаның лирикаға тән жанр екені белгілі. Сондай-ақ лиро-этикаға да қатысты. Яғни бұрыннан белгілі оқиға желісі лирикалық-психологиялық шеңберде суреттеледі. Қазіргі үғымда ауыр, өзгеше сюжеттің өлең түрінде баяндалуы болыш саналатын лириканың бұл түрі романтизм дәүірінде ерекше дамыды. «Көптеген балладалар ақыздармен байланысты болса, енді біреулері ғажайыш құпия уақығалармен байланысты болыш келеді. Романтикалық балладаларда әлем мистикалық, жоғарғы құштердің патшалығы түрінде көрініп, оқиға құпия шеңберде өрістейді, әрекет етуші бейнелер аруақтар, өлілер болыш келеді. XX ғасырда, романтикалық дүниетанымның тоқырап, реализмнің белен алған кезінде баллада біртіндеп мистикалық сипаттан арыла бастады, дегенмен оған деген қызығушылығын мүлде жоғалтқан жоқ»

[3, 245], - деп жазады Э. Я. Фесенко. Еуропалық әдебиеттегі баллада тарихына көз жіберсек, архетиптік балладалық сюжеттерге ерекше назар ауады. Балладалардың фольклормен терең тамырлар болыш, көнелік сипат иеленуі синкретті лироэпикалық жырлармен байланыстырылады. Қазіргі ұлттық әдебиетімізде бұл жанрдың дамуы тақырыптық, мазмұндық, көркемдік түрғыда сансалады.

Біз талдауға алыш отырған туынды архетиптік сипаттағы дайын сюжетті арқау еткендіктен, сөзімізді осы бағытта өрбітпекшіз.

Баллада жапрының даму тарихында «дайын сюжетті» пайдалану көркемдік мақсатта жүзеге асыш, сол сюжет желісі трансформацияға ұшырайды. Аталмыш баллада оқиғасы Адам ата мен Хаяу ананың жұмақтың есігін жауыш шыққанынан басталады:

Әлқисса, тарс жабылды зілмән есік,  
Дір етті алма ағашы тұрған өсіп.  
Хаяу ана, Адам ата сыртқа шықты,  
Тікен-мұң жүректерін тырнац, осып [4, 240].

Қасиетті Құран кітаптың 7-Аграф сұрресіне назар аударайық: «Әй, Адам! Сен және жұбайың жаннатқа оралас. Екеуің қалагандарыңша жендер. Алайда осы ағапқа жоламаңдар. Онда зальмдардан боласыңдар (19-аят)». Бұл ескертуді Адам ата мен Хаяу ана Іблістің азғыруымен естен шыгарады. Тыйым салынған ағаштың жемісінен дәм татады. Сөйтіп жұмақтан қуылады. «(Адам ата мен Хаяу ана): «Раббымыз, біз өзімізге кесір істедік. Егер Сен бізді жарылқап, мәрхамет етпесең, әлбетте зиян етушілерден боламыз» деді (23-аят). (Алла): «(Жаннаттан) бір-біріңе дүшшан бол түсіндер. Сендерге бір мерзімге дейін тұрақ және пайдалану бар» деді (24-аят). Адам ата мен Хаяу ананың жұмақтан қуылу оқиғасы әлемдік діни мифологияда да кеңінен таралған. Оқиғаны дайын сюжеттің осы тұсынан – шарықтау шегінен бастаған ақын екі «мұңлықтың» халін өсіп тұрған алма ағашының дір етуімен, жүректерін мұнның тікендей осуымен аңдатып өтеді. Әзәзілдің азғыруымен тыйым салынған ағаштың жемісін татып қойған екеуінің жұмақтан қуылғаннан кейінгі халін баяндауда ақын оқиғаны басқа арнада дамытады.

Қос мұңлық қайтыш кері беттемеді,  
Бүгінде ескі сөз фой, жоқ дерегі.  
Мезгіл күз, жеміс жидек шіскен уақ.  
– Жо-жо-жоқ, – дейді біреу, – көктем еді.

«Есте жоқ ескі заманда» немесе «бағзы бір заманда» болған уақиғаның уақыт белгісіздігі де айтылып өткен:

Жаз екен гул жайнаган сала мынау,  
Қыс екен дейді біреу дала қырау.  
Жұмақтан шыққан кездे кімге болсын,  
Ұнауы қай кездің де нәмәлім-ау.

## Ж.Аймаұхамбетова. «Дайын» діни-мифологиялық сюжет...

Фольклорлық балладаға тән сипаттың бірі – әңгімелеу болса, ақын да осы сипатты басты көркемдік тәсіл етіп алған. Яғни, бұл туынды жана сипатты баллада емес, фольклорлық сипаттағы балладаға жағын келеді. Баллада күрылымындағы үш бөлімнің де «әлқиссамен» басталуы осы шікірімізді бекіте түседі. Балладағы кейішкерлер мен лирикалық қаһарманның арасындағы эмоциональды байланыс көрінбейді, яғни лирикалық қаһарман толыққанды әрекет етуші тұлға емес. Басты кейішкерлер – Адам ата мен Хая аданың халің, жұмақтан қуылған сәттегі көңіл күйлерін танытуда құллі табиғат құбылыстарымен қатар перштегердің де әрекетін айтып отеді. Бұл жерде көп назар Адам атаға түседі. Жұмақтан қуылған сәттегі ай мен күннің бір көрінің, сөнуі, Ісраифил перштененің дауылды онды-солды құтыргуы, Жебірейіл перштененің кенеттеген тас саңырау бола қалуы, Мәкәйілдің, Әзірейілдің тым-тырыс қалуы – осының бәрі Адам атаны түңілдіре түседі. Әртүрлі ойдың қайшыласуында оңашада Хая аданы іштей кінәлаған Адам ата амалсыз жұмақтағы мекеннен және достарынан күдер үзеді:

Шыгарыш асты-ұстіне тұнық көкті,  
Кара тұн ішін тартты ұлыш кекті.  
– Үрдым мен достығыңды бәріңнің де! –  
Соны айтып Адам атаң жүріп кетті.

Көктегі мекеннен мүлде алыстаған Адам ата мен Хая аданың бір-біrine деген жылдылық сезімінен туындаған Мейірім туралы лирикалық толғаныс бұл балладаның мәнін аша түскен:

...Адамнан ең бірінші Мейірім туды,  
Сондықтан оның бізге орны бөлек.

Ол деген ең бірінші өмір еді,  
Білсекіз өмір де одан жеңіледі.  
Іздейді ел еміреніш қай кезде де,  
Ең тұнғыш персентіндегі көріп оны.

Қорқа ма, Жер мен Аспан сескене ме,  
Қарайды үркексоқташ қос денеге.  
Ортада Мейірімі бар екеуінің,  
Қайшы емес енді оларға ештеңе де.

Осылайша оқиғаны бір түйіндеғен ақын ары қарайғы желіні басқаша бағытта өрбітеді.

Сонымен Адам ата мен Хая ана өздеріне жат мекенде Мейірімді пана етіп, жапанды кезеді. Аспаннан аласталың, жерден тұрақ ташқан бұл жұптың тағдырында алма ағашының алар ерекше орны бар. Бұл ағаш – мейірім мен зұлымдықты тану ағашы, яғни екінші сипатта айтсақ, білім ағашы. «Адам ата мен Хая анаға мейірім мен зұлымдықты тану ағашынан жеміс татыш көруге тыйым салынған. Әйтсе де олар бұл тыымды бұзбай қоя алмайды, әйтпесе, адамзаттық жобада өмір болмас еді. Сондықтан да, олар тыым салынған

жемісті жейді. Бұл жайт, әлбетте, нәтижесінде адам абсолютті дәлдікпен мейірімді зұлымдықтан айыруға қабілетті немесе ол жаңсақтықпен өзін өзі Құдай деп санай алады дегенді тіштен, білдірмесе керек. Десе де, біз берісі, тұңғыш рет көзімізді аштық, қандай қызын болмасын өмір жолына түстік», – деп жазады Дороти Норман [5, 412]. Осы ой ақын балладасында тереңдей танылған. Ежелгі дәуірлерден жеткен мифтік әңгімелерде адамның санаға ие болуы, сөйтіп адамзаттық әткіспі өмірдің жобасын салуы қалыптасқан құдай заңын бұзумен байланыстырады.

Діни киелі кітаптарда, ескі замандардан жеткен әңгімелерде Адам ата мен Хаяу аナンың құдай заңын бұзуына себепкер алма ағашының өзіндік маңызды орны бар болса, біз сөз етіш отырган туындының мазмұнында ол оргалық символға айналған. Жұмақтан қуылуға себеп болған ағаш екі мұцлыққа «куні қысқа, тұні келте» мекенде тағы да кез болады:

Жұтумен көздің жасын бұлар ашы,  
Жақындалап келді дағы тұра қашты.  
Қос мұцлық көрген еді анадайдан  
Теңселіп жапырақ жайған бір ағашты.

Көргенде жапырақ жайған бір ағашты,  
Екеуі екі жаққа жылаш асты.  
Бір ағаш еске салып еркелеп тұр,  
Жұмақтан қуыш шықкан құмар асты.

Тыйым салынған жемісті татып, сол үшін құдайдың қаһарына ұшыраған, жұмақтан қуылған екі пендे (күнә жасаумен олар пендеге айналды, құдай заңын бұзу – күнәшарлыққа бастар жол) ағаштан аулақ қашшақ болады, бірақ, қашшы құтыла алмайды. «Қарғыс атқыр ағаштан беле қашқандарымен» айналып сол ағашқа тұсалады. Екі кейішкердің жан дүниесіндегі құбылмалы хал, басқаша айтқанда тартыс, қайшылық ақынның суреттеуінде екеуінің ағашты көрген сөтте жұмақтағы ағашты және қаһарланған құдайды еске алуарымен, самал желдің айналышықтан жүруімен, әлдеқайдан сайтанның сақылдаш күлуімен (бұл – пенделік ниеттің бас көтеруінің түспалы), екеуінің жүректің сабырға шақыргандай болуымен танылады. Жүрек – сайтан бұзып кіре алмайтын берік қамал. Алайда, жоғарыда айтылғандай, адами өмірдің бастауында қателікке жол беріп, заңды бұзу әрекеті тұр.

Алма ағашы, Адам ата мен Хаяу ана – оқиға өзегінде осы үшеуінің ерекші орны бар. Ақын екі пендені пенделік жолға толығымен бұрған ағашты, одан аңқыған жұпар іісті алдыңғы орынға шығара отырыш, тұс көру оқиғасына жол береді. Түстерінде мұрның жарған жұпар ііспен өндөрінде жолықкан олар өздерін одан алыш қашшақ әрекетте:

Тұра сап бірін-бірі аластанды,  
Күркесін жұмағы да, ағаш тағы.  
Әйтсе де, сезімге бой алдыргандары жалған емес:

## Ж.Аймаұхамбетова. «Дайын» діни-мифологиялық сюжет...

Хая ана таңдайының сүйн жұтты,  
Неге дұр Адам ата жақ ашпады.

Бұл тұста Адам ата мен Хая ананың әлсіздігіне тұс оқиғасы себеп сияқты. Жұпар иіс аңқыған жұмақтағы мекенде кол ұстасыш жүрген тұстің (қиялдың) оянған сәттегі еңмен (шындықпен) қайшылығы екеуін құдай жолынан басқа тараңқа жетелейді. Бұл тараң – қызығы мен азабы мол адамзаттық өмір жолы. Құдірет қаламмен Лаухқа (тағдыр тақтасына) жазылған жазмыш осы. Тұс пен еңді байланыстырыш түрган – ағаштан аңқыған жұпар иіс. Бұл жұпар иіс - нәпсіні оятушы. Нәпсінің қажетін тыю – пәнделікten алшақ болу. Екінші бөлімде Адам ата мен Хая ана осы пәнделікten аулаққа қашақ бол әуреленеді. Эйтсе де, ағаштың сырын білмекке ауган ниет женіп тынады. «Әуес ой» Хая ананы күннен күнге жүдетсе, Адам атаға үйқы бермейді.

Ақын оқиғаны дамыту барысында екі кейішкерін күнәшар ретінде көрсетпейді. Ұлы өмірді бастау жолында түрган архетиптік тұлға дәрежесінде таныту жағында. Оқиғаның әсерін арттыру, оны шынайылықпен таныту мақсатында табиғаттағы тұн мезгіліне айрықша мән берілген: тұнгі үйқыда тұс көру және тағы бір тұнде нағыз құнаға бату. Күндіз сол күнәға барап жолдың «алғы шарттары» «пісіп жетілген»:

Ағаш тұр, кәдімгі ағаш, алма ағашы,  
Тимеген жемісіне жан баласы.  
Балқытқан тұла бойды жұпар иіс  
Хауаның құмар асы, арман асы.

«Сап, сап» деп, қайтыш кетті бұрылды да,  
Дүние қандай ғажап бүгін мына.  
Екеуі ұзап барып қайта оралды,  
Әуес ой үйықтатпасын ұғынды да.

Айналыш Адам ата көрді ағашты,  
...Сол күні бір шаруасы оңға басты.  
Сықсыңдал бұлт ішінде жүлдyz біткен,  
Нарттай бол ұялған ай жоннан асты.

Балладаның екінші бөлімін тәмамдаң түрган бұл жолдардың көркемдік-эстетикалық мәні тым терең. Адам ата мен Хая ана арасындағы құшия қатынасты аныай түрде әйгілей көрсету туындының көркемдік қуатын әлсіретер еді. Ақын осыны суреткерлік сезімталдықпен түйсініп, «жүлдyzдың бұлтқа жасырыныш, айдың наргтай бол ұялуы» арқылы бейнелеген. Соңдықтан да нақты әрекеттегі екеу назардан «тыс қалып», жүлдyz берен ай көзге ілінеді. Бұл жерде біз «назардан тыс қалу» тіркесін поэтикалық шенберде пайдаланып отырмыз.

Сөйтіп, пәнделік нәпсі салғанат құрады.

Келесі бөлім Адам ата мен Хая аナンың кәдімгі тіршілігін суреттеуден басталған. Жерді мекендеп, алма ағашын панарап, өмірге ең бірінші сәби келгенде оның бұтағын бесік еткен екі пендешің ендігі ықылас-назары сол алма ағашына ауған. Ұят пен иманды түйсінген күні ағаштың жапырақтарымен абыройларын жабады. Періште достарына өкпелерін ұмытыш, Құдайға разылық ииеттерін білдірген. Алайда, сәби дүниеге келгенде Хая ана Құдайдың «күттү болсын» айтпағанына назаланса, Адам ата періштерді сыйбайды. Хая аナンың ендігі аңдары ағаштың жасын білмекке ауған. Осы ағаштың жұпар аңқыған жемісі бір кездे «құмар асы», «арман асы» болса, енді ол ағаштың жасын білу үшін мазасызданды. Адам атаны тыйым салынған жемісті жеуге мәжбүрлекен де Хая ана екенін еске алсақ, оның пенделік тіршіліктегі жетекшілік ролін аңғарамыз. Балладада Хая аナンың мұндай мінез болмысын сипаттайтын жолдар да жеткілікті:

– Ашыр-ай, непшеде екен?

– Кім біледі?

Хая ана бір қызықса сүмдық еді.

Үйықтатпай түніменен осы сауал,

Әуес ой әз жүректі тілгіледі.

«Әуес ойдың» екеуін ағашқа әкелгені, оның жемісін таттырганы белгілі. Ол әлі тыным ташаған. Хая аナンы еліктірген үстіне еліктіріп, ақыры Адам атаға ағашты кестіріп тынады. Бұл желі, яғни ағаштың кесілуі – ақынның әріден бастау алған архетиптік сюжетті астарлы оймен толықтыра отырыш, трансформациялауының мысалы.

Адам ата мен Хая ана ағашты кесіп, оның жасын анықтады. Осымен олардың әңгімесі аяқталған сияқты еді. Бірақ аяқталмаған екен. Олардың бүтінгі үрпағы – біздің бас қатырып жүргеніміз «тұлқінің бозға салған жымы сыңды» түбін кусаң жеткізбейтін дау. «Қызық емес оқиғаның» нағыз «қызығы» да осы:

Соңы бар үйықтатпаган ұлысымды,

Сол гәштен аңғарасыз ұлы сырды.

Біздің дау – тұбін куса жеткізбейтін

Тұлқінің бозға салған жымы сыңды.

Жиылған жер бетінің күлі заны,

Біздің дау бара бара діп бұзады.

Балтамен кесті ме оны, ара мен бе?

Осыған жауап ташпай жүрміз әлі.

Ақынның айтпақ ойы, туындының негізгі астарлы мазмұны осы екі шумақта тұр. Адам баласының пепенесіне жазылған тіршіліктің күрделілігі мен қайышылығы белгілі үғымдармен көрсетіледі. Романтикалық бастаудан реалистік арнаға ауысқан оқиға желісі астарлы мағынамен өріліп, жалпы тіршілік ағымындағы ақықатты аңғартады. Ақын қалыптасқан танымдық бастаудағы қағидаттарды ішінара бұза отырыш (Адам атаның Құдаймен,

## **Ж.Аймаұхамбетова. «Дайын» діни-мифологиялық сюжет...**

перштегермен өзінше «араздасуы») көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі ойсананың даму деңгейін (Адам ата-Хая ана ағашты, оның жасын білуге құмартса, біздің дауымыздың «жеткен білігі» – олардың ағашты немен кескендігіне бас қатыру), нақтылай айтқанда пәнделік ниеттің өрпі түсін, ұсақталуымызды сөз етеді.

«Қызық емес оқиға» атауын иеленген Адам ата-Хая ана хикаясы – ақынның баллада жанрына қосқан елеулі жаңалығы. Дайын сюжетті нысанға алып, оны терең мағыналы поэтикалық қалышта жаңаша сипатымен жаңғырга танытқан бұл туынды тілі мен көркемдік-бейнелілік мазмұны тұрғысынан Гетеңің «Орман шаттасы», Брюгердің «Ленор», Пушкиннің «Бесы» туындыларымен сарындаған дүние.

### **ӘДЕБІЕТТЕР**

1. Теория литературы. В двух томах. Том 2. М., 2004. – 368 с.
2. Фрейденберг О.М. Поэтика сюжета и жанра. Л., 1936. – 546 с.
3. Фесенко Э. Я. Теория литературы. М., 2005. – 336 с.
4. Раушанов Е. Бозанға біткен боз жусан. Алматы: Раритет, 2006. – 384 б.
5. Дороти Норман. Мифологиядағы символизм. // Кітапта: Мифология: Құрылымы мен рәміздері. Алматы: Жазушы, 2005. – 568 б.

**REZUME**  
**AIMUKHAMBETOVA ZH. (Astana)**

### **READY MYTHICAL PLOT AND ARTISTIC ANALYSIS**

In the article, the methods of using ready mythical plots in artistic works. The ready mythical plot of the ballad “Not Interesting Occurrence” by E. Raushanov is analyzed.

Тәрәлі ҚЫДЫР

АХМЕТ ТАРАЗИДЫҢ «ФУНУН-Е БАЛАФА» (XY F.) АТТЫ ТЕОРИЯЛЫҚ  
ЕҢБЕГІНІҢ ТҮРКІ ӘДЕБІЕТІНДЕГІ АЛАР ОРНЫ

*В статье делается анализ теоретическим произведением Ахмеда Тарази, жившего в XVв., и дается обзор произведениям средневековых тюркских письменных теоретиков.*

*Bu makalede Ortaçağ Türk Yazma Edebiyatı teori uzmanlarının çalışmalarına müracaat edilip, Ahmet Tarazi'nin teorik eseri çözümlendi.*

Орта ғасырлық түркі ақындарында өз шығармаларының түркі тілінде жазылыш отырған ең алғашқы туындылардың бірі екендігі туралы айтылатын бір үрдіс бар. Бұл әсіресе Қарахандықтар дәуірі мен Алтын Орда тұсында дүниеге келген әдеби жәдігерлерге тән қасиет. Себебі Ислам өркениетінің аясында өмір сүрген түркі ұландары алғашында өздерінің шығармаларын араб не парсы тілінде жазды. Осы тілдердің негізінде қалам тербес, өздерінің қайталанбас жыр жолдарын дүниеге альш келді. Соңдықтан да сөз өнеріне қатысты трактаттар мен зерттеулер де осы тілде жазылды. Өзге халықтан шыққан зерттеушілерді айтпағанының өзінде, түркі даласының тумасы Әбу Нәсір Эл-Фараби өзінің «Өлең және үйқас туралы», «Өлең ыргағы туралы», «Поэзия өнерінің негіздері туралы трактат», «Өлең өнері» және «Өлең кітабы» деген еңбектерін араб тілінде жазды [1. 185]. Соңдай-ақ Хәтиб Тебризидің де «Аruz ben қафия ілімдерінің соңы» деген шығармасы араб тілінде дүниеге келді [2]. Себебі өз шығармаларын араб тілінде жазу үрдісі сол заманың талабынан туындалған еді. Бертін келе түркі тілшіңде поэзия тіліне айналуымен ғылымға деген сұраныс та өзгерді. Соның нәтижесінде Науай, Бабыр секілді санлақтардың өлең өлшеміне қатысты жазылған еңбектері дүниеге келді. Десек те соңғы жылдарғы зерттеулер мен ізденістер XY ғасырдың алғашқы жартысында түркі тілінде дүниеге келген тағы бір еңбектің жазылғандығын анықтап берді. Осы уақытқа дейін ғылыми ортаға белгісіз болыш келген бұл еңбек туралы алғашқы мәлімет берген белгілі ғалым Эргаш Омаров болатын. Ол 1993 жылы АҚШ-қа барған сапарынан бірнеше сирек қолжазбаларды альш келді. Солардың ішінде Тараздан [3] шыққан Шайқы Ахмет ибн Хұдайдад Таразидың «Фунуне балаға» деп аталатын туындысын альш келиш, түркі дүниесі үшін үлкен бір сыйлық жасады. Осы уақытқа дейін белгісіз болыш келген бұл шығармасы деген қызығушылық артыц, Абдуқадыр Хайитметов бастаған бір топ бауырлас өзбек ғалымдары бұл еңбекті бүтінші өзбек тіліне тәржімалады [4]. Содан бастап біртіндең ғылыми айналымға ене бастады [5].

Шайқы Ахмет Таразидың «Фунуне балаға» атты шығармасы - оргағасырлық түркі жазба әдебиетінің теориясына арналған құнды еңбек. Бұл еңбектің жазылған уақыты жайлы автордың өзі «Rasul 'alayhi äs-salawat wâ

## Т.Қыдыр. Ахмет Таразидың «Фунун-е балаға» (ХV ғ.) ...

sälläm hijratindin sekkiz yuz qirq yil utub erdikim, bu 'elmğa şuru' etib, fars wä turk alfazini tarkib aylab, tartib qilduq. Tamam buldi. Atini «Funune balaǵa» qoysduq. Wä ba'zi yaranlar «Latafiy Tarazi» häm derlär» яғни «Расул (ғ.с.)-ның һижретінен сегіз жүз қырық жыл өтіп еді, осы ілімді бастап, парсы және түркі сөздерін түзіп, жасадық. Аяқталды. Атын «Фунуне балаға» деп қойдық. Кейбіреулер «Латафий Тарази» деп те атайды», деп жазады. Бұдан шығарманың һижри 840 жылы (біздің жыл қайыруымыз бойынша 1436-37ж.) аяқталғаны белгілі болады. Эрі шығарма халық арасына «Латафий Тарази» яғни «Таразидың мейірімділігі» деген атпен де тараганын аңғарамыз. Соңдай-ақ шығарманың сол заманың белгілі патшасы Ұлұқбекке арнаш жазылғандығын да автор атап өтеді һәм оның атына мақтау-мадақтаулар жолдайды. Шығарманың жазылу тарихына назар аударсак, бүгіндегі күні бізге белгілі теориялық еңбектердің ішінде ең алғаш жазылған деуге толық негіз бар.

Шығарма орта ғасырлық түркі әдебиетінің, соның ішінде өлең сөздің жазылу қағидалары мен өзіндік шарттарына, соңдай-ақ сол заманда кеңінен қолданылған әдеби жанрларды талдауға арналған. Автордың өзіне дейінгі жазылған теориялық еңбектерді зерделеп, содан кейін ғана осындай күнды шығармага отыргандығы аңғарылады. Себебі мұнда тек әдеби жанрлар, шайырлық шеберлік пен әдеби өрнектермен бірге, аruz бен қафия ілімі де кеңінен талданады. Шығарманың қандай тақырыштарды көтеретінін Таразидың өзі «Феңресту әл-фунун» яғни «Пәндер мазмұны» деген бөлімде былайша атап өтеді:

Avvalǵı fanda şe`rning aqsamin wä anwā`in şarh qilur;  
Ekkinçi fanda qafiya wä radifning qawa`idin bayan aylar;  
Üçinçi fanda sözning bädai`in wä sänäi`in zikr etar;  
Turtınçı fanda şe`rning taqtı` wä äwzanın taqrır qilur;  
Beşinci fanda mu`ammaming usul wä ärkanın tahrır etar.

Яғни алғашқы бөлімінде поэзияның жанрлық ерекшеліктері кеңінен қамтылады. Мұнда ғалым он әдеби жанрдың өзіндік ерекшеліктерін бағандайды. Екінші бөлімде өлеңдің соңында келетін қафия мен редифтің қағидаларын түсіндіреді. Үшінші бөлімде өлең сөздің көркемдігі мен шайырлық шеберлікті кеңінен сөз етеді. Төртінші бөлімде аruz өлшеміне, оның түрлеріне тоқталады. Бесінші бөлімі бүтіндей муамма жанрының жазылу шарттарын түсіндіруге арналған.

Осындай іштей бес тарауға бөлінген ғалым мұрасы бізге толық қалпында жетіп келмеген. Олай деуімізге себеп төртінші тараудың, яғни аruz іліміне қатысты бөлімі үзіліп қалған да, содан кейін келетін муамма жөніндегі тарау жоқ. Бұның көтіш (көшіруп) тараышынан кеткен қателігін немесе көшірупшіге толық жетпегінен білу қыны. Шығарманың соңында «Енді үлгі болу үшін алты негізгі баҳрдың шеңберлерін көрсетейік...» дегеннен

кейін қолжазба аяқталмай қалған. Тек соңында бұл еңбекті көшіруші Бұхара патшалығында Мир Куланки атымен танымал болған Мир Хусейн Хусейни екендігі әрі һижри санағы бойынша 989-шы жылы көшірілгені айтылған. Осыған қарағанда шығарма дүниеге келгеннен кейін 149 жылдан кейін қайта көшірілген болыш шығады. Бір жарым ғасырга жуық уақыт ішінде ғалым мұрасының көтішке толық жетшеуі де мүмкін. Десек те шығарманың үшінші тарауында муамма жөнінде қысқаша мәлімет берілгенін айта кеткеніміз жән.

Ахмет Тарази шығармада сөз өнерінің асыл қасиеттері мен шарттарын түсіндіру барысында тек теориялық түсініктемен гана шектелмestен, әр үғым мен термин түсінікті болуы үшін мысалдарды пайдаланып отырады. Осындай мысалдардың қатарында пасы өлең жолдарымен бірге, түркі жазба әдебиетінің озық үлгілерін де кеңінен қолданған. Өзіне дейінгі һәм өзімен замандаш шайырлардың шығармаларынан үзінділер бере отырыш, ондағы сәтті шықкан әдеби өрнектер мен шайырлық шеберліктерді ашып көрсетеді. Түркі жазба тілінде дүниеге келген әдеби мәтіндерді талдау барысында ғалым сол заманың әдеби өмірінен мол хабар берумен қатар, осы уақытқа дейін ғалымдар арасында екіүшті шікір тудырыш келген кейір шығармалардың авторларын анықташ беруде, бүтінгі ғылымға аттары белгісіз немесе авторлары белгілі болғанымен де, сол шайырдың бізге беймәлім жаңа өлең жолдарын ұсынады. Осындай мәселенің бірі ретінде осы қүнге дейін әдебиет майдында Лұтфидің шығармасы ретінде зерделеніп келген «Гүл және наурыз» шығармасының шынайы авторы Хайдар Харазми екенін атап өтуі ұзақ жылдар бойы екіүшті шікірлерге нұкте қойды десек артық айтқандық емес. Бұл мәселеге ғалым мұрасын алғаш рет ғылыми айналымға түсіру кезінде ғалымдар да ерекшеле назар аударып, бұл еңбектің құңдылығын бағалаған [1].

Автор поэзияға қатысты көптеген еңбектердің жазылғандығын, алайда өлең сөздің бар сырын толық ашып беретін бірде-де бір еңбектің жоқ екендігін, сол үшін де өзі осы салаға қол ұрыш отырганын жазады. Адамзат баласы жаратылғалы бері назым (поэзия) мен нәсірдің (проза) қатар өмір сүріп келе жатқанын айта келіп:

Nazım tawıs äst där boğrı baloğat jılwagar  
K-äz kamol-e jılway-e u `aqlı kull şayda şäwad  
Näsr där buston-e hatır tutı-i şırın nawost  
Z-on sábáb täsir-e fähm äz ne'mätäş pâydo şäwad.

Яғни:

Назым (поэзия) көркемдік бағында жалғырайтын тауыс  
Оның барша жалғырагы ақылдыны өзіне ынтық етеді.  
Нәсір (проза) шікір бостанында тотыға ұқсан тәтті сөйлейді,  
Сол себепті оны тез түсініп алуға болады.

## Т.Қыдыр. Ахмет Таразидың «Фунун-е балага» (ХV ғ.) ...

Өлеңді жалтыраған тауысқа, қара сөзді тәтті тілді тотыға теңеген галым шығармасында өлеңнің түрі, жасалу жолы, ондағы өрнектер, үйқас пен ырғақты толығымен ашып берген. Әуелі болыш өлеңнің түрлерін қасида, ғазал, қытға, рубай, мәснөуи, таржиф, мусаммат, мұстазад, мутәүүел және фард атап өтеді де, әрқайсысына жеке-жеке анықтама береді. Соңдай-ақ осы аталған түрлермен Аллаға мадақ айтылса, таухид, пайғамбарға салауат айтылса, нафт, Аллаға жалыныш-жалбарыну түрғысында айтылса мінажат, төрг әділ халифты мақтаса, манақиб, әкім-қараларды дәріштесе, мадақ, дұниеден откен адамды есіне алса, мәрсия, біреуді келемеждесе, інжү болатындығын жазады. Мысалы шығыс мұсылман әдебиетінде, соның ішінде түркі жазба жәдігерлерінде кеңінен қолданылған рубай жанры туралы Ахмет Тарази «Рубаида төрг мисрағ (жол) болады. Алғашқы, екінші және соңғы мисрағында қафия жасалады (үйқасады). Үшінші жол (шайырдың) ықтияры. Егер қафия жасаса (үйқасқа салса), рубай мусаррағ деп атайды», деген анықтама береді.

Әдебиет жанрларын қарастырган зерттеушілердің бәрі де рубаига осындай сипаттама берген. Соңдай-ақ рубаидың өзге төрттагандардан (қытға, түйік, дубәйти) айырмашылығы арузбен байланысты екендігі айтылған. Ашып айтсақ, «мәғ'улу мәғә`илу мәғә`илүн фә» уәзінінде болғанды (бұдан 24 уәзін қалыбы) ғана рубай деп атап керектігі айтылған. Соңдай-ақ кейбір галымдар «Лә хәулә уә лә кууәтә иллә билләһ» уәзініне түскенді ғана рубай деп атап керектігін алған тартқан. Алайда Ахмет Таразидің бұл еңбегінде рубаидың анықтамасы өзге төрттіктерден ажыратылмаған. Тіпті төрттіктердің қатарында тек рубаиды ғана атап өтеді де, түйіктің қосымша ретінде қосып, оның түркі шайырларының қаламына тиесілі екендігін ғана айтады. Соңдай-ақ, түйіктің басты айырмасы ретінде берілетін қафияның омонимдес сөздермен беріліуін рубаидың келесі бір түрі ретінде қарастырган да, оны мұжаннас, яғни омноимдес дейді. Бүтінгі еңбектерде түйіктің өзге төрттагандардан басты айырмасы – аруздың «фә`иләтүн фә`иләтүн фә`илүн» уәзінмен жазыльш, негізінен, соңғы үйқастардың омонимдес болыш келуі ретінде сипатталады. Соңдай-ақ, жазба әдебиетте (негізінен шары әдебиетінде) кеңінен қолданылатын дубәйтидің басты өзгешелігі ретінде, оның аруздың «мәғә`илүн мәғә`илүн фә`улүн» уәзініне түсіуі керек дейтін шікірлер де бар. Осы түрғыдан алған уақытта Тарази еңбегі түркі жазба мұраларында кеңінен қолданылған бірнеше төрттагандардың бәрін жіктең отырмastaн, тек рубай түрімен ғана таныстырып откенін көреміз.

«Фунуне балаганың» екінші тарауы қафия мен редиғке арналған. Бұл туралы автор «Ғалымдар тобы мен оқымыстылардың жолында жаңа үйренушілерге қафия ілімін білу қажет. Себебі үйренудің нәтижесі өлең. Ал өлеңнің негізі қафия. Қафиясыз өлең (шығару) мүмкін емес», деп, қафияны араб галымдарының мутауатир, мутарадиф, мутакариб, мутадарик және мутауакис деп беске бөлгениң, оған ажам оқымыстыларының мутасауи,

мутаражиң және мутазайдид дең сегізге жеткізгенін жазады. Сондай-ақ редифтің өзіндік шарттары мен ерекшеліктері де кеңінен қамтылған.

Кітаптың үшінші тарауы өлеңдегі өрнек екенін жоғарыда айтып өттік. Осы бөлімде ғалым «әрбір өнерге түркі сөзбен мысал келтіріш» қана қоймастан, сонымен бірге қасиетті Құран аяттары мен пайғамбар хадистерінен де мысалдар келтірген. Жалпы ұзын саны жүзге тарға шайырлық шеберлікке анықтама берген һәм оны мысалдармен безеген. Солардың ішінде бірінші тарсиг өлең құрылышына былайша анықтама береді: «Тарсиг – сөздікте алтың, күміске гауһар орнатуды айтады. Термин ретінде тарсиг дегеніміз – алғашқы мисрағтағы сөздің келесі мисрағтың әр сөзі сол (бірінші мисрағтағы) сөздің астында келтіріш, бір уәзінде, бірдей үндестіріш, соңғы әрішін жақыннатуды айтады», - дейді де, қасиетті Құран аятынан, пайғамбар хадисінен мысалдар келтірген.

Тарсиг өлең құрылышы туралы көптеген ғалымдар хабар берген. Солардың бірі Ә.Науай. ол езінің «Мухакаматул лугатайн» атты шығармасында Хожа Кәлимиддин Салман қасида майданының майталманы екендігін айта келіп, оның «Маснуғ қасидасына» қалам тартың, соның алғашқы екі жолын тарсиг үлгісімен жазғанына тоқталған болатын. Алайда Науай да бұл терминге анықтама берे келіп, матлағдан (матлағ - алғашқы бәйіт, яғни алғашқы екі тармақ) өзге жерде болмайтынын атап өтеді (31-32). Ал Тарази Науай секілді тек матлағтаға ғана кездесу керектігін ашып айтпаған. Сондай-ақ Науай бұл өлең құрылышының өте қыын екендігіне, оны кез-келген шайырдың ештей алмайтынан ескергенде (اوْزَكَا بَيْتُ دَابُلَا ) (الماء). Мұндағы екі ғалымның тарсиг деген ұғымға екі түрлі жолмен анықтама беріш түрганына назар аударған жөн. Себебі Таразидың келтірген мысалдары тек шайыр шығармаларының матлағында ғана кездеспейтіндігі ақиқат. Сонымен бірге оның Құран аяты мен пайғамбар хадисінен мысал келтіруі осы ойды нақтылай түседі. Ал Науай, Кәлимиддин Салманның қасидасын айтып отырғандықтан да, қасиданың матлағы ғана үйқасың, қалған кезде сатылыш үйқасатының ескере келіп, тек алғашқы бәйітте ғана тарсиг өлең құрылышын қолдану мүмкіндігіне тоқталған деуге толық негіз бар. Себебі өлең сөздің теориясын қарастырган ғалымның бәрі де бұл өлең құрылышын тек матлағтаға ғана қолдану керектігіне тоқталмаған. Мысалы XI-XII ғасырда әмір сүрген Хәтиб Тебризи де тарсигқа Ахмет Тарази секілді анықтама берген (النَّظَمُ مُتَعَادِلٌ الْوَزْنُ حَتَّى يُشَبِّهَ . ذَكْرُ الْحَلَى فِي تَرْصِيبِ جَوَهْرٍ) (403бетте).

Тағы бір ескеретін жағдай Науай шығармасынан ұзінді келтіріш отырған Салманның келесі бір өлең жолын Ахмет Тарази да берген. Осы екі ғалымның оған сілтеме жасауынан Салманның өз заманының (Науай айтқанында) сөз зергері болғанын аңғару қыын емес.

## Т.Қыдыр. Ахмет Таразидың «Фунун-е балага» (ХV ғ.) ...

### ӘДЕБІЕТТЕР

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. Ежелгі және орта ғасыр әдебиеті. 10 томдық. II том. Алматы: ҚазАқпарат, 2006. -448 б.
2. Xətib Tbrizi. Kitab əl-kafi fi-l-əruz və-l-qəvafi. Bakı: Tural NPM, 2005. - 426 s.
3. Нысқысынан білініп тұрғандай ғалым Жамбыл облысының орталығы Таразда дүниеге келген. Осы орайда парсы тарихшы-географы Әмин Ахмет Разидің «Мәфт иқтим» («Жеті ықылым») (1593 жылы) атты шығармасында Тараз туралы айта келіп *طراز... و علماي* «واجب الاعزار از آن بسیار پدید آمد هاده «. واجب الاعزار از آن بسیار پدید آمد هاده деп жазған жолдары еске түседі.
4. Ғалымдардың бұл жемісті еңбектері 2002 жылы «Узбек тили ва адабиёти» журналында жарық көрді. Біз мақаланы дайындау барысында негізгі сілтемелерді осы еңбектен алдық.
5. Бұғандың шығыстанушы Ислам Жеменейдің де осы еңбекпен айналысып жургенін ерекше айтып откесіміз жән.
6. Алишер Навоий. Мукаммал асарлар туплами. 16 том. Ташкент: Фан, 2000. – 336 б.

### REZUME KYDYR T. (Turkistan)

#### PLACE IN TURKISH LITERATURE OF THEORETICAL WORKS OF AHMED TARAZI “FUNUN-E BALAGA” XV CENTURY

The article makes a theoretical analysis of the works of Ahmed Tarazi, who lived XVth century and provides an overview of the works of medieval Turkic Written theorist.

Ноябрь КЕҢЖЕФАРАЕВ

XVI ФАСЫР ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ СОПЫЛЫҚ ДӘСТҮР

В данной статье исследуется традиция Ахмета Ясауи в произведениях казахских жырау Шалкииз и Доспамбета.

Makalede kazak ozanları Salqiyız ve Dospambetin şiirlerindeki Ahmet Yesevi iliminiin eserleri arastırılıyor.

Қазақ мәдениеті - кешегі түрк мәдениетінің жалғасы ретінде әрқашан өзінің төлгумалығын, ерекшелігін сактаған автохтонды мәдениет. Орталық Азияға ислам мәдениетінің келуімен дәстүрлі түркілік дүниетаныммен астасып, руханият әлемінде жаңа бір симбиоз таным қалыптаса бастады. Орта ғасырлардағы қазақ жерінде, әлемдік діндердің көркемі ислам болса, ислам дінінің мәйегіне, мазмұнына айналған – сопылық философия кең қанат жайып дамыды. Алайда көп жылдар бойында үстемдік еткен атеизмнің, ғылымдағы материалистік көзқарастың орын алуынан – сопылық дүниетаным дегеніміз не және оның қазақ мәдениеті мен философиясындағы, діні мен әдебиетіндегі орны қандай деген сұраптар төңгрегінде ойланып, зерттеулер жасай алмағанымыз белгілі. Қазір еліміз тәуелсіздік алған шақта ғалымдарымыз осы бір орын алған олқылықтың орнын толтыруға күш салуда. Ұлттық дүниетанымның бір көрінісі болып табылатын – сөз өнеріндегі сопылық дүниетанымның орнын әлі де терещ анықтай алдық деп айта алмасақ керек. Әдебиетші ғалымдардың сопылық тақырыбына кіре алмауына басты себеп, шығыс тілдерін білмеуімен қатар, сопылық дүниетанымның өзінің теориясының әлі күнге дейін егжей-тегжейлі зерттелмеуі және сопылық философия терминдерінің сөздігі болмауы, Ясауи хикметтері мен іліміне дінтанушылар мен философтар тарашынан академиялық түсініктемелер берілмеуі десек болады.

Әдебиеттанушы ғалымдар Х.Сүйіншөлиев, Р.Бердібай, М.Жармұхамедұлы, М.Мырзахметұлы, С.Дәуіт, Т.Есембеков, А.Ахметбек, А.Жақсылықов, Б.Қорғанбек, А.Әбдірәсілқызы, т.б. Ясауи шығармашылығы мен Ясауи дәстүрін қазақ поэзиясындағы көрінісіне тоқталса, философтар О.Сегізбаев, А.Қасабек, А.Абуов, Д.Кенжетай, Т.Рысқалиев, тарихшы Ә.Муминов, З.Жандарбек сыңды ғалымдар сопылық ілімнің тууы мен өркен жаюы, оның орта ғасырларда түркі даласына тарауы, Ясауи ілімінің қалыптасуы, Ясауи ілімінің сол тұстағы түркі халықтарына ықпал-әсері, халықтың дүниетанымына, руханиятына, этикалық-моральдық институттарының қалыптасуына әсерін зерттеуге ден қояды.

Жыраулар поэзиясындағы мұрасы басқа жырауларға қарағанда молырақ жеткен, сондықтан да оның дүниетанымының даралығын толымды екшеге болатын Шалкиіз жыраудың шығармашылығы жөнінде академик С.Қасқабасов былай дейді: «Шалкиіздің толғаулары әрі лирикалық, әрі

## Н.Кенжегараев. XVI ғасыр қазақ поэзиясындағы...

эпикалық сарында болыш келеді. Лирикалық сарындағылары этика, мораль, дидактика, жалпы адамгершілік мәселелерін сөз етсе, эпикалық сарындағылары мемлекеттік, халықтық, елдік проблемаларына арналыш, қаһармандық мәнгө ие. Лирикалық толғаулардың басым көшпілігі адам туралы, оның қасиеттері жөнінде, адамдардың өзара қатынасы мен олардың өмір, достық, имандылық жайындағы түсінікпайымы, адамның қоғамдағы орны жөнінде сөз қозғайды» [1, 514]. Академик С.Қасқабасов Шалқиіз жырау шығармашылығының негізгі тақырыштарын, философиясын дөп басып анықтаған, енді біздің алдымызда осы тақырыштардың сонында ілімнен байланысын таратыш айту міндеті шығады. Шалқиіз жырау толғауларында ногайлы дәуірінде өмір сүрген халықтың дүниетанымынан, санаасынан, наным-сенімінен хабар беретін елеулі тұстар жоқ емес. Шалқиіз жырау толғауларында әлемнің жаратушсын «Аллаһ», не «құдай» атауларымен емес, дәстүрлі түркілік дүниетанымның өзегі болған - «Тәңірі» атауын бірнеше рет қолданады. Ислам діні Алтын Орданың мемлекеттік діні болыш қабылданған, Ақ Орда, Ногай Ордасында да ислам діні орнықан тұста жаратушсының исламға дейінгі - «Тәңірі» атауының қолдануылуы көп нәрсениң аңғартса керек. Исламға дейінгі дәстүрлі түркілік дүниетаным, наным-сенім исламның келуімен біржолата ұмытылып, жойылып кеткен жоқ. Халық жадынан ғасырлар бойына сіздікен танымдарды сылып, жойып тастау мүмкін емес. Дәстүрлі түркілік дүниетаным қазақ жерінде ислам қағидаттарымен астасып, қоспа (симбиоз) дүниеге айналды. Дәстүрлі түркілік дүниетанымның ислам философиясымен астасуына Әл-Фарabi, Жұсіп Баласағұни сынды ғалымдармен қатар Ахмет Ясаудің де ықпалы, оны ерекше болған деп айта аламыз. Шалқиіз жыраудың Би Темірге айтқан бірінші толғауынан сонында таныммен астасқан дәстүрлі түркілік дүниетанымды көреміз. Ол таным - ел басқарған сұлтанының Тәңірінің ешісі екендігі туралы таным. «Көк Тәңірі құбылыстар мен оқиғаларға тікелей емес, ешілері (қаған, еші-қам) арқылы ықпал етеді. Егер ешілер, қағандар білікті, парасатты болса, ондай қоғам ешқашан өз жолынан адаспайды. Демек, Тәңірдің ұлылығы мен парасатының қоғамдағы көрінісі тікелей қаған, қамдарға байланысты болыш шығады. Өйткені дәстүрлі қоғам адамы Тәңірдің қағанға берген аманаты болыш табылады» [2, 63].

Дәстүрлі түркілік дүниетанымдағы мемлекеттілік философиясының ең басты тұғыры – билік институты. Билік басында қаған (хан) болады. «Қаған» - халық пен Тәңір арасын байланыстырушы көшр, өткел мағынасын беретін көне түрік сөзі. Ежелгі көшпелілер үшін ең ұлы көсем – қаған, ол ел мен Тәңірі, ел мен қоршаған әлем арасын байланыстыратын көшр ретінде саналған. Қаған Тәңірдің құты арқылы ұлысты, яғни Тәңірдің аманатын басқару құқына лайық бола алады» [2, 63].

Білерді білмес не демес,  
Сұлтан ием, сен менің

Бармай ташқан қағбамсың!  
Алтынды кесе сары бал  
Алсам мен саған ұсынармын,  
Тал мойныма қол аргсан,  
Күліктен бек ұнармын.  
Көбен семіз торыңмын,  
Көп құлыңың бірімін [3, 24].

Шалқиіз жыраудың сөзін тарихи-функционалдық тұрғыдан зерттейтін болсақ, XV-XVI ғасырлардагы қазақ жеріндегі саяси басқару жүйесі мен саяси тарихына, ондағы сошылық тариқаттардың орны мен қызметіне тоқталуға мәжбүрміз. Мәселенің толық картинасын сомдау үшін тек фәлсафалық тұрғыдаған талдамай, тарих ғылымы арқылы өткен оқиғаларды жаңғырта отырыш зерттеу әдісі едөүір жеміс береді. Алтын Орданың соңғы кезеңінде, жекелеген хандықтардың құрыла бастаған алғашқы аласашыран қым-куыт уақытында өмір сүрген жырау – таққа талақан Шыңғыс ұрпақтарының қанды қасаштарын көзben көрді, төре тұқымына бағынған топтың, төре тұқымына бағынғысы келмеген Ноғай ордасының іргесін қалаған Едіге бидің ұрпақтарының құрестерінің басқасында жүреді. Алайда Шалқиіз жыраудың толғауынан біз оның дәстүрлі түркілік дүниетанымға негізделген Ясауи жолын ұстанғандығын көреміз. Өз елін билеген Темір биге осынша ықылас білдіріш, кекке көтеруі - ясауийа жолының жемісі. Тарихшы З.Жандарбек Жошы ұлысында хан билігі киелігінің қалыштасуы жөнінде мынадай ой айтады: «Орталық Азия мұсылмандарына одан кейінгі кезеңде жаңа леп берген, ислам қоғамын қайтадан дұрыс жолға бастаған сошылық жол йасауийа тариқаты болды.

Осы кезеңде Алтын Ордадағы биліктің киелілігі туралы, ол биліктің тек Шыңғыс хан әuletіне тиесілігі туралы түсінік қалыштасырылып, ол түсінік ислам дінінің билік туралы талаптарымен сәйкестендіріліп, тарихи тұрғыдан көне түркілік билік жүйесімен байланыстырылды» [2, 71].

Өз өміршісін ұлықташ отырған Шалқиіз жырау оны асыра мақташ, жел бозбен жасанды да жалған дүниелерді айтпайды. Шалқиіз жырау танымында ел басқаратын хан қандай болу керек сол идеал мықташ орнықан. Бастауын Әл-Фарабидің, Ж.Баласағұнинің идеяларынан алатын бұл ой Шалқиіз жырау түсінінде сол кезеңнің саяси-әлеуметтік жағдайына орайластырылып айтылады. Темір бидің әділеттіліктен жырақ кеткен тұстарын айтыш, «философ-қаған», «идеал-хан» төңірегіндегі ойларын да жария етеді.

Шалқиіз жыраудың Темір биге айтқан екі толғауынан оның саяси-әлеуметтік көзқарастарымен қатар діни-философиялық танымын да көреміз.

Сен алтынсың – мен пұлмын,  
Сен жібексің – мен жүнмін,  
Сен сұлтансың – мен құлмын,  
Сен сұңқарсың – мен күмyn,

## Н.Кенжегараев. XVI ғасыр қазақ поэзиясындағы...

Жемсауыца келгенде,  
Сұлтан ием, сом жүргім аяман,  
Керекті күні алдыңда  
Фазислеген сұлтан жаным аяман! [3, 25]

Шалқиіздің бұл ойлары биге айтылған мадақ емес, жыраудың сошылық дүниетанымынан туындаған отырган сыры терең сөздері. Шалқиіз жыраудың Ясауи жолын, сошылық ілімді өте терең мәңгергенін байқатады. Жырау ясауиің жолымен елді басқарған ханына күрметін ғана білдіріп отырган жоқ бұл жолдарда, өзінің Алла жолын – Ясауи жолын ұстанған мұсылман екендігін танытып отыр. Эр бір мұсылман – Алланың құлы, жаратушының алдында бас иеді, құлшылық қылады. Шарифат жолындағы адам ғана емес, сошылықтың одан кейінгі сатыларын (тариқат, мағрифат, хақиқат) мәңгерген адамдардың ғана аузынан шығатын сөзді айтыш отыр Шалқиіз жырау. Демек, Алланың жердегі елшісі ел билеушіге қызмет етуші, елдің береке-бірлігін ойлаушы, күні-түні жаратқан Аллаға құлшылық етуші, «ғаріш», «топырақ сипатты» дәруіш екендігін андаймыз. Сошылықтың шарифат, тариқат, мағрифат, хақиқат сатыларын мәңгерген адамнан ғана рухани еркін, кемел адам шығатын болса, Шалқиіз жырауды да сол кемелдікке жеткен адам деуімізге болады. Кісілік кемелдігін кішілікпен, мейіріммен, кеңпейілділікпен, шақырлықпен, дүние кіріпен алыстаумен, нәпсісін ауыздықтаумен толықтырған жырау бұл толғауында Темір биден тек өз қарақан басына медет сұрап отырган жоқ, дүйім еліне медет сұрап отыр. Тәңірі өзіне аманат еткен халқынды:

Жұқ тиесең кетерсің,  
Ниет етсең жетерсің,  
Жетсең тауаш етерсің,-  
Етектеп жиған көп халқың,  
Сұлтан ием, кімге асмар етерсің,-

деп анталаған қалың жаудың оргасында кімге сеніп тапсырып кетесін деп отырган жоқ па? Дәстүрлі түркілік таныммен астасып жатқан, сошылық танымның анық көрінісі осы болса керек.

Шалқиіз бұл ойларын тереңдете келіп, Темір биге сошылық ілімнің, Ясауи жолының нағызы мәйегіне айналған қасиеттер туралы айтады:

Әбсінде ғалым жидырыш,  
Ақ кітабын жайдырыш,  
Ай хан ием, сұраймын:  
Тәңірінің үйі кебен  
Ибраһим Халил алла жасалты,  
Фазырейл – жан алмаға қасап-ты,  
Жығылғанды түрғызсаң,  
Жылағанды уатсаң,  
Қисайғанды түзетсөң,

Тәңірінің үйі бәйттілла,  
Сұлтан ием, қарсы алдыңда жасалты!

А. Ясаудің «Факрнама» еңбегіндегі мағрифаттың он мақамындағы: пақырларға пана болу, дәруіштікті қабыл алу, жарлыларға жәрдем қылу, адаптация болу, т.б. қасиеттер дәріптеліп, Меккеге қажылықта ұзақ сапарға барғалы жатқан елбасына шыныайы мұсылмандық пен пақырлықтың жолы айналандағы адамдарға дұрыс ықыласта болу керектігімен түсіндіреді [5, 181]. Мұсылмандықтың бес парызының бірі болыш саналатын – қажылықта бару сапарына ниет еткен адамды тоқтату, ортодоксалды ислам тұргысынан жат қылық та болыш саналуы мүмкін, тек сошылық таным тұргысынан емес, қажылық алыс сапардан айналандағы халықта, жетім-жесірге, кембагалдарға көрсеткен көмегін, істеген жақсылығын сауаптырақ дегенді айтады. Әрине, бұл ойлар сошылық танымның өздігінен туындаған отырған дүниелер болса керек. Алланың елшісі Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбардың хадистерінде көп айтылатын «қайырлы, сауапты істер адамды түрлі пәлелерден сақтайды» деген сұнайдығы ойлар Ясауи ілімінде қорланыш, жаңа сипат алыш, дәріптеледі. Іштегі нәпсі, менмендік, дүниекорлық, сараңдық, т.б. сұнды қасиеттерді ауыздақтаң, жойып, шын ниет, иманың Алла жолына арнаң, Хақ дидарын көруге ұмтылу ол ішкі көңіл әлемін жетілдіру, арылту, тазаргу арқылы іске асатыңдықтан, Шалқиіз жырау сошылықтың соны жолын өзінің құлтанина құлаққағыс етіш отыр.

Шалқиіз жыраудың мына толғауы да түрлі ойға жетелейді:

Жашырағы жасыл жаутерек  
Жайқалмағы желден-дұр,  
Шалулығы белден-дұр,  
Төренің кежігүі елден-дұр,  
Байлардың мақтанбағы малдан-дұр,  
Ақ киіктің шабар жері майдан-дұр,  
Кешу кепшік сайдан-дұр,  
Батыр болмақ сойдан-дұр,  
Жалаңаш барыш жауға ти,  
Тәңірі өзі біледі,  
Ажалымыз қайдан-дұр!

Бір қарағанда дауылшаз жыраудың жауынгерлік рухты жаныған қаһармандық пафоста тұған толғауы деп айтуымызға болады. Ел қорғауға шақырған батырлық рухтың астында жыраудың дүниетанымы қылаң беріш тұргандай. Көз алдымызға ел үшін басын өлімге тіккен, өмірдің шын мәнін үғынған кемел адамның бейнесі елестейді. Қазіргі мылтықсыз майдан кезінде қайсымыз еліміз үшін басымызды береміз деп айта аламыз?! Мына жалған дүниенің қызығын, дүние-мұлік, тұған-туыс, дос-жараңды қимай, о дүниеге дайын болмағандықтан, өлімнен зөредей қорыққандықтан, басымызды бүгіп, тілімізді тістеп үнсіз қалатынымыз рас. Шалқиіздің санасы сергек, Ясауи

## Н.Кенжегараев. XVIғасыр қазақ поэзиясындағы...

жолымен сусындаған жыраудың көңіл әлемінде кір жоқ. Дүние ауруымен ауырмадан, «өлмей тұрыш өл» деген сопылық қағиданы берік ұстанған, яки өлімге дайындық жасаған, ахирет күнін, о дүниесін ерте кезден ойлаған көміл мұсылмандың сөзі. Жырау сөзі жалаң батырлық, не даңғойлық емес. Жырау батырлығы иманының көмілдігінен, тазалығынаң, сопылық санасынан туындаш отыр. Дінтанушы ғалым Д.Кенжетай жыраулар поэзиясындағы батырлық жөнінде мынадай ой айтады: «Көшпелі мәдениеттегі ең негізгі құңдылық болыш табылатын батырлық, ерлік, альштық ұғымы ислам мәдениетінде де дәрітелетін, мұрат болыш саналатын басты құңдылықтар. Дегенмен, Йасауи сопылық ілімі арқылы батырлықтың білекте емес, жүректе екендігін, адамдық мәннің сырьбы оның рухы арқылы ашылатындығын басты тұғыр қылыш көрсетті. Осының негізінде батырлық, ерлік, альштық ұғымы мазмұны жағынан терендетіліш, толықтырылады. Көшпелі мәдениеттегі негізгі күш материалды қуат, батырлық, біліктілік ретінде дәріптеліш, «қанша батыр болса да, жауға салма жалғызыды, қанша шепшен болса да, дауға салма малсызды» деген қағида бойынша шектеліш, таразыланыш қойылатын болса, ал Йасауи ілімінде батырлық жүректе, ал жүрек болса, шексіздікті – Тәңірді де сыйдыра алатын адамдағы ең асыл жауғар (субстанция) болыш дәріптелген» [2, 106]. Демек, Шалқиіз жыраудың батырлығы сопылық танымнан, жүректен туындаш отырган батырлық. Ажалдың қайдан келетіндігін айту үшін жырау аналогия арқылы антitezаларды қатар қойыш суреттеуі, өмір заңдылығын, мәннің ашуға жасалған талшыныс, Шалқиіздің дүниетанымын, философиясын танытады. Шалқиіздің «Тәңірі» мен мұсылмандық «Аллаhtың» арақатысы қалай, бұл атаулардың айырмашылығы бар ма, әлде екеуі бір ұғым ретінде қолданыла ма, жыраулар поэзиясындағы дүниеге көзқарас, дүниетаным, тушиені тану, Жаратушының адам өміріндегі, дүниедегі орны мен маңызы, т.б. сынды сұраптарға жауап беруді философтардың енпісіне қалдырайық. Бұл толғаудан түйетініміз жырау әрбір адамның ішкі әлемін, көңіл әлемін жетілдіріш, жүргегін кірден тазартып, «тоғырақ сипатты» болып, «өлмей тұрыш елш» Алла жолы – ар жолы, Алланың бір аты – халық болса, халық жолы үшін жанын шида етуге дайын болуды насхаттауы Шалқиіздің танымы терен, сопылық жолды берік ұстанған, Ясауи шекіртерінен екендігін айғақтайды.

Шалқиіз жырау толғауларында тағы да ерекше орын алатын тақырып – адам мәселеңі, жақсылық пен жамандық, жақсы адам және жаман адам туралы таным. Ғалым А.Ахметбек Ясауи танымындағы жақсы адам мен жаман адам туралы мынадай ой айтады: «Ахмет Ясауи өз шығармаларында бір тиіптің екі түрін жасауга әрекеттеген: жақсы адам және жаман адам. Дәлірек айтсақ, жаман адам деген ұғым ақын түсінігінде жоқ. Яғни тәубе қылыш Хақ жолында жүрген адам жақсы тип болады, ал Хақ жолынан адасып, нәпсі жолын таңдағанды, Ясауи бойынша, адам деп атау қын:

Тәубе қылыш Хақ жолында жүрмегендер,  
Білің, достар, ол хайуаннан бетер әрміш.

Яғни жартылай жақсы, жартылай жаман деген аралық тип Ясауи творчествосында кездеспейді, тырнақтай кір басқан көңіл – лас көңіл, алакұла сенім-сенімсізден де жаман. Ал жақсы тип бейнесі Хақ жолындағы мақамдарды игеруге байланысты динамикалық өсу тұргысында сипатталады» [6, 55].

Әрине, Шалқиіз жыраудың шығармашылығы бізге толық күйінде жетпегені белгілі, жыраудың деңгейіне, қабілеттіне қарағанда, толғаулары бұдан да көп болуы мүмкін. Бізге жеткен аз дүниесінің өзінен-ақ меммұндалап тұрған дүние – сонылық дүниетанымның, сонылық ілімнің, Ясауи ілімінің негізі тақырыбы, құндыштың болыш саналатын – адам тақырыбы орын алуы болыш табылады. Шалқиіз жырау Ясауи ізімен өз толғауларында адам туралы теориялық діни-философиялық түсінік, талдау тұргысында қалмайды, оның толғауларындағы адам - әлеуметтік-тұрмыстық, моральдық-этикалық қарым-қатынастағы тірі адам. Бір ойландыратыны, өте нәзік, әрі таза болыш есептегелетін Ясауи жолы – бірінші планға ішкі әлемді, руханиятты шығарса, жыраулар поэзиясында адам руханияты теориялық тұрғымен қатар, практикалық, әлеуметтік-тұрмыстық аспектілерде көрінеді. Әрине біз бұл жерде Ясауи жолын сынаудан аулақшыз, әділінде, дұрыс жол – Ясауи жолы, бірақ амал непік Ясауи арманы әрқашан орындала бермейді, адамзаттың заманға иленуі, нәпсінің жетегіне түсінің басын кете береді емес ше?!

Ясауи өз хикметтерінде нәпсі жолына түскен надандарды да көңіл көзін ашып Алла жолына бас буруға, нәпсі шайтанмен құресуге шақырыш, үмітін үзбесе, Шалқиіз жырауда адамдар тиі айқын екі лагерьге бөлініп қарастырылады. Жақсы адам мен жаман адамның қасиеттерін, іс-әрекеттерін салыстыра отырыш суреттеп, үнемі ақиқат пен туралықты, баяндыштықты – жақсылық пен жақсы адамның тарашуна жинақташ отырады. Солай ете отырыш, адамдарды жақсылық қасиеттерге шақырады, үндейді, адамгершілік-этикалық мәселелерді іштей дамытып, дінмен, иман тазалығымен жетілдіре түсінің көркемдікін қуаттайды.

Жақсының жақсылығы сол болар  
Жаманменен бас қосып,  
Сейлемекке ар етер;  
Жаманның жамандығы сол болар,  
Сейлесе дәйім бетін қара етер;  
Бір жақсыға басып қосып сөз айтсаң,  
Сол жақсы жамандығың жақсылыққа жыр етер,  
Бір жаманға басып қосып сөз айтсаң,  
Сол жаман сырың сақламай,  
Әрдайым дұшпаныңа әр ісінді қор етер.

Шалқиіз жырау адамның адамгершілік, имандыштық қасиеттерін жетілдіру мақсатында жақсылық пен жамандық, жақсы адам мен жаман адам категорияларымен қатар, сонылық ілімнің, Ясауи жолының басты

## Н.Кенжегараев. XVIғасыр қазақ поэзиясындағы...

құндылықтарының бірі болыш табылатын – ақыл категориясын, ақылды адам мен ақылсыз адам қасиетерін жырына арқау етеді. Жырау ақылды адам, ақылсыз адам тищтерін сөз етуі үшін, алдымен ақыл дегеніміз не, ақылды адам дегеніміз кім, ақылсыз адам дегеніміз кім, ақылды адам қалай қалыштасады, ақылсыз адам қалай болады деген мәселелерді білуі керек. Жырау Ясауи іліміндегі ақылдың орын өте дұрыс бағамдай білген. «Хақ тағала адамға иманды сыйға тартардан бұрын алдымен осы сыйға иегер бола алатындаі ақыл және де осы таргудың тұрақтай алатындаі мекені – сана берген. Яғни иманның магынага, мәнге айналуы адамның ойлау, зерделеу, пайымдау қасиетіне тығыз байланысты. Иман ақыл түрінде адамның бұл өмірдегі мақсатын белгілең, ақ пен қараны, оқ мен солды танытатын көңіл көзі болыш табылады. Ақыл адамды ізденіске салып, парыз міндеттейтін, жауапкершілік артып, шешім белгілейтін күш. Егер де ғәшілдік, надандық адамның көңіл ізденісін мешелдікке салып, сал қылса, ақыл оны бұл аурудан жазып, айқытырады. Ақылды адам тура жол мен бұрыс жолды айыра білш, өз шешіміне жауап берे алады. Ал надандық құрсауындағы ақымақ адам өз ой-шікірі, тұжырымы, көзқарасы болмағандықтан, көртышқандай кез келгеннің жетегінде қалыш қояды. Сондықтан да ақыл адамның надандық зұлматынан сақтайдын қорғаны, шайтан айласынан құтқаратын сақшысы ретінде көрінеді» [6, 58].

Ақылсыз достыдан  
Ақылды дұстан артық-ты,  
Дұспаныңдан бір сақын,  
Ел ішінде айқасып,  
Ойнап жүрген достыларынан мың сақын.

Сопылық танымдағы ақыл – дүниен танудың көзі, рухани кемелдікке жетудің тірері. Халық арасында «Ақылсыз достан, ақылды дүшпан артық» дег таралып кеткен сопылық танымнан туындаған қанатты сөздің, мақалдың Шалқиіз толғауында поэтикалық тілмен өрнектелуі, жыраудың Ясауи іліміне жетіктігін көрсетеді. Ясауи ілімінде Алла жолына, Алланы тануга ғашықтық жолмен бағытталған нұрлы ақыл ғана дәріштеледі. «Адамның іс-әрекеттерінде ақыл мен махаббат бір-бірін өзара бақылауға алады. Махаббатсыз ақыл адамды нәпсікүмарлыққа апарады. Ақылды осындаі істен махаббат қана құтқарады. Сол сияқты ақылсыз махаббат адамды жолдан адастырып, бос сенімдерге итермеледі мүмкін. Сондықтан да ғашықтық пен ақыл арасында үйлесімділік болуы керек» [2, 186]. Ақыл – адамның өзін-өзі тануына ықпал ететін Тәнір тарарапынан берілген қуат. Ақыл мен Аллаға деген ғашықтық бір адамның бойында қатар келсе, ол адамның рухы рухани кемелдікке талшынады. Рухани кемелдікті көздеген адам - өзімен-өзі құресті бастаған адам, бойындағы жаман қасиеттерді жеңуге талаштанған жан. Шалқиіз жырау ел ішіндегі моральдық-этикалық қатынастардың барынша таза болғанын, адамдардың өз имандарын жетілдіруін, кіслік, адамгершілік қасиеттерін берік ұстануын қалайды.

Шалқиіз жыраудың толғауларында кездесетін сопылық ілімнің қайнарынан туындаштырылған ой – қанағат, төзімділік мәселелері. «Имандылықтың екінші негізі сабырлық, төзімділік, шыдамдылық қасиеттерден тұрады. Осы қасиеттер арқылы адам меҳнат-машақат, азап көргенде, қындықпен синалғанда, рухани дүниесінде беріктігі, бекемдігі анықталады. Сабырлы, төзімді адам өзіне-өзі берік, сенімі ның адам. Сабыр адамды асығыс іс-әрекеттен, жөнсіз қылықтан, ағат сөзден сақташ, ақылға салады, ойға жетелейді. Сабыр адамның тақат(куш) белгісі, әр не бөле келсе, сабырлық сақташ, шыдамды болуда күш жатыр» [6, 58].

Төзімділік - түрлі имани қасиеттердің қоспасынан туындастырылған, теориялық білімнің практикаға ұласқан түрі. Жырау толғауында көптеп кездеседі:

Атайы өрдің баласы  
Атадан жалғыз тудым деп  
Басына қын іс келсе,  
Ісін көшке салар ма.

Феодалдық-патриахалдық қоғамда атадан жалғыз болыш туу, жалғыздық дергі ең ауыр жазамен тен, қын дүниелердің бірі болатын. Жырау толғауында Алланың өміріне мойын ұсыныш, жалғызбын деп зарлай бермей, көңіл өлемін, иманын жетілдіріш, нәпсіден, дүние кірінен бойын таза ұстап, хақ жолында әрекет етсе, оның ешқандайда жалғыздық көрмейтінін меңзеп отыр. Ер адам рухани кемелдікке, толықтыққа ұмтылумен қатар, өзінің әр бір ісін елі, ертеңгі болашағы - ұрпағы ұшін жан аямай еңбек ету керектігін де жырау айтыш етеді.

Тәңірі жанын алмаса,  
Тау аралап жол салмай,  
Тас аралап құс салмай,  
Арқанын баурын қыдырмай,  
Арғымақ ару атлар арыттай,  
Жат жерлерге бармай өзін таныттай,  
Өзден болмай би болмай,  
Атаның батыр туган ұлына  
Ойда жатмақ ұсар ма!

Алып империялар құйрец, жаңа ұлыстар орда тіккен, қым-қуыт аласаңыран кезеңінде өмір сүрген көшшелі қауымның өкілінің саф дүниетанымынан шыққан сөз. Шалқиіз жырауға Алланың жазған барлық істерін шыдамдылықпен, төзімділікпен көтерумен қатар, оптимистік өмір философиясы, жақсылыққа, кемелділікке ұмтылу, еліне қамқор болыш, қызмет ету парызын мақсат тұту тән.

Шалқиіз жырау сабырлылық, ұстамдылық сынды көркем қасиеттер жөнінде де айтыш етеді:

Атаның ұлы ер жігітке

Арту-арту бел келер,  
Оқтан қатты сөз келер,  
Алға сап жауап берменіз,  
Арғы түбін ойламай!

Шынайы сопылық қағидалар: сышайы сөйлеу, тәуебеге келу, жақсы-жаманды ажырату, қанағатшыл болу, сабырлылық сынды қасиеттер моральдық-этикалық нормативтермен астасып, дала дауылшазының аузынан айқын насиҳат түрінде төгілген. Көпті көрген, өмірдің кедір-бұдырына әбден шынықкан жыраудың кісілік келбеті айқын, дала заңымен шісіп-жетілген, ары мен иманын ту еткен, рухы биік, жаңы кемел көшшелі елдің көкжалының рухани платформасы көрінеді.

Айнала бұлақ басы тең  
Азаулының Стамғұлдан несі кем,  
Азаулының Аймадет Ер Доспамбет ағаның  
Хан ұлына несі жок,  
Би ұлынан несі кем!  
Тәңрінің өзі берген күнінде  
Хан ұлынан артық еді менім несібем!

Автор толғауында ислам дінін мойындағандық, ислам ілімімен таныстық көрінгенімен, Алла сөзінің орнына түркілік Тәңірі ұғымы қолданылады. Алайда Доспамбет танымындағы Тәңірі мен Алла бір ұғым, Жаратушы мағынасында ұғынылады. Жырау толғауларында тұлдік қолданыстағы біршама сөздердің нормаланғандығы да байқалады. Жоғары айтыш еткеніміздей әдеби тұл нормасында «Тәңірі» сөзі орнығып, «Алла» сөзімен қатар қолданғандығы көрінеді. Сондай-ақ дәстүрлі түркілік дүниетаныммен астасқан сопылық ілімнің «ханның киелігін» сактау, ұлықтау сынды ясауия тариқатының сілемі Доспамбет жыраудың сөздерінде көрінеді. Жыраудың өзін хан ұлына теңемей, «би ұлынан несі кем» деп салыстыруында көп мән жатса керек. Хан ұлымен салыстыру үшін, Доспамбет ағаның өзінің де хан тұқымынан болуы қажет болатын. Доспамбет түрік тайпаларынан пыққан беделді әскер басы, жауынгер қолбасшы, елге сыйлы азамат болғанымен, өзінің тегінің тेңе тұқымынан болмағандығын біліп отыр және ясауия тариқатының қағидасына мойынсұнғаны көрініп тұр. «Йасауи кемел адам типін мақсат еткен ілімін қоғамда мойыннату, қабылдату үшін дәстүрлі түркілік дүниетанымдық ұстындарға жүгінеді. Бұл ұстындар көшшелі мәдениеттің төңірегінде қалыптасқан түсініктер, қатериялар, құбылыстар, ұғымдар екені анық. Көшшелі адам үшін табиғаттың барлық элементтері ерекшеле мән мен киеліліктің объектісі ретінде көрінетін болса, Йасауи ілімі сол мән мен киеліліктің объектісі ретінде адамды көрсетіп, табиғаттың адам игілігі үшін Тәңір тарарапынан жаратылғандығын, барлық әлемнің адамға сәжде етіп түрғандығын уағыздайды» [2, 106].

Жаугершілік заманың қаһарманы, даланың көкжал бөрісі аумалытөкпелі заманын “дүниенің басы сайран, тұбі ойран”,- деп қорытуы автор бойындағы даналықты, өмір бұралаңдарынан түйіндеген ақиқи пәлсафашылығын танытады. Еуразияның ен даласын билеген Алтын Орданың ыдырауы, ұсақ хандықтарға бөлінуі, хандықтың, ел мен жердің қолдан-қолға өтіш жатқанын, тұрақсыз, тоқтаусыз өзгерістерді көз алдында өткеріш отырган жыраудың ойран дүниеге берген бағасы. Сол ойран дүние кезінде “алмаға ат байлаған”, хан ұлымен тең дәрежеде ғұмыр кешкен, өзі батыр, ержүрек, алтыр, дана, ойшыл жыраудан да озғалы тұр. Өмірмен қоштасқалы жатқан жаралы батыр басын тасқа да, тауға да ұрыш байбалам салмай, салмақты, сабырлы ақылмен, дүниенің шолақ, өтшелі екенін, өз ғұмырындағы істеген айтұлы істерін саралап, кейінгі тыңдаушысына өмірмен де, өнерімен де үлгілі жол қалдырады.

Тоғай, тоғай, тоғай су,  
Тоғай қондым, өкінбен,  
Толғамалы ала балта қолға алып,  
Топ бастадым, өкінбен,  
Тобыршығы биік жай салыш  
Дұспан аттым өкінбен.

Осы тұста Доспамбет жыраудың бойынан әлімсақтан бері келе жатқан адамгершілік, моральдық-этикалық қасиеттермен қатар, Ясауи ілімінің көріністерін көреміз. Көңіл әлемін таза ұстая, өмірдің шолақ және өткінші екендігін сезе білген, өмір мәнін таразылаған шарасат, нәпсісін жеңе білген рухани ерік-күш, нәпсікүмарлықтан аулақ болу, көңіл құтысын таза ұстая, қанағат, сабырлылық, тәзімділік сынды қасиеттер Доспамбет жыраудың негізгі азығы. Ұсақ хандықтарға бөлінген Алтын Орданың иелігінде болған ұлыстар XV-XVI ғасырларды бастарынан нағыз қын-қыстау кезеңді өткерді. Алтын Ордаға қараған туыстас тайпалар жеке-жеке мемлекеттің қалыптастыру жолында, елін сыртқы жаулардан, өзара қырқыстардан сақтауға тер төкті. Жер бетінде ел больш, халық больш қалу үшін үнемі толастамайтын шайқастарсыз мүмкін болмады. Доспамбет өз елінің амандығы, азаттығы үшін күрескен жауынгер жырау.

Кезекті жорықтарының бірінен ауыр жарапаныш, шарасыз жатқан батыр-жыраудың эпостық жырлар стилімен жаңынан өтіп бара жатқан жорықшы, жолаушыларға қараты айттылған монологы терең ішкі сезімдерге, психологиязмге толы. Елімен, жерімен, сүйген жарымен, қос ұланымен, жарық дүниемен қоштасу сынды айттылған бұл толғауында автордың мұқалмас қажыр-қайраты, дүниеге пәлсафалық тұрғыда қараған ойшылдығы, тауып айттар шешендейтін көрінеді.

Жәміштің қос айтыш,  
Жарага мамық тосатыш,  
Келе жата дегейсіз.  
Ол айтқанға тимесе,

Бұрынғылар түскен жүрі жол  
Бұрылып соған түсті дегейсіз!

Қазақ халқының руханиятында сақталған қоптасу, естірту салттары адамдар арасындағы қарым-қатынастарда этикалық, моралдық мәнге ие. Автор ұлдарына, ел-жүртінде өз өлімін тұра сөзбен, жалаң фактімен емес, философиялық оймен, тұспалдаумен береді. “Бұрынғылар түскен жүрі жол, бұрылып соған түсті дегейсіз”, - деп тыңдаушы қауымының өмірге, дүниеге ақыл көзімен қаратады, ойландырады, реципиентінде өмірге ой көзімен қарауына септік болады. Жыраудың өз ойын ашық білдірмей жанамалап, астарлы, философиялық қанатты сөздер арқылы жеткізуі, қабылдаушының ойланып-толғануына, іштей тұшынып, күйзелуіне, ішкі әдеби процестің, полилогтың тууын қамтамасыз етеді. Сол кезеңнің тыңдаушылары үшін елі үшін шахид болыш, ерлікпен жаңын қиған азаматтарын ардақтаудың, құрметтеудің нышаны ретінде естірту, жоқтау елдікті білдіретің, кейінгі үрпақты тәрбиелейтін құрал болған.

Сондай-ақ Доспамбеттің осы қоптасуынан жырау үшін өлімнің аса бір қорқынышты нәрсе еместігін, Ағаның өлімге дайындығын, соныбын өлімнің негізгі қағидаттарының біріне балаңатын «өлмей тұрыш тұрыш өлу», өлімнен қашшау, өлімді сую, саналы ғұмырын арлы іспен өткізіп, өлімді тек Алламен қауышудың жолы деп ұғыну көзқарастарын орын алғандығын көрсетеді. «Йасауи дүниетанымында адам өлім үрейінен құтылу үшін табиғи өлімнен бұрын оны жарық дүниеде таныш, дәмін татуы, яғни «өлмес бұрын өлуі» қажет. Өлімнен қашудың орнына онымен табысу, одан қоркудың орнына оны сүйе білу керек.

Ислам философиясы өмір мен өлімді біртұтас көреді. Өлім – мәнгілік өмірдің баспалдағы ретінде түсіндірлгендейтін ақырет сенімі арқылы адамның өзінің жоқ болу қауіп жойылады» [2, 223-224]. Осындай Ясауи жолының тәлімінен нәр алған жырау елсіз жапсан дала жалғыз жатыш, байбалам салмайды, қоптасу сәтінде де тәрбие мен тағылымға мол сырлы сөз айттып, елімен, жерімен қоптасады. Феодалдық-патриахалдық қоғамда өмір сүрген даңқты бабаларымыздың өмірінің кейінгі үрпаққа өнеге болар тұстары аз емес. Табиғи үйлесімділікпен дәстүрлі түркілік дүниетаным мен ислам дінінің мәйегі болған соныбын қанынан, оның қазақ даласындағы көрінісі Ясауи жолының ілімімен сузындаш, өмірлеріне өрнек еткен жандардың өнері мен істерінің үршактан-үршакқа ұмытылмай жетіп жатқандығы да олардың рухани еркіндікке, кемелділікке, әулиелікке ұмтылып, қол жеткізгендігінде жатқан шығар. Бізге белгілісі Асан қайғы, Қазтуған, Шалқиіз, Доспамбет жыраулардың артынан зәулім сарайлар, алтынданған дүние-мұлік қалған жоқ, олардың артынан мәнгілік мұра болыш, таза жан әлемі, өмірі мен өнерінің арасында мыскалдай айырмашылық болмаған «топырақ сипат» кемелдік, толықтық, еркіндік, әулиелік қалды.

## **ТҮРКОЛОГИЯ, № 1-2, 2010**

---

«Таза мінсіз асыл сөз» Алланың адамзатқа мирас еткен ең ұлы қасиеті, мұрасы болса керек.

«Жыраулар поэзиясындағы сонылық дәстүр» тақырыбы монографиялық түрде зерттеуді սұраныш тұрған, киелі тақырып.

### **ӘДЕБІЕТТЕР**

1. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. –Астана: Аударма, 2002.
2. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Йасауи дүниетанымы. – Түркістан: Тұран, 2004.
3. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия. – Алматы: Ана тілі, 1993.
4. Жандарбек З. Йасауи жолы және қазақ қоғамы. – Алматы: Ел-шежіре, 2006.
5. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Ислам философиясы. Т.4. –Астана: Аударма, 2005.
6. Ахметбек А. Қожа Ахмет Йассауи. – Алматы: Санат, 1998.

### **REZUME KENZHEGARAEV N. (Almaty)**

#### **THE SUFI TRADITION OF KAZAKH POETRY IN XVI C.**

The article deals with the traditions of Yasswi in compositions of jraus Shalkeez and Dospambet.

## Құралай ЖАНҰЗАҚОВА

### МИФОПОЭТИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАЛАРДЫҢ РОМАНТИЗМНІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КӨРКЕМДІК ФУНКЦИЯСЫ

*В статье рассматривается художественная функция мифологических парадигм в эстетике романтизма.*

*Makalede romantizm estetiğindeki efsaneli olguların edebi funkcyonu yer almaktadır.*

М.Е.Массон мәтіндер арасынан, екі қатар руникалық жазуды анықтаң, олардың көшірмелерін түсірді. С.Е.Малов 1931 жылы жазулар көшірмесін зерттей келе, эпиграфиканың негізгі болігі үйғыр тілінде емес, монголша жазылған, -деген жаңсақ шікір айтты [28, 17-38; 15, 37].

Қырғыз КСР Фылым академиясының жалпы түркология мен дүнғантану бөлімі 1896-1897 жылдар аралығында В.А.Каллаурдың ашқан ескерткіштерін қайта зертеу мақсатында, 1964 жылы арнайы экспедиция ұйымдастырылды. Зертеу барысында Құлансай мен Терексайда орналасқан ескерткіштер суретке түсіріліп, жазулардың толық көшірмелері алынды [29, 102-104].

И.А.Батманов бұл ескерткіштерді 1971 жылы қайта зертец, жазулардың жаңа көшірмелерін жасады [30, 16, рис.9]. Бұған қоса, осы жазулар жайлы зертеулерді Ч.Джумаголов, Д.Ф.Винник, С.Садыков, У.Асаналиева, К.Аширалиева секілді мамандар да жүргізді. XX ғ. 60-шы жылдары, түрколог Э.Р.Тенишев Терексайда 1930 жылы М.Е.Массон ашқан төрт қатарлы жазуды аударды: «1.Что за монахи, что за колокол! 2.1590-91 [год], сподвижники, вероучител (и), миран, 3.Вода чуйских людей, 4.Выходя из озера, низвергается водошадом» [31, 148].

Қырғыз КСР FA Тарих институтының Қырғыз археологиялық экспедициясының эпиграфикалық тобы XX ғ. 70-шы жылдардың басында шатқалдардағы жазуларды зертец, оның мүшесі иранист-согдолог В.А.Левшиц бұл жазулардың соғды тілінде жазылғанын анықтаң, жазулардың толық дешифровкасын жасап аударды [32, 78-85]. Жазулар негізінен соғды графемасымен берілген көне түрк тілінде жазылған. Онда, шатқал арқылы керуен жолымен өткен жолаушылардың есімдері жазылған. Жазулардың арасында, үйғыр тілінде жазылған бірнеше қысқа жазулар да бар [15, 38-39].

В.А.Левшицтің мерзімдеуі бойынша, ең көне жазу Терексай шатқалындағы сарқырама маңындағы жазу, оның аудармасы: «275-й год (эры) Хосрова. Мы написали эту надпись – государь Кюль-тегин Алштаркан». «Хосроу» жыл санау бойынша 275 ж. - біздің 906/7 жылға тұра келеді.

Терексайдағы жартастағы жазулардың ішінде - 7 тік қатар соғды тіліндегі және 3 қатар руникалық жазулар, В.А.Левшиц бойынша Орта Азиядағы ең үлкен және бүлінуге қатты ұшыраған ескерткіш. Онда көптеген түрк ерлері мен әйелдерінің есімдері, сонымен бірге кейбір ер азаматтардың есімдеріне қосымша «богра», «алш-тарқан» және т.б. титулдары, ал әйелдердің есімдеріне қосымша «хатун» титулдары жазылған. Жазулардың

бірінде, тексті жазған автордың есімі жазылған: «Государь Алш-богра это написал», ал тексте - Алш-богра 14 әк сүйек «патша» титулының иегерлері - жергілікті билеушілерді өзіне шақырыш, оларға сый-сияшат көрсетті деп жазылған [32, 78-85]. В.А.Левшиц жоғарыда аталған жазуларды X ғ. мерзімдейді. Ал, бұл екі жазудың оң жағындағы жазуда, уақыты келтірілген - «хосроу эрасының» 371 жылдың «навсарт» айы (б.з. 1002 жылдың сөуір айы).

Ал, Құлан сайдағы жазу «хосров эрасының» 394 жылдың алтыншы айымен мерзімделген (б.з. 1025 жылдың тамыз-қыркүйек айы). Бұл ескерткіш уақыты, нақты көрсетілген ескерткіштердің ішіндегі ең кейінгісі болыш табылады. Жазуда «хосров» эрасынан бөлек, түрктің 12 жылдық жануарлар күнтізбесі бойынша уақыт эквиваленты берілген – «тышқан жылы». Жазуда 18 есімдер титулдарымен келтірілген және ең сонында 18-ші қатарда тексті жазған авторының есімі жазылған – «шапағатты» Құлтак [32, 78-85].

Корыта келгенде, қазіргі таңда, ұлттық мәдениет тарихының ең басты белгісі – жазу-сызу мәдениеті, оның ішінде көне руникалық жазу - біздің төлгума болмысымыздың айғақты көрсеткіші болыш табылады.

Талас өзенінің жоғарғы ағысында орналасқан көне түркі жазба ескерткіштері соңғы жүз жыл бойы ғалымдардың назарынан тыс қалмай, жинақталған материалдарын сараштай отырыш, зерттеулері жалғасуда.

Археологиялық зерттеулер нәтижесінде Айыртамой шатқалындағы эпитафиялық жазулар VI-VIII ғғ. мерзімделсе, Т.Досанов руникалық жазу Енисей өңіріне Жетісіу өңірінен өздерімен бірге үйсіндер әкелген және бірінші Талас ескерткішінің жазуы ерекше әдіспен (дукт) жазылғаның алға тартып оны V ғ. бұрын жазылған деген шікір айты. Ал, С.Г.Кляшторный VII ғ. бірінші жартысында Талас өңірі бастан кепшірген тарихи оқигаларды және «чор» титулы қара түргеш әулеті билік құрган кезіндегі жоғарғы титул екенін алға тартыш, талас эпитафияларының кескінделген уақытын 716-739 жж. аралығына тұра келеді, -деп пайымдады.

Құлан сай мен Терек сай шатқалдарындағы соғды әліппесімен жазылған көне түркі жазуларының тарихи-мәдени маңызы бар. Себебі онда, қарахан түркілер билеушілерінің, әк сүйектерінің есімдерімен қатар, соғдылардың тіл жағынан түркілену үдерісін де көрсетті.

### **Әдебиеттер**

- 1.Турадилов М.У. Археологическая деятельность В.А. Каллаура //Автореферат на соискание ученой степени кандидата исторических наук. –Алматы, 2007. -30 с.
- 2.Протокол заседания общего собрания членов Туркестанского кружка любителей археологии, состоявшегося 26 февраля 1896 года в зале Генерал-губернаторского дома //ПТКЛА, I. –Ташкент, 1896.
- 3.Массон М.Е. К истории открытия древнетюркских рунических надписей в Средней Азии // Материалы Узкомстариса. –Вып.6-7. –М.-Л., 1936.
- 4.Каллаур В.А. Новая археологическая находка в Аулиеатанском уезде //ПТКЛА, III. – Ташкент, 1898.
- 5.Отчет о деятельности Туркестанского кружка любителей археологии с 11 декабря 1896 года по 11 декабря 1897 года. (Год второй) //ПТКЛА, II. –Ташкент, 1897.

## **ТУРКОЛОГИЯ, № 1-2, 2010**

---

- 6.Милиоранский П. Новая археологическая находка в Аулиеатинской уезде //ЗВОРАО. Т.XI. –СПб., 1898.
- 7.Nemeth J. Die köktürkischen Grabinschriften aus dem Tale des Talas in Turkestan. Körösi Csoma-Archiv. Bd.II, 1-2. –Budapest, 1926.
- 8.Orkun H.N. Eski türk yazıtları. II. –İstanbul, 1939. -160-sf.
- 9.ЗВОРАО. Т.XI. –СПб., 1898.
- 10.Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. –М.-Л.: Изд. Академии наук СССР, 1959. -111 с.
- 11.Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. –М.-Л.: Изд. Академии наук СССР, 1951. -451 с.
- 12.Умняков И.И. Архитектурные памятники Средней Азии. Исследование. Ремонт. Реставрация. 1920-1928 гг. –Ташкент: издательство типо-лит. «Правда Востока», 1929. –40 с.
- 13.Миронов А.М. Организационная, научная и практическая деятельность Средазкомстариса (быв. Туркомстариса) за пятилетие его существования // Известия Средне-Азиатского Комитета по делам музеев, охраны памятников старины, искусства и природы (Средазкомстарис). Выпуск 1. -Ташкент: Средазкомстарис, 1926. -310 с.
- 14.Uğurlu K. Orhun anıtları. –Ankara: Ahmet Yesevi yayınıları-7, 1998. -136 sf.
- 15.Горячева В.Д., Перегудова С.Я. Памятники истории и культуры Таласской долины. –Б.:Кыргызстан, 1995. -120 с.
- 16.Бекжан О.Д. Құлтегін ескерткіші және жай сөйлемнің теориялық мәселелері. –Түркістан: «Тұран» баспаханасы, 2005. -176 б.
- 17.Базылхан Н. Древнетюркские письменные памятники Казахстана //Түркология. Қыркүйек-желтоқсан, №5-6 (37-38). –Түркістан: Тұран баспасы, 2008. -133-б.
- 18.Досанов Т. Восьмой и первый Таласские памятники (Новые расшифровки) //Көне түркі жазуаларының зерттелуі: бүгінгі мен болашағы (Дөңгелек үстел материалдары). –Астана: «Ер-Дәүләт», 2004. -232-б.
- 19.Кызласов Л.Р. История Тувы в средние века. –М., 1969. –с.189.
- 20.Кормушин И.В. К основным понятиям тюркской рунической палеографии //Советская тюркология. -1975. –с.47.
- 21.Винник Д.Ф. Новые эпиграфические памятники Таласской долины //Археологические памятники Таласской долины. –Фрунзе: изд. АН Киргизской ССР, 1963. –с.94-99.
- 22.Левшиц В. О происхождении древнетюркской рунической письменности //Советская археология, 1978. VI. –с.89.
- 23.Кляшторный С.Г. Рунические памятники Таласа: проблемы датировки и топографии //Известия МОН РК, НАН РК. Серия общественных наук. №1(230). –Алматы: НИЦ «Фылым», 2001. –301 с.
- 24.Базылхан Н. Көне түрік бітіктастары мен ескеркіштері: тарихи-деректанулық талдаулар //Түркология. Қантар-ақпан, наурыз-сәуір №1-2 (39-40). –Түркістан: Тұран баспасы, 2009. - 135-б.
- 25.Винник Д.Ф., Кожемяко П.Н. Памятники древнетюркской письменности из уроцища Айргамой //Новые эпиграфические находки в Киргизии (1961 г.). –Фрунзе: изд. АН Киргизской ССР, 1962. –с.3-10.
- 26.Каллаур В.А. Археологическая поездка по Аулиеатинскому уезду //ПТКЛА, II. –Ташкент, 1897.
- 27.Иванов П.П. К вопросу о древностях в верховьях Таласа //Сергею Федоровичу Ольденбургу к пятидесятилетию научно-общественной деятельности 1882-1932. –Л., 1934. –с.241-251.
- 28.Малов С.Е. Таласские эпиграфические памятники //Материалы Узкомстариса. Вып.6-7. –М.-Л., 1936. –с.17-38.
- 29.Сыдыков С.Р. Древние надписи в ущельях Кулан-Сай и Терек-Сай //Материалы по общей тюркологии и дунгановедению. –Фрунзе, 1964. –с.102-104.

## **М.М.Бахтыбаев. Талас өзенінің жоғарғы ағысындағы ...**

---

- 30.Батманов И.А. Таласские памятники древнетюркской письменности. –Фрунзе, 1971. – с.16.
- 31.Тенишев Э.Р. Древнеуйгурские надписи Киргизии //Народы Азии и Африки. -1964. №1. -с.146-149.
- 32.Левшиц В.А. Согдийцы в Семиречье: лингвистические и эпиграфические свидетельства //Красная Речка и Бурана: материалы Каргизской археологической экспедиции. –Фрунзе, 1989. –с.78-85.

### **REZUME**

**М.М.BAKHTYBAEV (Turkistan)**

### **THE HISTORY OF THE STUDY “TALAS MONUMENTS” IN THE UPPER REACHES OF THE TALAS RIVER**

Article considers the history of the study “Talas monuments” in the upper reaches of the river Talas identified in the late XIX century, members of the Turkestan circle of fans of archeology and Finno-Ugric expeditions number.

---

---

## РЕЦЕНЗИЯ

---

С. ЖОЛДАСБАЕВ

### ТҮРКІ ДӘУІРІН ТЕРЕҢ ДЕ МАЗМУНДЫ ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСЫЛҒАН ҮЛКЕН ЖАҢАЛЬІҚ

В статье рассматриваются  
китайские источники, описавшие жизни  
тюркского периода (VI-X вв.).

Makalede Çin kaynaklarındaki türkler  
hakkındaki malzemyeler ele alınmıştır (VI-X yy.).

«Ұлы түркі қағанаты Қытай деректері мен түсініктөр» атты бұл кітап 2006 жылы ҚХР Шыңжаң жастар-өрендері баспасынан шыққан. Шыққанына үш жылдай болып кептеу шікір жазылып отыр. Кеп болса да еш болмасын деген жазып отырымыз. Өйткені халқымыздың түскі тарихын зерттеуде кітапта жазылған Қытай деректері басқа елдердің мағлұматтарына қарағанда құндылығы жағынан өте жоғары. Олай болатын себебі түркілердің рулық, тайпалық, ұлыстық, мемлекеттік дәуірлеу кезінен бастаған, Қытай патшаларымен қоян-қолтық қарым-қатынас жасап бірде жеңіп, бірде жеңіліп қатар өмір сүруі. Міне, сол кездегі жағдайлар Қытай патшаларының жылнамаларында жазылып отырган. Олар біз үшін еліміздің түскі тарихын жазып қашына келтіруде табылmas, алтынмен тәң дүниелер. Әрине бұған дейін де Қытай деректері орысшаға (Н.Я.Бичурин, В.Н.Кюнер, Ю.А.Зуев т.б.) аударылып тарихымыздың түскі дәуірін зерттеуге себебін тигізген. Ал бұл кітаптың ең басты құндылығы таза қазақша аударылуы. Түркілердің әдет-ғұршы, салт-санасы туралы орысша жеткілікті түсінік берілмейтін терминдердің қытайшадан тікелей қазақшаға аударылуы, мағынасы өз қалшында берілуі түркілердің халқымыздың тікелей, олардың жалғасы екендігі көрсетеді. Әдет-ғұршыстағы ұқастықтар халқымыздың халық болыш қалыштасу тарихының түп-тамыры ғасырлар теренінде өмір сүрген түріктерде жатқандығын көрсетеді.

Кітапқа Қытай деректерінен 13 жылнама қазақшаға аударылып берілген. Оны аударуға ШҰАР қоғамдық ғылымдар академиясының ғылыми қызметкерлері қатынасқан. Ал кітапты құрастырып деректерді сұрыштау, аудару ғылыми түсініктөрді жазу, ономастикалық атаулардың сөздігін дайындау жұмыстарын Шадман Ахметұлы дайындаған.

Кітапта түріктердің түрік атауының пайда болуынан, Ұлы қағанаттың дәрежеге көтерілуіне дейінгі тарихи жағдайлар Қытай деректері бойынша қамтылған. Қытайлар қалыштасқан дағды бойынша түрік атауын «тужюе» деген бір ғана мағыналық атаумен шектелген. Ал түрік атауының азыздарда айтылуына қарағанда түрік халқының пайда болуы әлдеқайда бұрын болғандығы деректерден байқалады. Мұны деректерде түріктердің өз атымен белгілі болғанға дейін-ақ ұлыс-ұлыстарға бөлініп тұрған.

## С. Жолдасбаев. Түркі дәуірін терең де мазмұнды...

Жаунама жылнамасының 50 бума 42 баянындағы түркі [1] шежіресінде, түрік сөзінің пайда болуымен әulet есімінің қалай Ашына аталғандығы жайлы ақызы көлтірілген. Онда өз алдына ұлыс болыш отырған бір елді көршілес бір мемлекет талқандап кетеді де халқын түгел қырып, бір 10 жасар баланы баласыныш өлтіруге қимай аятын кесіп, шалғынды кең далаға тастап кетеді. Оны бір қаншық қасқыр етпен асырайды. Бала ержетіш қасқырмен жақындасады. Баланың тірі екендігін естіген жау елінің ханы оны өлтіруге тағы да адам жібереді. Жіберген адам баланың жанындағы қасқырды көріп оны да өлтірмек болады. Алайда қасқыр қашып құтылып бір таудың үнгіріне тығылады. Ол сол үнгірде он ұл туады. Эрқайсысының өз науғасы болады. Ашын - солардың бірінің науғасы еді. Олар өсіп ержетіш үнгірден шығып нөнелерге (аварларға) Қазақстан тарихының академиялық басылымының I т. 296 б. осылай аталған) бағынады. Алтынтаудың күнгейін мекен етіп (Қазақстан тарихының академиялық басылымының I т. 296 б. осылай аталған), нөнелерге (аварларға) темірші болды. Кітаптың бірінші бетіндегі Қытай суретшілерінің салған түркі теміршілерінің суреті, Қазақ теміршілерінің темір ұстаханаларынан ешбір айырмашылығы жоқ. Біз мұндай ұстаханаларды Жетісу жерінде жүргізілген палеоэтнографиялық зерттеу кезінде қазақ қыстауларының жанынан тауып зерттегенбіз. Алтынтаудың шіліні дұлығаға келіңкірейтін еді. Олар өз тілдерінде дұлығаны «түрік» дейтін. Осылайша бұл сөз олардың халық атауы болыш қалған.

Дәл осы дерек Сүйнама жылнамасының 84 бума 49 баянында түркі [1. 65-66] шежіресінде қайталанады. Бірақ мұндағы бір ерекшелік «он ұлдың біреуінің есімі Ашына еді. Ол өте ақылды болғандықтан оны хан көтерген. Ол өзінің тегін ұмытпайтындығын білдіру үшін бөрі басы айшықталған туын қақпасына іліп қоятын».

Бұл ақызда Солтүстіктегі әuletter тарихының 99 бумасының 87 баянында қайталанады [1.92-93]. Мұндағы бір ерекшелік Ашынадан кейін Ақын шадтың II.б. ол өз ұлысын басташ үнгірден шығып нөнелерге бағынышты болуы. Уей патшалығының кезінде Елтеміш (ел болу деген ұғым) қаған кезінде құшпейіп нөнелерге қарсы тұруы баяндалған және осы ақызы Жалпы жарғы жылнамасының 197 бума Шекара қорғанысы 13, түркі [1] шежіресінде [1. 311-312] қайталанады. Бұл ақыздағы ерекшелік түріктердің арғы аталары ғұндардың солтүстігіндегі Сақ елінен шыққандығы. Олардың ұлыс абасы Абамбек деп аталуы. Ол 17 ағайынды болған. Оның бірі Іді Нышидада ол қасқырдан туған. Бұл екі әйел алған ... оның бірі бір жолда 4-төрт ұл ташқан. Оның үлкенінің аты Нағыд Түрік шад болған. Халқы оны қолшеметтеп өздеріне көсем етіп, оған Түрік деген атақ береді. Түріктің балаларының барлығы шешелерінің әulet есімімен аталған. Ашына солардың біреуі. Оның лауазымы Ақын шад деп аталады. Ақыздардың айтылуы өзгеше болғанымен түріктердің арғы тегі қасқырдан пайда болды дегенге саяды [1].

314]. Эрине бұлай болуы мүмкін емес, бұл ақыздағы шындықтың түбі ол түріктердің тотемі ретінде қасқырга табынуынан пайда болған. Қазақтарда осы күнгө дейін қасқырга табынуышың бар. Мәселен, қасқырдың атын тұра атамай оны «Бері» немесе «Иткүс» деп атауы. Ал жас балаларға, не жақсы аттарға көз тимесін деп қасқырдың терісінен не көзінен кесіп алыш тұмар жасап тағыш қою әдет-ғұршы осы күнгө дейін сақталып жүр.

Енді ақыздардағы түріктердің тұрғын жерлері мен пайда болған рутайшалары туралы деректерге тоқталып көрейік. Ұинма жылнамасында түріктер – ғұндардың өзге бір тармагынан таралады десе екінші бір жерінде «Түріктердің аргы аталары ғұндардың солтүстігіндегі сақ елінен шықты» дейді. Мұндағы ғұндардың өзге бір тармагынан шықты күмән келтіруге болмайды. Өйткені түріктер қытай жазбаларына іліккен кезде ғұндар тарих сахынасынан әлде қашпан кеткен. Себебі ғұндар тарих сахынасынан кеткенімен олардың туыстығы тарих сахынасынан кетпейді. Ал түріктерді ғұндардың солтүстігіндегі Сақ елінен пайда болған дегенге де құлақ қоюға болады. Жетісу аймағындағы сақтарды зерттеген т.ғ.д. археолог К.Ақышов оларды «Тиграхауда» сақтары [2] деген шікірге келген. Сақтарда ғұндардың бір түрі деп қараймыз. Соңдықтан бұл ру-тайшалар туыстас бір кезде пайда болыш елдік дәрежеге көтерілген кезде жан-жаққа тарай бастаған. Ал Сүиная жылнамасында Түріктердің аргы аталары «Пицляңда» тұрған кірме хулар еді» дейді. Бұл хулар деп қытайлар ғұндарды жаратпаған түрде айтыш түріктерді де соларға теңеп отырғаны. Ал соңғы Уей әулетінің патшасы Тәй-у «сақтарды» жойғанда Ашына 500 отбасымен нөнелерге кірімталь болды» дегенге қарағанда сақтармен көрші отырған түріктер туралы айтылып отырғандығы байқалады. Бұл хабарлардан да байқалатыны ғұн, сақ, түрік тайшаларының көрші отырған ежелгі дәуірлерден көршілес туыстас тайшалар екендігіне дау жок.

Солтүстіктең әулеттер тарихының жылнамасы бойынша да түріктерді ғұндардың өзге бір тармагы болса керек дейді. Ал екінші бір жерде Түріктердің аргы аталары ғұндардың солтүстігіндегі Сақ елінен шыққандығы және қайталанады. Қайталану олардың түп негіздері туыстықты байқатса керек. Ал Жалпы жарғы жылнамасы VIII ғасырдың екінші жартысымен IX ғасырдың аралығында жазылған тәрізді. Қайталанады.

Енді келпірілген жылнамалардағы түріктердің әдет-ғұршы, салтсанасы, мәдени жағдайлары туралы қарастырайық. Бұл мәселені де кітаптан алынған жылнамалардағы реттік кезімен жазалық. Алғашқы Жоунама жылнамасы бойынша, түріктер салты бойынша шаштарын жайып жүреді, шапанын оңдан солға қарай түймеленеді. Қытайлар солдан оңға қарай түймеленеді. Бұл екі елдің ерекшелігін көрсетеді. Ал біздерде осылай солдан оңға қарай түймелейміз гой. Бұл өзгеріс қашпан пайда болды? Түріктер күмбез пішінді киіз үйде тұрады. Судың тұнығын, шөптің сонысын куыш, көпшіл жүреді. Мал шаруаптылығымен, аң аулаумен шұғылданады. Қарттарды сыйламайды, қару-қайраты бар жастарды құрметтейді. Бұған келісуге

болмайды. Өйткені егер біз қазақтар тұріктердің тікелей жалғасы екендігімізді мойындасақ онда қазақтың ұлкенде сыйлау, күрметтеу ғұршын қайдан алдық. Соңдықтан қытайлардың бұлай айтулары шындыққа жанаспайды. Ар-ұяты кем, ежелгі ғұндар сияқты әдел-иба, әділдік дегендерден жүрдай. Мұндай шікімен де келісуге болмайды. Елбасыларын алғаш таққа отырғызғанда жасауылдары мен мәртебелілері оны кигізге отырғызып, құн қозғалысы бағытымен тоғыз рет айналады. Әр айналғанда Қарашибалар (қарашибал жәй адамдар - С.Ж.) оған тағым етіп отырған. Мұнан кейін оны атқа мінгізіп, мойның торғынмен орап демі үзілмейтіндей дәрежеде қылқындырады, «неше жыл қаған боласың?» деп тосын сұрайды. Есендірекен елбасы нақты айтальмайды... Бұл сұрауга мәртебелілер шамамен жауап беретін. Ең ірі ұлығы яғбу, одан кейінгісі шад, одан кейінгісі тегін, одан кейінгісі елтебір, одан кейінгісі тудынбер барлығы төмөнгі шендермен қосқанда 28 дәреже. Мұндағы елбасын сайлау туралы жазылған дерек біздің халқымыздығы хан сайлаумен ешбір өзгеріссіз бірдей деп айтуда болады. Бізде ақ кигізге отырғызады. Ал әлеуметтік сатылардың атаулары өзгеріске түсken. Олардың 28 дәрежеде болуы тұrіктерде мемлекеттік басқарудың болғанын толық көрсетіп тұр. Қаған Өткен (Монголия жеріндегі Қаңғай тауы) тауында тұргылықты. Оның ордасының есігі шығысқа қаратылады. Бұл күннің шығуына еткен құрмет болуы керек. Мұндай әдет - есікті шығысқа қарату қазақтарда бар. Олар жыл сайын өзінің мәртебелі адамдармен аталарының үнгіріне барып құрбандық шалады. Ал мамырдың оргасында Тарын өзенінде көк тәңіріне тасаттық беріш табынады... Тұrіктердің жазулары хулардікіне үқсайды (сақтарды айтады). Бізде табылған Алтын киімді адамның жанынан табылған жазуды тюроколог А.С.Аманжолов сақтардікі деп оқыған. Шамасы тұrіктер жазуды сол сақтардан жалғастырған болу керек. Бірақ жыл қайырып, құн есептеуді білмейді де жердің неше рет көктегені бойынша жыл есебін шығарады. Бұл да дұрыс емес, тұrіктер жыл қайыруды жаксы білген.

Деректерде тұrіктердің қару-жарактары туралы жазылған ол қазақтардікімен бірдей. Туларына берінің басының суретін салыш қояды, жасауыл сарбазды бөрі деп атаған. Бұл бөріге тотем регінде табынуды көрсетеді. Алтын үшты жеңе мен балауызды мөрді күәлік ретінде пайдаланған. Тұrіктер өздерінің ата заңдары бойынша; бұлік шығару, кісі өлтіру, біреудің әйелін зорлау, тұсалған аттың тұсамыс шідерін бұзып ат үрлау өлім жазасымен жазаланған. Біреудің қызын зорласа, оған заттай ауыр айыш төлетеді және оған сол қызға үйленуге мәжбүр етеді. Адамды үрш закымдағандар закымның ауыр-жеңілдігіне қарай заттай құн төлейді. Ат немесе басқа зат үрлаушы сол үрлаган нәрсенің құнын он есе етіп қайтарады. Мұндай жазалар қазақтарда да бар. Өлген адамды киіз үйге жайғастырады. Балалары, немерелері, туыс-туғандары ер-әйел демей құрбандыққа жылқы, қой шалыш, етін әруаққа атап есіктерінің алдына жаяды да атқа мініп, үйді жеті айналып шығады, сонан үйге кірерде беттерін теміртекшен жыртып

дауыс шыгарады, қан мен жас қосыла төгіледі. Мұндай әдет-ғұрыштар біздің халқымызда XX ғасырдың 30-40 жылдарына дейін сақталған. Мен өзім бала кезімде Ұлы Отан соғысына кетіп қаза болғандарды естірткенде әйелдері бетіш жыртыш, шаштарын жүлғандарды өз көзіммен көргем... Күннің сәтін таңдаң, өлген адамның өзі мінген атың, тұтынған мұлқін оның денесімен бірге өртейді, белгілі бір мезгілде жерлейді. Қоктемде не жазда өлген адамды ағаштар мен өсімдіктердің жапырағы сарғайған кезде немесе тусе бастағанда, ал күзде не қыста өлген адамды гүлдер бүршік жара бастаған кезде жерлейді. Жерлеу кезінде өлген адамдардың туыстары дәл өлген күндегідей тасаттық беріп атпен шашқылаң, беттерін жыртады. Қабір басына тас қойыльш белгі орнатылады. Қойылған тастың саны өлген адамның тірі кезінде өлтірген адамының санына қарай болады. Жеріміздегі археологиялық зерттеулерден түрік дәүірінде адамдарның обаларында жоғарыда жазылған жерлеу ғұрыштары толық байқалған. Құрбандыққа шалынған қой мен жылқылардың бастиары түгел белгіге ілінеді. Бұл күні ерлер де, әйелдер де бір киерлерін иығына іліш қабір басына жиылады. Егер сол тоptан жігітке бір қыз ұнаса, ол қайтыш барған соң қыз үйіне құда түсуге адам жібереді. Мұндай жағдайда көп ретте қыздың ата-анасы қарсы болмайды. Экесі (ағасы) әкесінің аға бауыры қайтыс болса, баласы, інісі және аға бауырларының баласы өгей шешесіне, жеңешесіне, жеңгесіне үйлене береді. Тек ұлкендері өздерінің баласы есепті адамдардың жесірмен шатасуына болмайды. Қазақта әменгерлік деген салт осы түріктерден сақталған төрізді. Олардың тұрақты орын тәркен мекені жоқ. Бірақ әрқайсысының өздеріне тиесілі жерлері болады. Бұл жерде жартылай көшшелі өмірді көруге болады. Өздеріне тиесілі жері деп жазылуы жазда, қыста тұрақты, жаз жайлауы, қыс қыстаулары болғандықты көрсетеді. Ал күз, қоктемде де өздерінің тиісті көктеу-күзеулерінде отырыш, көктеуде мал төлдетсе, күздеулерінде мал қырқыш қойларын күйектен өткізген. Ал мұндай өмірді түсінбеген қытайлар мен Европа ғалымдары түріктерді де, қазақтарды да жашпай көпшіл жүрген деп жазады.

Түріктердің әдет-ғұршы Суйнама жылнамасында да қайталанады. Мұнда түріктердің ет жеп ақ ішетіні, теріден тігілген, жұннен тоқылған киім киетіні айтылады. Қару-жарақта мүйізбен нақышты садақ, ыскырма оқ, сауыт туралы қосылған. Мүйіз нақышты садақ төрізді сүйекпен нақышташ жасалған садақ Алматы қаласы жанынан түрік обасынан табылған. Ерлері Чупу дейтін ұтысты, әйелдері доп ойнаганды ұнатағы. Чупу ағаштан жасалып, сүйек-мүйізбен әшпекайленген бес таспен ойнағандықтан «бесағаш» деп те аталады. Ал доп былғарыдан тігіліп ішіне жұн толтырылып, теуіш ойнайды. Суйнамада түріктердің қымызды мас болғанша ішетіндерін, одан кейін даурығыш елең айтатындарын жазған. Бұл қазақтарда болатын жағдай. Жыншайтан дегендерден қорқады, әруақты сыйлайды, бақсыға сенеді. Соғыста өлгенді даңқ, ауырыш өлгенді намыс санайды. Олардың салты жалпы ғұндармен бірдей.

## С. Жолдасбаев. Тұркі дәуірін терең де мазмұнды...

Солгүстіктегі өулеттер тарихының жылнамасындағы деректер де қайталау. Мұнда қабірдің басына қада орнатылып, үй тұрғызылады, үйдің ішіне өлген адамның бейнесі және оның тірі кезінде өткізген шайқастары бағындалған суреттер салынатыны туралы жазылған. Бұл хабарға қарағанда тұріктерде сурет салу өнері болғандығы байқалады. Жазулары хулардікіне ұқсайды деп жазылған. Бұл туралы жоғарыда жаздық.

Жалпы жарғы жылнамасындағы деректерде қайталағанады. Мұнда да тұріктердің салты байыргы ғұндармен бірдей дейді. Алайда жазуы жоқ деп жазған. Ал кейбір деректерде жазуы хулардікіне ұқсас делінген. Қагашың Өткүен тауышда тұрғылықты тұратыны және қайталағанады. Оның жыл сайын өзінің мәртебелі адамдарын бастаған, аталарының үңгіріне барып құрбан шалатындығы, ал мамырдың ортасында Тарын өзенінде көк тәңіріне тасаттық беріп табынатындары жазылған. Сонымен тұріктердің көкке, тәңірге табынуы ата-бабалар әруағына сыйыну сияқты діни наным-сенімдердің бүгінгі халқымызда сақталуы әдет-ғұрыштың ежелгі дәуірлерден бері қарай сақталып келе жатқанына ешбір дау жоқ. Қазақ халқында тәңір берсін, көк жарылқасын деп алғыс айтса, Тәңірберген деген атта қойылған. Ал қарғаса көк соқсын, тәңірбүйірмасын деп реніш білдірген.

Кітапта тұріктер мен қытайлар арасындағы саяси қарым-қатынастар туралы деректер ете ырғын берілген. Материалдар тұріктердің ұлыс-ұлыс болыш тұрган кезінен мемлекеттік дәрежеге көтерілген кезіне дейін, одан батыс, шығыс Қағанат болыш боліну кездеріндегі қытай елімен болған саяси және әлеуметтік қатынастардың мән жайы толық беріліп отырған.



1-сурет.



2-сурет.

Түріктер мен қытайлар арасындағы қарым-қатынас 545 жылы басталған. Оны Қытайдан түрік ұлсына келген елшілктен байқауға болады. Қытайдың Тәйзу патшасы түріктерге өзінің елшісін жібереді. Осы елшіні түрік елі зор қуанышпен қарсы алып былай дейді: «Бүгін ұлы қағанаттан (Қытай патшалығын айтыш отыр) елші келді, енді еліміз көркейетін болды» деп түркілердің ел-жүрті бірін-бірі құтықтаған қуанған. 546 жылы Тамын жергілікті бұйымдарын Қытай патшасына таргу етуге елшісін жіберген. Міне осы кезден бастап екі елдің арасында дипломатиялық байланыс басталған тәрізді. Тамын біздің академиялық баспадан шыққан «Қазақстан тарихының I томында орхан жазуы бойынша «Бумын» аталып жүр. Осы Тамын Анагүйді жеңген соң өзін «Елтеміш» қаған деп атаған, ол ел қағаны деген сөз. Бұл ғұндардың «Тәңіркүтімен» бірдей. Ал тәңіркүты деген сөз «Тәңір ұлы», «Кектің ұлы» деген мағына береді. Ал Тұмын қаған өзінің әйелін «Қатүн» деп атаған. Бүгінде қазақтар «қатын» сөзін «әйел» сөзімен сышайы түрде айтыш жүр. Деректе қатын сөзі ежелгі «Әтшеге» тен дейлген. XIX-XX гасырдың басында «Әтшеге» сөзі айтылатын, бүгінде әдеби шығармаларда «Әтшесі» әйелі деген сөздер кездесіш қалады. Біздің «тәңір», «қатын», «әтшеге» сөздерін ғұндардан түріктерге, түріктерден бізге дейін жетіп айттылып журуі халқымыздың түп негізі қайдан басталатынына ешбір дау болмайтындығын көрсетеді.

Алайда аңыз бойынша түріктердің пайда болғаны және олардың тарихын Ашынадан бастау шындыққа тура келмейді. Өйткені жылнамалардың бірінде түріктер ғұндардың өзге бір тармағынан таралады десе, екінші бір деректе ғұндардың солтүстігіндегі сақ елінен шыққан делінеді. Ал Суйнама жылнамасында «кірме хулар» еді дейді. Бұл

## С. Жолдасбаев. Түркі дәуірін терең де мазмұнды...

деректерден шығатын тұжырым түріктердің ғұндардың туыстас аталас рутайшалар болғандығын көрсетеді. Түріктердің қытай жазба деректеріне кейін түсінің ғұндар тарих сахынасында беделі күшті болыш тұрған кезде түркілер еленбекен, ол кезде олардың аты да анызға шықпаған. Ал ғұндар солтүстік батысқа қарай ауганда, тарих сахынасына түріктер көтерілген деген ой туады. Енді олар нөнелерге бас көтеріш, өздерінің тәуелсіздігіне ие болғаннан кейін ұлы қорғанға қарай жылжып ғұндардан босаған жерлерге ие болыш Қытай патшаларымен қарым-қатынас басталады. Оны Бумын қағанның Қытай патшасының қызына үйленуінен байқауга болады. Бұдан кейін түрік қағандары да Қытай патшаларының қыздарына үйленіп саяси қарым-қатынас үзілмеген. Қытайдың Жоу Чи патшалықтары Таспар қағанмен қарым-қатынас кезінде оған (Таспар қағанға) жақсы көріну үшін бірімен-бірі бәсекелесте болыш, оған (Таспарға) сыйлық ретінде қазыналарын аямаған. Бұған масаттанған Таспар қол астындағыларға «Күңгейдегі екі ұлым (екі патшалықты айтады) аман болса, маған деген адалдықтарынан айнымаса еш нәрседен кемдік көрмеймін деген мақтанушы еді».

Түрік қағанатының екіге бөлінуі Мұқан қағанның ұлы Төременнен басталса керек. Осы бөлінуден кейін бұлар да Қытай патшасына жағыну үшін өздерінің сый-сыраштарын жіберіш, қолдау көрсету үшін күш сұрап отырган. Қытай патшалары түріктердің мұндай сұраныстарына қолдау көрсетпеген. Бірақта екеуінің бірігіш кетпеуіне көңіл бөліш, олардың іс-әрекеттеріне бақылау жасап отырган. Ал түрік қағандарына қыздарын бергенде оларды жансыздар ретінде ұстаған. Мұндай әрекет Үйсіндер кезінен белгілі. Егер патшалар өз қыздарын бергісі келмесе не қыздары болмаса онда өз сарайларындағы қыздарды өз қыздары деген ұзатыш, оларға жансыздық жасау жолдарына әдіс-тәсілдерді үйретіш жіберіш отырган.

Түрік қағандарының күштерін Қытай патшалары өздерінің көрші елдеріне жорық жасағанда пайдаланып отырган. Мәселен Кореяға аттанғанда түрік қағандары Қытай сарбаздарымен бірге болған.

Кітапты пайдаланғанда кездесетін қындықтар: Біріншіден қытай мен түріктер арасындағы жақын тұрған жерлердің картасын берген дұрыс болар еді. Өйткені жер аттары берілгенде олардың қай жерде екендігін білу мүмкін емес. Екіншіден қытай патшаларымен түрік қағандарының кестесін берген дұрыс болар еді. Өйткені қайсы патшаның кезінде қайсы қағанның қатар болғанын білш кестеден қараң отырган кітаптың ғылыми жағын игеруге ынғайлы болар еді. Үшіншіден кітапта қазақша түсінуге қыын сөздер көштеп кездеседі. Сол сөздердің жаңына жақшаның ішіне түсінікті сөздерін жазу керек еді. Мәселен: 98 б. «Шырамана», «Вишакака», «Копшір», «Наз науша», (105 б.) «Тұрбасы болған», (160 б.) «Жынгуау» (160 б.), «Наугасы» (160 б.), «Құмбел» (23 б.), «Анкос» (264 б.), «барануас» (267 б.), «Төбенай» (255 б.), «Жебеуіл» (255 б.), «Көктеуіл» (254 б.), «аду тоқсауы» (254 б.), «бесіркін» (254 б.). Мұндай қыын сөздер көштеп кездеседі. Осы сөздердің жаңына жақшаның ішіне түсінікті қазақшасын жазса жақсы болар еді.

Мұндай кемпіліктеге қарамастан бұл кітаптың халқымыздың тарихын зерттеушілерге берер пайдасы өте зор. Екінші бір ескертетін жағдай түрік зираттарынан шыққан археологиялық материалдардың суреттерінің берілуі қазақ халқымынан бұйымдарымен ұқсастығы бір өзеннің екі жағасындаған бірін-бірі қайталаң отыргандай. Әсіресе түркі белбеулері мен үзенгілері (С) бір-біріне өте ұқсас. Ал Қытай суретшілерінің салған түрік теміршілерінің суреті (С) дәл XIX-XX ғасырлардағы қазақ темір ұсталарының ұстаханаларынан ешбір айырмашылығы жоқ. Ондай ұстаханаларды мен өзім бала күнімде XX ғасырдың 50-жылдарында ауылымыздан көрген едім. Ал Жетісу аймағында археологиялық зерттеу жұмыстарының кезінде сондай ұстаханалардың орындарын тауыш зерттегенді.

Қорытындылай келгенде түркілер дәүірінен қалған рухани, мәдени, материалдық, әдет-ғұрыш, салт-сана біздің халқымызда толығымен сақталған. Сондықтан да халқымыздың халық болыш қалыптасуы, оның түп-тамыры ежелгі түркілерден қалыптасып бізге жеткендейміз. Қытай деректерін алғаш рет қазақшаға аударып қазақ тарихшыларына мүмкіндік туғызған ғалымдарға үлкен раҳметімізді айтамыз.

**ӘДЕБІЕТТЕР**

1. Ұлы Түрік қағанаты. ҚХР Шынжаң жастар ерендер баспасы. Үрімжі 2006, 27-28 бб.
2. К.Ақиșев, Кушаев. Древная культура саков и усуней долине реки Или. А., 1963

**REZUME**

ZHOLDASBAEV S. (Turkistan)  
**BIG NEWS FOR SUBSTANTIAL AND DEEP STUDYING THE TURKIC PERIOD  
(VI-X cc.)**

The article deals with the Chinese sources describing lives of Turkic period (VI-X cc.).

## МАЗМУНЫ, СОДЕРЖАНИЕ, ІСЕРІК, CONTENTS

### ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

|   |  |       |
|---|--|-------|
| <i>Бекжан О.</i> (Түркістан)                | Есік жазуына 2009 жылғы түзетпе жөне ондағы жаңа ұсақ жазудың мағынасы<br>Поправки к чтению Иссыкского письма, исполненные 2009 году, и значение новоизвестных неизвестных мелких письменных знаков на серебряной чашечке.   | 3-35  |
| <i>Bekjan O.</i> (Türkistan)                | Esik yazısına 2009 yılında yapılan düzeltme ve ondaki Küçük yazılının anlamı<br>Executed in 2009, and the importance of these newly unknown small characters written on a silver cup   |       |
| <i>Жұмагұлов Җ.</i><br>(Қыргызстан)         | Некоторые вопросы интерпретации Таласских памятников древнетюркской письменности<br>Көне түркі жазба ескерткіпі Талас жазуын зерттейдің кейбір мәселелері  | 36-47 |
| <i>Jumagulov Č.</i> (Кыргызстан)            | Eski Türk yazılarından Talas abidelerinin bazı meseleleri<br>Some questions interpretation Talas monuments of the ancient turkic writing   |       |
| <hr/> <b>ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ</b> <hr/> |  |       |
| <i>Манчурина Л.Е.</i> (Якутск)              | Стилеобразующие конструкции устного поэтического синтаксиса якутских алгысов: <i>обращения</i><br>Якут ауыз әдебиетіндегі поэтикалық синтаксис күрамындағы алғыс-қаратшалардың ауыз әдебиетінің жанрлық стилін айқындаушы құрылымдары  | 48-56 |
| <i>Manchurina L.E.</i> (Yakutsk)            | Yakut sözlü edebiyatu poetik sentaksisindeki şükran ve hitap kelimelerinin sözlü edebiyattaki janr tarzını belirten bünyeleri<br>Stylistics constructions of oral poetic syntax Yakut alrys: references  |       |
| <i>Құмарұлы Я.</i> (Үрімжі)                 | «Кас» (каш) тубірі жөне өзен-су аттары   | 57-66 |
| <i>Qumaruly (Urumci)</i>                    | Корень «кас» (каш) и названия рек и озер<br>Has (Haş) kelimesi ve nehir, su adları<br>The root of 'kas' (kash) and names of rivers and lakes   |       |
| <i>Байниязов А.</i> (Түркістан)             | Түрк тілдері сөздіктерінде етістіктердің атап сөз репінде берілу жайы<br>О видах и способах передачи глаголов в реестрах тюркоязычных словарей   | 67-71 |
| <i>Baynıyazov A.</i> (Turkistan)            | Türk Dilleri Sözlüklerinde Fillerin Madde Başı Olarak Verilmesi Üzerine<br>The usage of verb items in dictionaries of turkish languages  |       |
| <i>Жұмашова Ж.А.</i> (Алматы)               | Жеті ата тіркесімен келетін тұрақты сөз тіркестерінің ағылышын тіліне аударылу мәселесі<br>Проблемы перевода на английский язык устойчивых словосочетаний встречающихся с сочетанием жети ата "Yedi dede" tamlaması ile verilen söz takımı ingiliz diline tercüme etme meselesi<br>Problem of translation of stable phrases into english with a combination of 'zheti ata' | 72-79 |
| <i>Jumashova J.A.</i> (Almatu)              |  |       |

---

---

## ӘДЕБІЕТ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

---

|                                       |  |         |
|---------------------------------------|--|---------|
| <i>Жаздықбаева Р.</i> (Түркістан)     | Б.Кенжебав – түркішілдік идеясын жаңғыртушы<br>Б.Кенжебаев – воспроизводитель идеи тюркизма  | 80-84   |
| <i>Jazdiqbayeva (Türkistan)</i>       | B.Kenjebayev - türkçilik anlayışının devam ettiren şahsiyet<br>B.Kenzhebayev - replicator idea turkism   |         |
| <i>Аймұхамбетова Ж.</i><br>(Астана)   | «Дайын» діні-мифологиялық сюжет және оны<br>көркемдік корыту<br>Религиозно-мифологический сюжет «дайын» и его<br>художественное заключение   | 85-91   |
| <i>Aimukhambetova ZH.</i><br>(Astana) | ‘Hazar’ dini-mifolojik kompozisiyonu ve onun poetik sonunu<br>Ready mythical plot and artistic analysis  |         |
| <i>Қылдыр Т.</i> (Түркістан)          | Ахмет Таразидың «Фунун-е балаға» (ХV г.) атты теориялық<br>еңбегіндегі түркі әдебиетіндегі алар орын<br>Место в тюркской литературе теоретического произведения<br>Ахмеда Тарази «Фунун-е балаға» (ХVв.)   | 92-97   |
| <i>Kidir T.</i> (Türkistan)           | Ahmet Tarazi'nin «Funun-e balaga» (XY y.) adlı teorik eserinin<br>TÜRK edebiyatındaki yeri<br>Place in Turkish literature of theoretical works of Ahmed Tarazi<br>“Funun-e balaga” XV century  |         |
| <i>Кенжеғараев Н.</i> (Алматы)        | XVI ғасыр қазақ поэзиясындағы сопылық дәстүр<br>Суфийская традиция суфизма в казахской поэзии XVI в.   | 98-110  |
| <i>Kenceğarayev N.</i> (Almati)       | XVI asırındaki şiirindeki tasavvuf geleneği<br>The sufi tradition of Kazakh poetry in XVI c.   |         |
| <i>Жапузақова К.</i> (Алматы)         | Мифопоэтикалық парадигмалардың романтизмнің<br>эстетикалық жүйесіндегі көркемдік функциясы<br>Художественная функция эстетической системы<br>романтизма мифопоэтических парадигмов   | 111-117 |
| <i>Japuzagova Q.</i> (Almati)         | Efsanevi-ahlakî emsilelerin romantizm estetik sistemindeki<br>sanatsal fonksiyonu<br>Art aesthetic function of romanticism myth poetical paradigm  |         |
| <i>Davut B.</i> (Türkistan)           | Sezai Karakoç ve İlkinci Yeni Şiiri<br>Сезай Каракоч және Екінші Жаңа өлең   | 118-125 |
| <i>Давут Б.</i> (Түркістан)           | Сезай Каракоч и Новая Вторая стихотворение<br>Sezai Karakoç and Second New   |         |
| <i>Молотова Г.М.</i> (Алматы)         | Вопрос возникновения версий дастанов у тюркских народов<br>Центральной Азии (сравнительный анализ казахского и<br>уйгурского версий «Йусупбек-Ахметбек»)<br>Орталық Азия түркі халықтарында айтылатын дастандар<br>нұсқаларының пайда болуы («Йусупбек-Ахметбек»<br>дастанының қазақ және үйғыр нұсқаларының салыстырмалы<br>таддау) | 126-133 |
| <i>Molotova G.M.</i> (Almati)         | Orta Asya Türk halkları destanlarının nüshalarının çıkış meselesi<br>(‘Yusufbek-Ahmetbek’ destanının analizi))<br>The question of versions of poem in turkic peoples of Central<br>Asia  |         |

|                               |  |         |
|-------------------------------|--|---------|
| <i>Жұмабайұлы Б. (Үрімкі)</i> | Қытайдағы қазақтар арасындағы «Қозы көрпеш –<br>Баян сұлу» жырының нұсқалары<br>Варианты песни «Козы корпеш – Баян сулу» среди казахов<br>Китай                | 134-143 |
| <i>Jumabayulu B. (Urumci)</i> | Çin kazakları arasında söylenen 'Kozi Körpeş-Bayan sulu'<br>destanının nüshaları<br>Options for the song 'Kozi korpesh – Bayan sulu' among<br>Kazakhs of China |         |

---



---



---

**ЭТНОМЭДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТЫҚ ТАНЫМ**

---



---

|  |   |         |
|--|---|---------|
| <i>Ақамов А.Т.<br/>Абдуллатипов З.Б.<br/>(Махачкала)<br/>Akamov A.T.<br/>Abdullatipov Z.B.<br/>(Mahaçkala)</i> | Исламские мотивы в творчестве Ибрагима из Эндирая<br>Ибрагим Магомедулы шығармаларындағы діни сарындар<br>Endiri'lilik İbrahim'in eseklerindeki İslami motifler<br>Islamic motifs in the works of Ibrahim Endirei | 144-148 |
| <i>Мемі Т. (Астана)</i>  | "Кердери" этномедениетінің мәселелері   |         |
| <i>Mamı T. (Astana)</i>  | Вопросы этнокультуры «Кердери»<br>'Kerdeni' etnokültürüün meseleleri<br>Problems of ethnic culture 'Kerdeni'  | 149-155 |

---



---

**АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР**

---



---

|                                   |  |         |
|-----------------------------------|--|---------|
| <i>Бахтыбаев М.М. (Түркістан)</i> | Талас өзенінің жоғарғы ағысындағы<br>көне түркі жазба ескерткіштерінің зерттелуі<br>Из истории изучение «Таласских памятников»<br>верхнего течения реки Таласа | 156-167 |
| <i>Bahubayev M.M. (Türkistan)</i> | Talas yazılılarının tarihi araştırmaları<br>The history of the study "Talas Monuments" in the upper<br>reaches of the Talas river                              |         |

---



---

**РЕЦЕНЗИЯ**

---



---

|                                  |   |         |
|----------------------------------|---|---------|
| <i>Жолдасбаев С. (Түркістан)</i> | Түркі дәуірін терең де мазмұнды зерттеуге қосылған үлкен<br>жағдайлар<br>Большие новости для содержательного и глубокого<br>изучения тюркского периода (VI-X вв.) | 168-177 |
| <i>Joldasbaev S. (Türkistan)</i> | Türk dönləmini derinlemesine ünceləmeye yönelik büyük yenilik<br>(VI-X yy.)<br>Big news for substantial and deep studying the turkic period (VI-<br>X cc.)        |         |

Редакцияның мекен-жайы:  
487010, Қазақстан Республикасы, Түркістан қаласы  
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Фылым Оргалығы, Н.Назарбаев көшесі, 8<sup>а</sup>  
“Түркология” журнальның редакциясы, 4-бөлме.  
Тел.: (8-32533) 6-38-01,  
Факс: (8-32533) 6-38-01

E-mail: [turkologi@mail.ru](mailto:turkologi@mail.ru)

Журналдың электрондық нұсқасын [www.turkistan.kz](http://www.turkistan.kz) сайтынан оқуға болады.

Журнал Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің “Тұран” баспаханасында көбейтілді.

Колжазба қайтарылмайды.  
Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның  
көзқарасын білдірмейді.

Техникалық редактор Ж.Танауова

Көлемі 70x100 1/16. Қағазы офсеттік.  
Шартты баспа табағы 11,5.  
Таралымы 500 дана. Тапсырыс.